

Қазақ тілін оқытуға арналған
оқу-әдістемелік кешен

ҚАЗАҚ ТІЛІ

САРЫАРҚА – 2

Мемлекеттік қызметшілер мен ересектерге
арналған оқу құралы

A2 базалық деңгей

Қарағанды, 2016

ӘОЖ 821.512.122 (075)
Ж21

Қазақ тілін оқытуға арналған оқу-әдістемелік кешен Қарағанды облысының әкімдігі Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Авторлары:
Ж.Р.Жақанова, Д.М.Жұмагелдина, А.А. Игенова

Пікір жазғандар:
Ш.Ш.Жалмаханов, филология ғылымдарының докторы, профессор
Ш.М.Мәжітаева, филология ғылымдарының докторы, профессор;

Жауапты редакторы
Ж.Р.Жақанова

Көркемдеуші дизайнер
Ж.М.Мухаметжанов

Ж21 Жақанова Ж. Р.
Қазақ тілі. Базалық деңгей: Оқу құралы
Ж.Р.Жақанова, Д.М.Жұмагелдина, А.А.Игенова
Қарағанды: 2016. – 148 бет.

ISBN 978-601-7373-72-6

Қазақ тілін базалық деңгейде меңгеруге арналған оқу құралы тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім әрекеттері арқылы қазақ тілінде сөйлеу және жазу дағдысын қалыптастырады.

Оқу құралы қазақ тілін үйренуші мемлекеттік қызметшілер мен ересектерге және барлық тіл үйренушілерге арналған.

ӘОЖ 821.512.122 (075)

ISBN 978-601-7373-72-6

© Қарағанды облысының әкімдігі Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы, 2016

АЛҒЫСӨЗ

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: «Тәуелсіздік – Алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгіміз бар, оның біріншісі – Елтаңба, екіншісі – Әнұран, үшіншісі – көк байрақ, төртіншісі – қазақ тілі» деген сөзі мемлекеттік тіліміздің ерекше мәртебесін көрсетсе керек. Тіл саясаты – мемлекеттің саясаты, ол егеменді еліміздің берік арқауы. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, қолдану аясын кеңейту, оқыту курстарының жұмысын жандандыру мақсатында бүгінгі күнге дейін көрнекті ғалымдар мен тәжірибелі әдіскерлер тарапынан қазақ тілін оқытуға арналған оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдары үздіксіз жарық көруде. Солардың қатарында 2008 жылы Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының тапсырысымен әзірленген «Сарыарқа» оқу-әдістемелік кешенін атауға болады. Аталмыш өнім өз кезінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті тарапынан республикалық деңгейде таратылып, оқытушы-әдіскерлер, жалпы тіл үйренушілер тарапынан оң бағасын алған болатын. Алайда, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттауға қатысты нақтылы міндет қойылғаны және аталған міндеттің көпдеңгейлі ҚАЗТЕСТ стандарты негізінде жүзеге асырылатыны ескеріле келе, үшдеңгейлік «Сарыарқа» оқу-әдістемелік кешенін стандарт талабына сәйкестендіріп, толықтырулар енгізіп, қайта әзірлеудің қажеттігі туындады.

Мемлекеттік қызметшілер мен ересектерге арналған «Сарыарқа – 2» оқу-әдістемелік кешені бесдеңгейлік (А1 – Қарапайым деңгей, А2 – Базалық деңгей, В1 – Орта деңгей, В2 – Ортадан жоғары деңгей, С1 – Жоғары деңгей) ҚАЗТЕСТ стандарты негізінде әзірленген облыс көлеміндегі бірден-бір әдістемелік кешен. 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында кешеннің А1 – Қарапайым деңгейге арналған оқу құралы мен жұмыс дәптері әзірленді. Енді, міне, Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының тапсырысы бойынша А2 базалық деңгейдің оқу құралы мен жұмыс дәптері әзірленіп отыр.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік кешен өзінің мазмұны мен мақсаты бойынша уақыт талабын ескерген әдістемеліктер қатарын толықтырады. Осы кешеннің қолданысқа енуі тіл үйренушілердің қазақ тілін тұрмыстық деңгейде меңгеріп қана қоймай, ҚАЗТЕСТтің тестілеуінен өтуіне де оң ықпалын жасамақ. Әзірлемеші авторлар оқу құралдарына қойылатын талаптардың үдесінен шығып, тіл үйретудің әлемдік тәжірибесінде маңызды болып табылатын сөйлеу әрекеті түрлері бойынша деңгейлеп оқытудың халықаралық тәжірибелерін ескерген.

Жаһандану заманында ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші ұлттық құндылықтарды құрметтеп, сақтай алу деңгейімен өлшенетіні белгілі. Ендеше, «Сарыарқа – 2» оқу-әдістемелік кешенінің оқу құралы мен жұмыс дәптері барлық тіл үйренушілердің басты байлығымыз мемлекеттік тіл – қазақ тілін оқуға деген ынтасын оятып, қазақ тілінде сөйлеушілер қатарын арттыруға, өңірдің тілдік ахуалын жақсартуға үлесін қосатын еңбектер қатарында танылсын деп тілейік!

**Г.Қаңтарбекова,
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасы басшысы**

?

Мазмұны

I модуль. ТАНЫСУ

1-сабақ. Танысу	6
2-сабақ. Отбасы мүшелері.....	9
3-сабақ. Менің мамандығым	12
4-сабақ. Лауазымдық міндеттері	15
5-сабақ. Менің жұмыс күнім	18
6-сабақ. Уақыт	21
7-сабақ. Сағат.....	24

II модуль. ОҚУ-КӘСІБИ САЛА

1-сабақ. Өтініш және оның түрлері	27
2-сабақ. Ресми өмірбаян	30
3-сабақ. Кеңесте	33
4-сабақ. Тоқсандық жоспар.....	36
5-сабақ. Кәсіби шеберлік	39
6-сабақ. Біздің ұжым	42
7-сабақ. Кәсіби мерекелер	45

III модуль. ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

1-сабақ. Адам келбеті	48
2-сабақ. Әріптесіме мінездеме	51
3-сабақ. Спорт – денсаулық кепілі	54
4-сабақ. Бірінші байлық – денсаулық.....	57
5-сабақ. Салауатты өмір салты	60
6-сабақ. Белсенді демалыс.....	63

IV модуль. ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ САЛА

1-сабақ. Менің қалам.....	66
2-сабақ. Кітапхана	69
3-сабақ. Мұражайда	72
4-сабақ. Театрда	75
5-сабақ. Қазақ киносы.....	78
6-сабақ. Концертте.....	81
7-сабақ. Менің сүйікті әншім.....	84

V модуль. АС. КИІМ. ТАЛҒАМ

1-сабақ. Асүй бұйымдары	87
2-сабақ. Қазақтың ұлттық тағамдары	90
3-сабақ. Қонақжайлық.....	93
4-сабақ. Қазақтың ұлттық киімдері	96
5-сабақ. Қазақ сәнгерлері.....	99
6-сабақ. Сұлулық салонында.....	102

VI модуль. ЕЛТАНЫМ

1-сабақ. Менің елім – Қазақстан	105
2-сабақ, Мемлекеттік тіл – менің тілім	108
3-сабақ. Туған жердің жері де көрікті, елі де көрікті.....	111
4-сабақ. Тәуелсіздік жемісі.....	114
5-сабақ. Тәуелсіз елдің Президенті	117
6-сабақ. Қазақстанда жасалған өнім	120
7-сабақ. Қазақстан – достық мекені	123

I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

1-САБАҚ. ТАНЫСУ

! суретті
өзің

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Есімі

Неміс

Өзбек

Кәріс

Әзірбайжан

Ұйғыр

Дүнген

Қытай

Түрік

Бәрі жақсы болсын!

Аман-сау бол!

Шешен



ГРАММАТИКА

Сұраулы сөйлемнің жасалу жолдары

Сұраулық шылаулар

(ба? бе? па? пе? ма? ме?)

Сенің ұлтың неміс пе?

Сұрау есімдіктері

Кім? Кімге? Қашан? т.б.

Сіздің туған күніңіз қашан?

2. Үлгі бойынша жазыңыз.

1. Сен ұйғырсың ба?

Сенің ұлтың ұйғыр ма?

Сенің ұлтың кім?

2. Сіз _____

3. Ол _____

3. Сөздіктегі сөздерді үлгі бойынша жазыңыз.

Мен – әзірбайжанмын.

Менің ұлтым – әзірбайжан.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Сұраулы сөйлем түрінде жазыңыз.

Менің атым – Ризван. Тегім – Исрайлов. Ұлтым – шешен. Мен 1969 жылы Алматыда тудым, 47 жастамын. Өзім қалалық сәулет-құрылыс бөлімінде жұмыс істеймін. Мамандығым – сәулетші.

Сұрақтар:

1. Сіз Ризвансыз ба? (Сіз кімсіз?)

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

2. Модель бойынша сөйлем құраңыз.

Үлгі: Шухраттың ұлты – ұйғыр. Ол жаттықтырушы болып жұмыс істейді.

Руслан	кәріс	құрылысшы
Александра	ұйғыр	сатушы
Диляра	түрік	мұғалім
Керим	дүнген	дәрігер
Ілияс	шешен	сәулетші

3. Үлгі бойынша мекемеңіздегі мамандардың ұлтын жазыңыз.

Үлгі: Хазардың ұлты – әзірбайжан. Ол – бас маман болып жұмыс істейді.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____

 **ТЫҢДАЛЫМ**

1. Полилогті тыңдаңыз. Бос орындарды толтырыңыз. Тақырып қойыңыз.

- Сәлеметсіздер ме?
 - Сәлеметсіз бе?
 - Қазақ тілі курсына қош келдіңіздер! Менің аты-жөнім –
 Танысып қояйық!
 Сіздердің аты-жөндеріңіз кім болады?



- Менің атым – Ұлым –
 . Ал менің жанымдағы жігіттің аты –
 Оның ұлты – Біз екеуміз әріптеспіз.

- Ал, қыздар, сіздер кім боласыздар? Қай мекемеден келдіңіздер?
 - Менің атым – Әріптесімнің аты – Біз
 Қаржы басқармасынан келдік. Екеуміздің де ұлтымыз –
 Тағы бір әріптесіміз бар, оның аты – , ұлты –
 Ол бүгін келе алмады, ертең келеді.



ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Менің әріптесім Есмұратова Мереке Батырханқызы – Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетін бітірген. Жасы 39-да. Мамандығы – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі. Ол университетте өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретеді. Оның студенттері түрлі олимпиадаларға, жарыстарға қатысып, қазақ тілінде білімдерін көрсетіп жүр. Ол университеттегі қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Ұжымда беделді, адамгершілігі мол, мінезі ашық, әріптестеріне көмектесіп отырады. Өз жұмысына жауапкершілікпен қарайды.

Ол - отбасында үлгілі ана. Жұбайы Ахмет екеуі екі бала тәрбиелеп отыр. Балаларының үлкені Майра колледжде оқиды, кішісі Дәурен 8-сыныпта оқиды.

2. Мәтін кім туралы? Ол туралы жазыңыз.

Аты-жөні _____
 Жасы _____
 Мамандығы _____
 Жұмыс орны _____
 Отбасы жағдайы _____

3. Мәтінде жоқ ақпаратты сызыңыз.

1. әріптес, мамандар, ұлт өкілдері, ұжым
2. оқушы, студент, ғалым, бала
3. жұбайы, отбасы, әке, ана
4. жарыс, олимпиада, жиналыс

4. Берілген тапсырмаларды орындаңыз.

- Мәтінге тақырып қойыңыз.
- Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.
- Мәтіндегі тірек сөздерді табыңыз.

5. Мәтінді III жақтан әңгімелеп айтыңыз.

СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Сұрақтарға сүйеніп, «Танысу» тақырыбында сөйлесіңіздер.

- Сіздің аты-жөніңіз кім?
- Ұлтыңыз кім?
- Мамандығыңыз кім?
- Сіз қайда тұрасыз?
- Сіз қайда жұмыс істейсіз?
- Сіздің отбасыңыз бар ма?
- Сіздің жасыңыз нешеде?



I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

2-САБАҚ. ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Бала-шаға
Үй іші
Ағалы-інілі, ағайынды
Апалы-сіңлілі
Ағалы-қарындасты
Тұңғыш
Ортаншы

Кенже
Беле
Тәте
Туған
Немере аға (іні)
Немере апа (сіңлі)

! ГРАММАТИКА

Иелік мағына			Қос сөздер
-НІКІ (дауысты дыбыстан кейін)	-ДІКІ (ғ, ж, з, л, м, н, ң, р, й, у)	-ТІКІ (б, в, г, д және қатаң дауыссыз дыбыстан кейін)	ата-ана, бала-шаға, бүгін-ертең, үлкен-кіші, ағалы-қарындас т.б.
қаланікі, мекеменікі,	ағамдікі, Арайдікі	суреттікі, жұмыстікі, Қайраттікі	Назар аударыңыз! әкенікі – әкемдікі, баланікі – баламдікі

2. Берілген сөздерге иелік форманың жұрнағын қосыңыз.

Ақсақал _____	Қарындас _____	Шаштараз _____
Ағай _____	Бойжеткен _____	Дәліз _____
Апай _____	Әріптес _____	Ғимарат _____
Інішек _____	Емхана _____	Мекеме _____

3. Үлгі бойынша жазыңыз.

Нұржанның әке-шешесі
Әкемнің жұмысы
Әріптесімнің кабинеті
Жомарттың компьютері
Мекеменің ғимараты

Әке-шеше Нұржандікі

4. Қос сөздермен сөйлем құраңыз.

Керекті сөздер: ата-ана, үлкен-үлкен, ағалы-інілі, ағалы-қарындас

- _____
- _____
- _____
- _____
- _____

 **ОҚЫЛЫМ**

1. Мәтінді оқыңыз.

Мен отбасының – тұңғыш баласымын. Біз Жанар екеуіміз ағалы-қарындастымыз. Жанар менен екі жас кіші. Ол – отбасының кенжесі. Екеуіміз де денсаулық саласында жұмыс істейміз. Біз Қарағанды медицина институтын бітірдік. Мен қазір қалалық емханада балалар дәрігері болып жұмыс істеймін, ал қарындасым Денсаулық сақтау департаментінде бас маман болып жұмыс істейді.

Мен өзім Павлодар қаласында тудым, ал қарындасым Қарағандыда туған. Біздің ата-анамыз Қарағанды медицина институтын бітірген соң, жолдама бойынша Павлодарда 3 жыл жұмыс істеді. Үш жылдан соң Қарағандыға көшіп келді.

Біздің ата-анамыз да дәрігерлер. Анам — бала дәрігері де, әкем — дәрігер-терапевт. Туыстарымыз бізді дәрігерлердің отбасы дейді. Біз оған мақтанамыз, дәрігерлер мерекесін үй-ішімізбен тойлаймыз.

2. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

<i>Сөйлем</i>	<i>дұрыс</i>	<i>бұрыс</i>
Отбасы мүшелері Қарағанды медицина институтын бітірді.		
Отбасының тұңғышы – қыз бала.		
Оның әкесі бала дәрігері болып жұмыс істейді.		
Анасы дәрігерлер мерекесінде жақсы сыйлық алды.		
Отбасының кенжесі – мемлекеттік қызметші.		
Ағалы-қарындастылар Қарағандыда туды.		

3. Берілген тапсырмаларды орындаңыз.

- Мәтінге тақырып қойыңыз.
- Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.
- Мәтіннен тірек сөздерді табыңыз.
- Мәтіннен туыстық атауларды теріп жазыңыз.
- Мәтіндегі асты сызылған сөздерге иелік формасының жұрнағын қосыңыз.

 **ТЫҢДАЛЫМ**

1. Мәтінді тыңдаңыз. Сурет бойынша жауабын жазыңыз.




Бұл – менің _____



Біздің аналарымыз – _____




Райханның ағалары. _____
Олардың аты – _____



Бұл – менің _____
Аты – _____

2. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орынды толтырыңыз.

1. Оның отбасындағы бала саны: _____
2. Тұңғыш баласы, оның есімі: _____
3. Ортаншы балалары, олардың есімдері: _____
4. Отбасындағы кенже бала: _____

 **ЖАЗЫЛЫМ**

1. Сурет бойынша «Отбасы мүшелері» тақырыбында мәтін құраңыз.



Отбасы мүшелері

Blank lined area for writing the text based on the image.

2. Кестені толтырыңыз.

Аты	Туыстығы	Жасы	Ұлты	Мамандығы
Андрей	менің ағам	29 жаста	орыс	экономист

 **СӨЙЛЕСІМ**

1. Топтық жұмыс. Сұрақтарға сүйеніп, «Отбасы мүшелері» тақырыбында сөйлесіңіздер.

- Кімнің бөлесі бар? Бөлеңізді таныстырыңыз.
- Кім үйдің тұңғышы? Өзіңізден кіші іні, қарындастарыңыз (сіңлі) туралы айтыңыз.
- Кім үйдің кенжесі болады? Өзіңіз туралы айтыңыз.
- Кім үйде жалғыз бала? Өзіңіз туралы айтыңыз.

I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

3-САБАҚ. МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Жұмысшы	Сарапшы	Ақпарат ұсыну
Балықшы	Құрылыс компаниясы	Таңдау
Ғарышкер	Медицина саласы	Атқару
Зауыт	Қаржы саласы	Аяқтау
Кеден	Сауда саласы	Алғыр
Білім саласы	Байланыс саласы	Қабілетті
Сараптама орталығы	Мәдениет саласы	


! ГРАММАТИКА

Жедел өткен шақтың болымды, болымсыз түрінің жіктелуі

жекеше	(етістік+ -ды/ді, -ты/ті +ж.ж.	(етістік+-ма/ме, -ба/бе, -па/пе+ -ды/ді+ж.ж.	көпше	Болымды түрі	Болымсыз түрі
Мен	жина+ды+м	жина+ма+ды+м	Біз	жинадық	жинамадық
Сен	жинадың	жинамадың	Сендер	жинадыңдар	жинамадыңдар
Сіз	жинадыңыз	жинамадыңыз	Сіздер	жинадыңыздар	жинамадыңыздар
Ол	жинады	жинамады	Олар	жинады	жинамады

2. Сөздіктегі сөздердің көмегімен бос орынды толтырыңыз.

Үлгі: Ақмаржан сауда саласында жұмыс істеді.



3. Үлгі бойынша жазыңыз.

Мен балықшы болып жұмыс істедім.

1. _____
2. _____
3. _____

Мен балықшы болып жұмыс істемедім.

1. _____
2. _____
3. _____

1. Мәтінді оқыңыз.

Салық Зиманұлы Зиманов 1921 жылы 19 ақпанда Атырау қаласында туған. Сонда Жамбыл атындағы орта мектепті бітіріп, Форт-Шевченко қаласындағы қазақ орта мектебінде математика мен физика мұғалімі болып жұмыс істеді.

1948 жылы сырттай Бүкілодақтық заң институтын бітіріп, заң саласын таңдады. Ол – заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ Ұлттық ғылым академиясының академигі.

Ол мемлекеттің жаңа Конституциясының жобасын дайындауға қатысты. Салық Зиманұлы – көптеген ғылыми еңбектер мен монографиялардың авторы. Ол – Президенттің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты, ғылым, техника және білім саласында ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Атырау облысының және Алматы қаласының құрметті азаматы атанды.

2. Мінездеме беріңіз.



Салық Зиманов – _____ адам.

Салық Зиманов – _____ ғалым.

3. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.


Сөйлем	иә	жоқ
Салық Зиманұлы – атыраулық ғалым.		
Ғалым еңбек жолын мектептен бастады.		
Ол заң саласында қызмет етті.		
Ол Алматыда мектепте жұмыс істеді.		
Ол ҚР Президентінің сыйлығын алды.		
Ғалым бірнеше ғылыми еңбек жазды.		
Салық Зиманұлы Жамбылда туған.		

3. Мәтін бойынша кестені толықтырыңыз.

Салық Зимановтың туған жері	
Ғалым еңбек еткен салалар	
Оның мамандықтары	
Алғаш еңбек еткен жері	
Академиктің алған сыйлықтары	

4. Берілген тапсырмаларды орындаңыз.

- Мәтінге тақырып қойыңыз.
- Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.
- Мәтін бойынша тірек сөздерді табыңыз.
- Мәтіндегі жедел өткен шақта тұрған сөздерді тауып, дәптеріңізге жазып алыңыз.

 **ТЫҢДАЛЫМ**

1. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.



1. Нұрлан Әлімжанов кім? _____
2. Оның түскен фильмдері: _____
3. Ол ойнаған рөл: _____
4. Ол шетелде киноға түсті ме? _____
5. Ол түскен фильм қай тілдерге аударылды? _____

6. Оның қандай әндері бар? _____

2. Мәтін бойынша мамандыққа қатысты сөздерді жазыңыз.



 **ЖАЗЫЛЫМ**

1. Өзіңіздің таныстарыңыз туралы жазыңыз.

Үлгі: Менің әкем байланыс саласында жұмыс істейді. Ол – байланысшы.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

 **СӨЙЛЕСІМ**

1. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Сіз қай салада қызмет атқарасыз?
- _____
- Сіздің мамандығыңыз кім?
- _____
- Мамандығыңыз бойынша қанша жыл істейсіз?
- _____

- Құрылыс саласы
- Қаржы саласы
- Медицина саласы
- Сауда саласы
- Білім саласы
- Байланыс саласы
- Техника саласы
- Денсаулық сақтау саласы
- Заң саласы
- Кеден

- инженер
- мұғалім
- құрылысшы
- заңгер
- экономист
- дәрігер
- есепші
- байланысшы
- кеденші

I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

4-САБАҚ. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Бағалау	Маңызды
Бақылау	Ерекше маңызды
Басқару	Күрделі
Болып келеді	Бірнеше
Болып саналады	Мақтан ету
Болып есептеледі	Уақытында
Ерекше	Орындау

! ГРАММАТИКА

Осы шақ Не істеп отыр? Не істеп тұр? Не істеп жүр? Не істеп жатыр?			
Жалаң	Күрделі		
Отыр, тұр, жүр, жатыр	отыр тұр жүр жатыр	I Мен отырмын II Сен отырсың Сіз отырсыз III Ол отыр	I Мен оқып отырмын II Сен оқып отырсың Сіз оқып отырсыз III Ол оқып отыр
	-п, -іп, -ып-	I Біз отырмыз II Сендер отырсыңдар Сіздер отырсыздар III Олар отыр	I Біз оқып отырмыз II Сендер оқып отырсыңдар Сіздер оқып отырсыздар III Олар оқып отыр

Нақ осы шақтың болымсыз түрі

-ып/-іп, -п +(отыр, тұр, жатыр, жүр)
+(-ған, -ген, -қан, -кен)+ жоқ+жж
Мен жазып отырған жоқпын.
Сен көріп жатқан жоқсың.

2. Күрделі осы шақты жіктеңіз.

Мен санап отырмын. Біз _____
Сен _____ Сендер _____
Сіз _____ Сіздер _____
Ол _____ Олар _____

Назар аударыңыз!

Кадр жұмысы бойынша бас маманмын.
Тексеріс қорытындысы бойынша есеп дайындаңыз.

3. Нақ осы шақтың болымсыз түрін жасаңыз.

Мен бағалап жатырмын.
Сен белгілеп отырсың.
Сіз тексеріп жүрсіз.
Ол бақылап тұр.
Біз орындап жатырмыз.
Сендер жазып жатырсыңдар.
Сіздер оқып жатырсыздар.
Олар билеп жүр.


Мен бағалап жатқан жоқпын.

4. Сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

Ерекше тапсырма. _____
 Маңызды сұрақ. _____
 Күрделі жоспар. _____
 Уақытында орындау. _____
 Бірнеше міндет. _____

 **ОҚЫЛЫМ**

1. Мәтінді оқыңыз.



Бұл жігіт – менің әріптесім. Ол біздің мекемеде жұмыс істейді. Ол кадрларды жұмысқа қабылдау, орналастыру бойынша жұмысқа қатысады. Кәсіпорын қызметкерлерінің жұмысқа қабылдау, ауыстыру, еңбек жолы және жұмыстан босатуға байланысты құжаттарына талдау жасайды. Аттестациядан өткізу бойынша құжаттарды жинайды. Мамандардың іскерлік қасиеттерін бағалайды, жұмыстарына бақылау, жасайды. Бос лауазымдарға орналасу және жоғарылату жөнінде ұсыныстар дайындайды. Оқу орындарымен және кәсіпорындармен тікелей байланыс жасайды.

Кәсіпорынның қызметкерлеріне бос лауазымдар туралы хабарлама жасайды. Еңбек жөніндегі перспективалық және ағымдағы жоспарларды әзірлеуге қатысады. Қызметкерлерді дамыту, іскерлік мансапты жоспарлау бойынша ұсыныстар дайындауға қатысады.

2. Мәтін бойынша лауазымдық міндеттерді жазыңыз.

1. _____

2. _____

3. _____

3. Сөз тіркестерін мәтін бойынша толықтырыңыз.

Жұмысқа қабылдау және _____, аттестациядан _____, іскерлік қасиетті _____, кәсіпорынмен _____ байланыс жасау, перспективалық және _____ жоспарлар, іскерлік _____ жоспарлау.

4. Мәтін бойынша дұрыс-бұрысын анықтаңыз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Аттестациядан өткізуге құжаттар дайындайды.		
Аттестациялық комиссияның мүшесі болады.		
Қызметкерлерді іссапарға жіберуге ұсыныс білдіреді.		
Қызметкерлердің лауазымын жоғарылатуға ұсыныс білдіреді.		
Түрлі құжаттарға талдау жасайды.		
Түрлі құжаттарды аударады.		
Жақсы кадрларды өзі қабылдайды.		
Мамандарды жұмысқа қабылдауға көмектеседі.		

 **ТЫҢДАЛЫМ**
1. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін бойынша ақпаратты толықтырыңыз.

Аты-жөні _____

Туған жері _____

Мекенжайы _____

Жоғары білімі _____

Мамандығы _____

Қызмет орны _____

Лауазымдық міндеті _____


2. Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз.

Баршагүл Қостанайға _____ көшіп келді.

Ол жоғары оқу орнын _____ қаласында бітірген.

Ол қызмет істейтін кітапхана _____ деп аталады.

Ол өз мамандығын _____ .

 **ЖАЗЫЛЫМ**
1. Өзіңіздің лауазымдық міндеттеріңіз туралы жазыңыз.
Керекті сөздер: бағалау, бақылау, орындау, есептеу, жіберу, толтыру, есеп беру

Менің лауазымдық міндетім

 **СӨЙЛЕСІМ**
1. Жұптық жұмыс. Сұрақтарға сүйеніп, сұқбат құрыңыздар.

- Сіздің аты-жөніңіз кім?
- Мамандығыңыз кім?
- Сіз қайда жұмыс істейсіз?
- Лауазымдық міндетіңіз қандай?
- Сіздің жұмысыңыз қиын жұмыс болып санала ма?
- Сіз есеп бересіз бе?

I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

5-САБАҚ. МЕНІҢ ЖҰМЫС КҮНІМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Жеке	Шығыс құжаты	Дамыту
Алғашқы	Факс жіберу	Сақтау
Соңғы	Қабылдау	Шығару
Телефон анықтамасы	Бекіту	Мекемені аралау
Жазба	Белгілеу	Жедел ақпарат
Кіріс құжаты	Тапсырыс	Созылады

! ГРАММАТИКА

Қысқарған сөздердің жазылуы

ҚР – Қазақстан Республикасы, ЖШС – Жауапкершілігі шектеулі серіктестік, АҚ – Акционерлік қоғам, ДСҰ – Дүниежүзілік сауда ұйымы, БҰҰ – Біріккен ұлттар ұйымы, ЕҰУ – Еуразия ұлттық университеті, ҚарМУ – Қарағанды мемлекеттік университеті, ҚарМТУ – Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, ЖОО – Жоғары оқу орындары.

1. Үлгі бойынша қысқарған сөздермен сөйлем құраңыз.

Үлгі: Мен «Береке» ЖШС-нда жұмыс істеймін.

- _____
- _____
- _____
- _____
- _____
- _____
- _____

Өздік есімдігі

Өздік есімдігінің тәуелденуі	Өздік есімдігінің септелуі
Менің өзім	Атау Кім? өзі
Сенің өзің	(өзім, өзің, өзіңіз, өзі)
Сіздің өзіңіз	Ілік Кімнің? өзінің
Оның өзі	Барыс Кімге? өзіне
Біздің өзіміз	Табыс Кімді? өзін
Сендердің өздерің	Жатыс Кімде? өзінде
Сіздердің өздеріңіз	Шығыс Кімнен? өзінен
Олардың өздері	Көмектес Кіммен? өзімен

2. Бос орынға өздік есімдіктерін жазыңыз.

Осы мамандықты _____ таңдадым.
Сіз _____ не алдыңыз? Бұл лауазымды _____ атқарыңыз.
Ол жұмысқа _____ жеке көлігімен келеді. Семинарға сенің _____ жібереміз. Айлық есепті _____ тапсыр. Мен _____ мақтан етемін.
Гүлбарам, мен _____ хат алған жоқпын.


ОҚЫЛЫМ
1. Мәтінді оқыңыз.

Бүгін дүйсенбі – жұмыс күні. Жұмыс уақыты сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. Сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліс. Бастық тапсырмаларды беру үшін 15 минуттық жиналысқа жинайды. Тапсырмаларды берген соң, жұмысымызды жалғастырамыз. Бүгінгі жұмыс кестесі бойынша сағат 10.00-де аппараттық кеңес өтеді. Аппараттық кеңестен қалуға болмайды. Кеңесте хатшылық бөлімінің маманы хаттама толтырады.

Түске дейін кіріс және шығыс құжаттармен жұмыс істейміз. Кейде жедел ақпарат дайындаймыз. Түстен кейін кездесулер өткіземіз, басқа да мекеме жұмысына байланысты істермен айналысамыз, тапсырыстар қабылдаймыз. Кейде альпинистік дайындық болады, жаттығу жасаймыз. Жұмыс сағат 18.30-да аяқталады.

2. Ақпаратты анықтаңыз.

Түске дейінгі жұмыстар

Түстен кейінгі жұмыстар

3. Мәтіннен ауыспалы келер шақта тұрған етістіктерді тауып болымсыз түрін жазыңыз.

- | | |
|------------------------|-----------|
| 1. Жинайды – жинамайды | 7. _____ |
| 2. _____ | 8. _____ |
| 3. _____ | 9. _____ |
| 4. _____ | 10. _____ |
| 5. _____ | 11. _____ |
| 6. _____ | 12. _____ |

4. Мәтінде жоқ ақпаратты белгілеңіз.

Ақпарат	+ \ -
1. Мекеменің жұмыс уақыты 8 сағат.	
2. Олар түстен кейін 4 жарым сағат жұмыс істейді.	
3. Күнде сағат 10.00-де аппараттық кеңес өтеді.	
4. 15 минуттық жиналыста маман хаттама толтырады.	
5. Мекеме мамандары кейде жедел ақпарат дайындайды.	

5. Мәтін бойынша берілген сөздермен сөз тіркесін жасаңыз.

Түскі үзіліс, бастықтың _____, тапсырма _____,
жұмыс _____, аппараттық _____, бөлімнің _____,
кездесу _____, хаттама _____.



ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін бойынша мекеменің күн тәртібін жазыңыз.



- 8.45 _____
- 9.00 _____
- 9.00-18.00 _____
- 9.30-10.30 _____
- 10.30-дан кейін _____
- 13.00-ге дейін _____
- 13.00-14.00 _____
- 16.00-17.00 _____

4. Берілген тапсырмаларды орындаңыз.

Ұжымда қанша маман бар?

Жиналысқа қанша адам қатысады?

3. Бірінші орынбасардың лауазымдық міндеттерін жазыңыз.

- 1. _____
- 2. _____
- 3. _____



ЖАЗЫЛЫМ

1. Өзіңіздің жұмыс күніңізді жазыңыз.

Түске дейін

- 1. 8.50 – жұмысқа келу
- 2. _____
- 3. _____
- 4. _____

Түстен кейін

- 1. 14.00 – жұмысты бастау
- 2. _____
- 3. _____
- 4. _____



СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Сұрақтарға сүйеніп, сұқбат құрыңыздар.

- Сіздің жұмыс күніңіз қашан басталады?
- Жұмыс күні неше сағатқа созылады?
- Мекемеге қандай кіріс құжаттары келеді?
- Мекемеден қандай шығыс құжаттары шығады?
- Мекемеңізге жедел ақпараттар жиі келе ме?
- Сіз мекемелерді аралайсыз ба?
- Сіз күнде мекемеде не істейсіз?
- Сіз өз біліміңізді дамытасыз ба?



I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

6-САБАҚ. УАҚЫТ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Өзгерту
Алмастыру
Өткізу
Тапсырыс беру
Сұрау, сұрату
Ұйымдастыру
Кепіл
Кедергі
Дағдылану

Шапшаң, жылдам, жедел
Жоспарлау
Үлгеру
Қателік
Уақытты үнемдеу
Уақытты тиімді пайдалану
Уақытты басқару
Уақытты жұмсау

! ГРАММАТИКА

Сайын септеулігінің мезгілді білдіруі:
күн/ай/тоқсан/жыл **сайын**.
Мысалы: Мен күн сайын бөлімнің
жұмысы туралы есеп беремін.

Қыстырма сөз: өкінішке орай, әрине,
қысқасы, расында, меніңше, сөз жоқ,
мүмкін. Мысалы: Расында, осы аптаның
жұмыс кестесі ауыр болды.

Назар аударыңыз!

... деп атайды, ...деп санайды, ...деп есептейді
Мысалы: Раушанның анасы оны Раутай деп атайды. Дәрігерлер пиязды денсаулыққа пайдалы деп санайды.

2. Сөйлем құраңыз.


1. Күн сайын _____
2. Апта сайын _____
3. Ай сайын _____
4. Тоқсан сайын _____
5. Жыл сайын _____

3. Бос орынға қыстырма сөздерді қойыңыз.

Бүгін _____ семинарға бара алмадым. _____ сіздің айтқаныңыз дұрыс сияқты. _____ жоспарды кейінге қалдыру керек пе? _____ ол – өте білікті маман. _____ осы курстың пайдасы зор.

4. ... деп атайды, ...деп санайды, ... деп есептейді құрылымдарымен сөйлем құраңыз.

1. _____
2. _____
3. _____


ОҚЫЛЫМ
1. Мәтінді оқыңыз.

Уақыт – біздің өміріміз. Біз оны қалай пайдаланып жүрміз? Адамның өмірінде оның уақыты үшін пайдасыз нәрселер көп. Егер уақытты дұрыс пайдаланбасақ, жұмысымыз да көбейіп кетеді. Қазір уақытты тиімді пайдалануды «тайм менеджмент» деп атайды.

Уақытты тиімді жұмсауға не кедергі болады?

1. Техникалық қателіктер, яғни, сіз өзіңіздің уақытыңызды дұрыс жоспарламайсыз.
2. Сыртқы факторлар. Біздің өмірімізге сыртқы факторлар әсер етеді.
3. Психологиялық кедергілер. Мүмкін, сіз кейбір жұмыстарды мағынасыз деп есептейтін шығарсыз?

Тайм менеджмент – бұл уақытты басқару әдістерін зерттейтін менеджмент саласы.

Уақытты дұрыс жоспарлаудың жолдары көп. Біріншіден, ең маңызды жұмысты бірінші атқару керек. Екіншіден, уақыттың кестесін жасау керек.

**2. Сіз уақытты дұрыс жоспарлаудың қандай жолдарын білесіз?
Жауабыңызды жазыңыз.**

Үшіншіден, _____


Төртіншіден, _____

3. Берілген тапсырмаларды орындаңыз.

- Мәтінге тақырып қойыңыз.
- Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.
- Мәтін бойынша тірек сөздерді табыңыз.

4. Мәтін бойынша берілген сөздерді сәйкестендіріңіз.

уақытты	жоспарлау
пайдалы	кестесі
жұмыстың	пайдалану
уақыттың	нәрсе
уақытты	көбеюі


ЖАЗЫЛЫМ
1. Сіз өз уақытыңыздың кестесін жасаңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

2. Берілген ақпаратты толықтырыңыз.

Қазіргі уақытта адамдар демалысын қалай ұйымдастырады?

1. _____
2. _____
3. _____


3. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

Ер адамдардың уақыты қайда кетеді?

- А _____
Ә _____
Б _____

Әйел адамдардың уақыты қайда кетеді?

- А _____
Ә _____
Б _____



 **ТЫҢДАЛЫМ**

1. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін бойынша ақпаратты толықтырыңыз.

Статистика бойынша орта есеппен 70 жыл өмір суретін бір адамның уақыты былай жұмсалады екен.

ұйықтауға _____	жұмысқа _____	көңіл көтеруге _____	ойлануға _____
тамақтануға _____	жол жүруге _____	ауыруға _____	әжетханаға _____

2. Мәтінді тыңдаңыз. Күнде орындайтын іс-әрекеттің ретін көрсетіңіз.



Сіз!
!

 **СӨЙЛЕСІМ**

1. Берілген ақпаратпен танысыңыз. Өз пікіріңізді айтыңыз.

- Демалыс пен ұйқыны ұйымдастыру. Адам күніне 8 сағат ұйықтау керек. Дұрыс ұйқы – жақсы жұмыстың кепілі.
- Дұрыс және уақытында тамақтануға дағдылану.
- Жұмыс арасында 10 – 15 минут демалу керек.
- Демалыс күндері табиғат аясына шығып тұру керек.
- Еңбек демалысын алғанда жұмыс туралы ойламай, жақын немесе алыс жаққа саяхат жасау керек.

Сіз демалысты қалай ұйымдастырасыз?

2. Жұптық жұмыс. Үлгі бойынша сөйлесіңіздер.



- Сіз өз уақытыңызды жоспарлайсыз ба?
- Иә, жоспарлаймын (жоқ, жоспарламаймын)
- Жұмысыңызда бәрін орындап үлгересіз бе? Неге?
- Әрине, үлгеремін (Жоқ, үлгермеймін). Себебі...
- Сіз тапсырманы тез орындайсыз ба?
- Мен тапсырманы тез орындаймын (Тез орындай алмаймын).
- Уақытты үнемдеу үшін не істеу керек?
- Менің ойымша, ...

I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

7-САБАҚ. САҒАТ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Қол сағаты	Нәтиже
Қалта сағаты	Жақында
Үстел сағаты	Әдетте
Қабырға сағаты	Анда-санда
Есеп беру	Тура
Есеп тапсыру	Жарым
Есеп жолдау	Қайту
Есеп жүргізу	

! ГРАММАТИКА

Мезгіл мағынасының берілуі

Барыс септігі+қарай, дейін: тоғызға қарай. Сағат тоғызға қарай жұмысқа барамын.
Шығыс септігі+соң, кейін: кешкі алтыдан кейін. Сағат кешкі алтыдан кейін жұмыстан келемін.

Есте сақтаңыз!

		Нешеде?		Сағат неше?	
Сағат	1-ден	1-ден	15 минут кетті (кеткенде)	1-ге	7 минут қалды (қалғанда)
	2-де	2-ден		2-ге	
	3-те	3-тен		3-ке	
	4-те	4-тен		4-ке	
	5-те	5-тен		5-ке	
	6-да	6-дан		6-ға	
	7-де	7-ден		7-ге	

2. Кестедегі уақытты ауызша айтып жаттығыңыз.

3. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

Сіз жұмысқа нешеде барасыз?

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

Сіз үйіңізге нешеде қайтасыз?

1. Кешкі алтыдан жиырма минут кеткенде
2. _____
3. _____
4. _____

4. Сәйкестендіріңіз.

Сағат тура тоғызда
Он үш пен он төрттің арасы
Кешкі он сегіз
Күнде онға қарай

түскі үзіліс уақыты.
жұмыстың аяқталуы.
бөлімде жиналыс болады.
жұмыс басталады.

СӨЙЛЕСІМ

Жұптық жұмыс. Берілген кесте бойынша сұқбаттасыңыздар.

Мейрамдарға байланысты жұмыс кестесі

29 желтоқсан – 9.00 – 18.00

30 желтоқсан – 9.30 – 14.00

31 желтоқсан – 7 қаңтар - демалыс күндері

8 қаңтар - толық жұмыс күні

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Мен бөлім бастығы Бауыржан Мәжитұлымен бірге бір кабинетте отырамын. Бөлім бастығы бұл мекемеде бес жылдан бері жұмыс істейді. Әдетте ол кісінің бос отырғанын көрмеймін. Үнемі құжаттарды толтырып, бір жұмыспен айналысып отырады. Ол – өз ортасында сыйлы, беделді адам. Өте білімді және біліктілігі жоғары маман. Өз уақытын тиімді пайдаланады. Жұмысына жауапкершілікпен қарайды. Күн сайын бір күннің жұмыс кестесін жасап, үстелінің үстіне қояды. Ал мен үшін кестемен жұмыс істеу оңай емес, бірақ үйрену керек. Анда-санда жасап жүрмін. Міне, мынау бүгін түске дейін атқаратын жұмыстарының кестесі:

1. 9.00-9.15 – электронды поштаны қарау
2. 9.30-9.45 – бөлім мамандарына тапсырма беру
3. 9.45-10.00 – мамандардың атқарған жұмыстарын тексеру
4. 10.00-11.00 – хаттарды қарау, жауап жазу
5. 11.00-11.30 – филиалдың мамандарымен телефон арқылы сөйлесу
6. 11.30-12.00 – ертеңгі жұмысты жоспарлау
7. 12.00-13.00 – есеп беру

2. Дұрыс-бұрысын анықтаңыз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Бауыржан Мәжитұлы бөлім бастығы болып жұмыс істейді.		
Біз екеуіміз мекемеде бес жыл жұмыс істейміз.		
Бөлім бастығы бос отырмайды.		
Бөлім бастығын барлық әріптестері сыйлайды.		
Ұжымдағы мамандар өз уақытын тиімді пайдаланады.		
Ол 10.00-11.00 аралығында келушілерді қабылдайды.		
Мен кестемен жұмыс істедім үйрендім.		

3. Бауыржан Мәжитұлының түстен кейінгі жұмыс кестесін жазыңыз

1. 14.00-15.00 _____
2. 15.00-15.30 _____
3. 15.30-17.00 _____
4. 17.00-17.30 _____
5. 17.30-18.00 _____


1. Мәтінде жоқ ақпаратты сызыңыз.

1. Бауыржан, бөлім бастығы, бөлім, ғимарат
2. толтыру, жиналысқа бару, жоспарлау, қабылдау
3. сыйлы, мәдениетті, беделді, білімді
4. құжат, хат, телефон, факс

 **ТЫҢДАЛЫМ**

1. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орынға уақытты жазыңыз.

Мен Қарағанды облысы бойынша Статистика департаментінде жұмыс істеймін. Мекемеде бөлім бастығы лауазымын атқарамын. Біздің мекеменің жұмыс кестесі маған өте ұнайды. Бізде жұмыс уақыты күн сайын _____ бастап _____ дейін созылады. Түскі үзіліс _____ дейін болады. Біз түсте _____ сағат демаламыз. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру _____ дейін. Айдың соңғы жұмыс күнінде _____ аралығында аудан, қалалардағы бөлімдердің мамандары есеп тапсырады. Біз бес күн жұмыс істейміз. Сенбі, жексенбі ресми түрде демалыс күндері болып есептеледі.

 **ЖАЗЫЛЫМ**

1. Сурет бойынша уақытты жазыңыз.

Сағат неше болды?



- №1 сағат _____
- №2 сағат _____
- №3 сағат _____
- №4 сағат _____
- №5 сағат _____
- №6 сағат _____

2. Модель бойынша сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: Таңертең сағат онға қарай университетке барамын.

Таңертең	8, 1, 5, 11, 9	қарай, соң, кейін, дейін	жұмыс супермаркет қонақ Астана	бару
Түс				
Кеш				
Түн				

3. Сурет бойынша шағын мәтін құраңыз.



II МОДУЛЬ. ОҚУ-КӘСІБИ САЛА

1-САБАҚ. ӨТІНІШ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

1. Өтінішке байланысты сөздер мен сөз тіркестерін оқып, танысыңыз.

Өтініш
Сұраймын / өтінемін
Тест тапсыру
Әңгімелесу
Өтінішке қол қою
Құжат тапсыру
Жеке іспарағы
Еңбек кітапшасы
Рәсімдеу
Талап ету
Жұмысқа кірісу
Мекеме басшысының атына

Өтініш түрлері

- басқа жұмысқа ауысуыма байланысты ... ;
- отбасы жағдайыма байланысты ... ;
- зейнеткерлікке шығуыма байланысты ... ;
- ... бойынша жұмысқа қабылдауыңызды сұраймын;
- ... бөліміне ауыстыруыңызды сұраймын;
- ... лауазымына қызметке алуыңызды сұраймын;
- Кезекті/кезектен тыс еңбек демалысын/ақысыз демалыс беруіңізді сұраймын;
- өз еркіммен жұмыстан босатуыңызды сұраймын:

! ГРАММАТИКА

Өтініштегі адамның аты-жөніне

Барыс септік: -ға/-ге, -қа/-ке:
Оспанов-қа, Ким-ге,
Шығыс септік: -дан/-ден, -тан/-тен:
Айдаров-тан, Жұманова-дан

1. Қажетті нұсқаны жалғаңыз.

Оңтаевқа	Оңтаевтан
Қажырова___	Дарханұлы___
Ким___	Қажырова___
Дарханұлы___	Ким___
Васильев___	Васильев___

Мезгіл мәнді құрылым Көмекші сөздер: **бастап/бері**

- 2017 жылдан бастап/бері
- 2017 жылдың 15 қаңтарынан бастап/бері
- ... күннен/аптадан/айдан/тоқсаннан/жылдан бастап/бері
- Келесі күннен/аптадан/айдан/жылдан бастап
- Осы/өткен аптаның басынан/ортасынан/аяғы-нан бастап/бері
- Осы/өткен айдың бірінен/басынан/ортасынан/аяғы-нан бастап/бері
- Осы/биылғы/былтырғы/жылдың басынан/ортасынан/аяғынан бастап/бері
- Қарашаның/қараша айының басынан/ортасы-нан/аяғынан бастап/бері

2. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Мен 1997 жылдан бері _____ .
Сен 2017 жылдың 11 шілдесінен бастап _____ .
Сіз 2018 жылдың II тоқсанынан бастап _____ .
Ол былтырғы жылдан бері _____ .
Біз алдыңғы аптадан бастап _____ .
Сендер осы айдың басынан бері _____ .
Сіздер өткен айдың ортасынан бастап _____ .
Олар келесі жылдан бастап _____ .

? СӨЙЛЕСІМ

1. Сұқбаттарды рөлге бөліп оқыңыздар. Өзара сөйлесіңіздер.

1-сұқбат **Қабылдау бөлмесінде**

- Қайырлы таң!
 - Қайырлы таң!
 - Мен конкурстан өткен маманмын.
 - Онда бастықтың атына өтініш жазыңыз.
 - Сіздерде өтініштің үлгісі бар ма?
 - Иә, үлгі қабырғада ілулі тұр.
 - Рақмет!
 - Өтінішіңізді жазып болған соң, басшыға кіргіземін.
- Басшы өзі шақырады.
- Жақсы.



2-сұқбат **Бастықтың кабинетінде**

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз бе?
- Кіруге бола ма?
- Кіріңіз. Ал, танысып қояйық! Аты-жөніңіз кім?
- Мұқасанов Дарын Думанұлы.
- Дарын Думанұлы, біздің мекемеге қош келдіңіз!
- Рақмет!
- Өтінішіңізге қол қоямын. Қазір кадр және құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі бас маманға құжаттарыңызды тапсырыңыз.
- Жақсы. Жұмысқа қай күннен бастап шығамын?
- Наурыздың бірінен бастап жұмысқа қабылданасыз. Іске сәт!
- Көп рақмет!



📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

Мен жергілікті газеттен Қарағанды облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы жариялаған хабарландыруды көріп, жетекші маман лауазымының бос орнына конкурсқа түстім. Алдымен тест тапсырдым. Сонан кейін әңгімелесуден өттім. Тестке былтырғы жылдан бері дайындалдым. Екеуінің де нәтижесі жоғары болды. Сөйтіп, конкурстан өттім.

Бүгін бірінші күн жұмысқа келдім. Алдымен қабылдау бөлмесіне бардым. Жұмысқа қабылданушы адам мекеме басшысының атына өтініш жазады. Сол себепті мен де басшының атына өтініш жаздым. Біраз уақыттан кейін басшының кабинетіне кірдім. Басшы мені Кадр және құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі бас маманға жеке құжаттарымды рәсімдеуге жіберді. Өмірбаянымды жазып, жеке іспарағын толтырдым. Бас маман еңбек кітапшасын және тағы да басқа құжаттарды талап етті.

Келесі айдан бастап жаңа жұмысыма кірісемін.

2. Өткен шақ формасында жұмысқа орналасушы маманның іс-әрекетін жазыңыз (ол не істеді?)

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____

3. Жұмысқа қабылданушы қызметкерден талап етілетін құжаттарды ретімен жазыңыз.

- _____;
- _____;
- _____;
- _____.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдай отырып, бос орындарды толықтырыңыз.

Өтініш – жеке тұлғалардың мекеме, кәсіпорын басшысының атына жазатын _____ . Өтінішке _____ қойылғаннан кейін, сол өтініштің негізінде _____ шығарылады.

Өтініштің қалыптасқан _____ бар. Басында _____ екені көрсетіледі, жол ортасына «өтініш» сөзі жазылады. Оның астына азат жолдан бастап өтініштің негізгі _____ беріледі. Соңында парақтың оң жағына _____ көрсетіліп, жазған адамның _____ қойылады.

Өтініш жазылатын негізгі жағдайлар:

1. _____ туралы өтініш.
2. _____ туралы өтініш.
3. _____ туралы өтініш.
4. _____ туралы өтініш.
5. _____ туралы өтініш.
6. _____ туралы өтініш.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Оқыңыз, үлгі бойынша өтініш жазыңыз.

Керекті сөздер: бағалау, бақылау, орындау, есептеу, жіберу, толтыру, есеп беру

Қарағанды облысының еңбек инспекциясы
басқармасының басшысы _____
Қарағанды қ., Ерубәев к. 54-43 мекенжайында
тұратын Д.Д.Мұқасановтан

Өтініш

2017 жылдың 1 наурызынан бастап Еңбек қатынастарын бақылау бөліміне жетекші
маман лауазымына қабылдауыңызды сұраймын.

25 ақпан 2017 жыл

Үлгі бойынша мемлекеттік тілді оқыту курсына қабылдауын өтініп, Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы басшысының атына өтініш жазыңыз (өзіңіздің тілді білу деңгейіңіз бен қолайлы уақытты көрсетіңіз).

II МОДУЛЬ. ОҚУ-КӘСІБИ САЛА

2-САБАҚ. РЕСМИ ӨМІРБАЯН

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Түйіндемеден ерекшелігі
Хронологиялық тәртіппен
Еркін түрде
Жетістіктері
Мәліметтер
Қамтылу
Баяндалу

Шешім қабылдау
Дүниеге келу
Қызмет атқару
Соңғы жұмыс орны
Отбасы құрамы
Жазылған күні, айы, жылы
Қолы

! ГРАММАТИКА

Реттік сан есім

Сан есім + /-ншы/-нші, -ыншы/-інші/

Мысалы: Бір мың тоғыз жүз жетпіс бесінші жылы жиырма бірінші қыркүйекте тудым.

Бұрынғы өткен шақтың болымды түрі

Етістік + -ған/-ген, -қан/-кен + жіктік жалғауы

Мысалы: Мен үйленгенмін/тұрмысқа шыққанмын

Бұрынғы өткен шақтың болымсыз түрі

Етістік + -ма/-ме, -ба/-бе + -ған/-ген, -қан/-кен + жіктік жалғауы

Мысалы: Мен үйленбегенмін/тұрмысқа шықпағанмын

1. Жазбаша жазып жаттығыңыз.

1966 жылы 31 маусымда _____

2016 жылы 18 ақпанда _____

2. Қажетті нұсқаны қойыңыз.

бітір _____ бітірме _____

түс _____ түспе _____

тұрмыс құр _____ тұрмыс құрма _____

үйлен _____ үйленбе _____

жұмысқа тұр _____ жұмысқа тұрма _____

жұмыс істе _____ жұмыс істеме _____

? СӨЙЛЕСІМ

1. Сұқбатты оқып, интервью берушінің өмірбаянын қысқаша айтып беріңіз.

- Сәлеметсіз бе, Нұрлан Мұқанұлы?
- Сәлеметсіз бе?
- Менің аты-жөнім – Айзада Дулатқызы. Мен «Орталық Қазақстан» газетінің тілшісімін.
- Кіріңіз, отырыңыз. Қандай сұрақтарыңыз бар?
- Сіз басқарып отырған компания және оның жетістіктері туралы көп айтылып жүр ғой. Бүгін осы фирманың басшысы ретінде өзіңіз туралы әңгімелесуге қалай қарайсыз?
- Қарсы емеспін. Сұраңыз.
- Жақсы, онда бірінші сұрағым – қай жерде, қашан, қандай отбасында дүниеге келгенсіз?
- Туған жерім – Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданының Тоқтар ауылы. 1980 жылдың 16 қарашасында жұмыскерлер отбасында дүниеге келгенмін.
- Қай жерде білім алдыңыз?
- Қарағанды экономикалық университетін экономист мамандығы бойынша бітірдім.
- Ал еңбек жолыңызды неден бастадыңыз?
- Мен алғашқыда 5 жыл «Тұлпар» компаниясында жұмыс істегенмін. Сосын өзімнің жеке фирмамды құрдым. Содан бері осы фирманың президенті қызметін атқарып келемін.
- Сұқбатыңызға үлкен рақмет, сау болыңыз.

1. Тыңдаңыз, өмірбаян туралы мәліметті толықтырыңыз.

Өмірбаян

Жұмысқа _____ өмірбаян жазу талап етіледі. Өмірбаян _____ ақ қағазға қолмен жазылады. _____ ерекшелігі мұнда фактілер хронологиялық тәртіппен кеңірек баяндалады. _____ мен наградалары, тағы басқа мәліметтер жан-жақты қамтылады.

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы _____ тәртіппен жазылған ресми құжат. Өмірбаянның деректемесі: _____;

- құжаттың _____;
- автордың _____;
- туған күні, айы, жылы; _____;
- туған _____;
- білімі және _____;
- атқарған қызмет түрлері; _____;
- соңғы жұмыс орны мен _____;
- отбасы жағдайы және _____;
- _____ және телефоны;
- жазылған күні, айы, жылы; _____;

2. Мәтінді екінші рет тыңдаңыз. Мәліметтердің ретін көрсетіңіз.

- Автордың аты-жөні
- Білімі
- Туған күні
- Туған жері
- Қызметі
- Білімі
- Отбасы
- Соңғы жұмыс орны
- Жазылған күні

1. Ресми өмірбаянды оқыңыз.

Ресми өмірбаян үлгісі

Мен, Мұқасанов Дарын Думанұлы, 1994 жылы 7 қыркүйекте Қарағанды қаласында дүниеге келдім. 2012 жылы Қарағанды қаласындағы №36 орта мектепті бітірдім. Сол жылы Қарағанды «Болашақ» университетінің заң факультетіне оқуға түстім. Оқу орнын 2016 жылы заңгер мамандығы бойынша бітірдім. Бір жыл «Строймарт» ЖШС-нда заңгер болып жұмыс істедім.

Әкем Жұманов Думан Мұқасанұлы Москва инженерлік-құрылыс институтын бітірген. Қарағандыда құрылыс компаниясында прораб болып істейді.

Анам Бекова Жанна Төкенқызы Абай атындағы қазақ педагогика институтын бітірген. Қазір Қарағандыдағы № 45 мектепте мұғалім болып қызмет етеді.

Үйленгенмін.

Жұбайым – Асанова Арай Ардақызы 1994 жылы туған. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін бітірген. Қазір үй шаруасында.

Ұлым – Думан Санжар Дарынұлы 2016 жылы туған.

Мекенжайым: Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 24-үй, 55-пәтер.

Байланыс телефоны: 87017779494

Қолы

Д. Мұқасанов

2. Ақпараттардың ретін көрсетіңіз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

3. Өмірбаян бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Дарын Думанұлы нешінші жылы туған?
2. Оның жасы қаншада?
3. Ол мектепті нешінші жылы бітірген?
4. Жоғары оқу орнын қай жылы бітірген?
5. Анасы нешінші мектепте мұғалім?
6. Ұлы қай жылы туған?
7. Мекенжайы қандай?

4. Мәтінді III жақтан баяндап беріңіз.**5. Мәтіндегі адамдардың қазір неше жаста екенін айтыңыз.****6. Мәтін бойынша кестені толықтырыңыз.**

Мұқасановтың туған жері	
Туған күні, айы, жылы	
Бітірген оқу орны	
Оның мамандығы	
Алғаш еңбек еткен жері	
Отбасы жағдайы	
Отбасы құрамы	

7. Ақпараттардың ретін көрсетіңіз.

1. Дарын, Арай, Москва, Санжар, Ермеков
2. Әке, бала, жұбай, заңгер, ана
3. Мектеп, университет, институт, қала, факультет
4. Заңгер, прораб, мұғалім, үй шаруасы, оқу орны
5. Мекенжай, қала, қыркүйек, көше, Москва

**ЖАЗЫЛЫМ****1. Жоғарыдағы сұқбатқа сүйеніп, қысқаша өмірбаяныңызды жазыңыз.****Өмірбаян**

2. Модель бойынша жазыңыз.

Жансая	1982, 7 қараша	Қарағанды	дәрігерлер отбасы	туған
Галина	1979, 3 ақпан	Қостанай	инженерлер отбасы	
Оксана	1995, 12 наурыз	Теміртау	құрылысшылар отбасы	
Айбат	1991, 27 шілде	Нұра ауданы	кәсіпкерлер отбасы	

II МОДУЛЬ. ОҚУ-КӘСІБИ САЛА

3-САБАҚ. КЕҢЕСТЕ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Кеңес	Мәселе	Іс-шара
Аппараттық кеңес	Ақпарат	Мерекелік шара
Өндірістік кеңес	Ақпарат ұсыну	Талдау
Селекторлық кеңес	Есеп	Талқылау
Тәртіптік кеңес	Міндет	Қарастыру
Лездеме	Тапсырма	Жіберу
Отырыс	Ұсыныс	Жолдау
Жиын	Хаттама	Ағымдағы жұмыс
Күн тәртібінде	Шешім	Сыйақы

! ГРАММАТИКА

Етістіктің бұйрық райы

Мен қарастыр+айын \ жібер+ейін, талда+йын \ есепте+йін
 Сен қарастыр \ жібер, талда \ есепте
 Сіз қарастыр+ыңыз \ жібер+іңіз, талда+ңыз \ есепте+ңіз
 Ол қарастыр+сын \ жібер+сін, талда+сын \ есепте+сін
 Біз қарастыр+айық \ жібер+ейік, талда+йық \ есепте+йік
 Сендер қарастыр+ыңдар \ жібер+іңдер, талда+ңдар \ есепте+ңдер
 Сіздер қарастыр+ыңыздар \ жібер+іңіздер, талда+ңыздар \ есепте+ңіздер
 Олар қарастыр+сын \ жібер+сін, талда+сын \ есепте+сін

2. Бұйрық мәндегі тиісті етістіктерді қойыңыз.

Мен лездемеге қысқаша ақпарат _____.
 Сен аппараттық кеңесте хаттама _____.
 Сіз селекторлық кеңеске мәлімет _____.
 Олар өндірістік кеңеске есептерін _____.
 Біз ғылыми кеңестің отырысында баяндама _____.
 Сендер тәртіптік кеңесте ұсыныстарыңды _____.
 Сіздер жиналысқа жоспарларыңызбен _____.
 Олар жиында тоқсан қорытындысын _____.



3. Бос орынға бұйрық мәнді етістіктерді қойыңыз.

Ол есепші осы аптада _____. Сіз маған жоспарыңызды _____.
 Қазір қаржы басқармасына факс _____. Түстен кейін қалалық әкімдікке
 телефон _____. Сіздің компьютеріңізді бағдарламашы _____.

Мезгіл мәнді құрылым

уақытында, жылдам, тез арада, дер кезінде, шұғыл түрде, жедел түрде

Мысалы: Тапсырманы шұғыл түрде орындаңыздар.

4. Қажетті нұсқаны қойыңыз.

Жылдық есепті жылдам әзірлейін.

Хаттамаларды _____ толықтыр.

Баяндаманы _____ жазыңыз.

Ақпаратты _____ жолдасын.

Анықтамаларды _____ толтырайық.

Тапсырманы _____ орындаңдар.

Құжаттарды _____ тексеріңіз.

Міндеттерін _____ атқарсын.

? СӨЙЛЕСІМ**1. Бастық пен хатшы арасындағы сұхбатты оқыңыз. Үлгі бойынша сұхбаттасыңдар**

Бастық: - Қайырлы таң!

Хатшы: - Сәлеметсіз бе?

Бастық: - Айнұр, кешегі тапсырманы орындадың ба?

Хатшы: - Иә, орындадым.

Бастық: - Жақсы. Онда маған тез арада бөлім бастықтарын шақыршы.

Хатшы: - Қазір шақырайын.

ОҚЫЛЫМ**1. Мәтінді оқыңыз.**

Басқарма басшысы осы дүйсенбіде таңертеңгі сағат 9-да аппараттық кеңес өткізді. Кеңеске басшының орынбасары, бөлім басшылары және бас бухгалтер қатысты. Онда екі мәселе қаралды, біріншісі – осы айдағы маңызды мәселелерді шешу; екінші мәселе – Наурыз мейрамын өткізу. Бірінші мәселе бойынша бөлім басшылары сөз сөйледі, ағымдағы жұмыстар бойынша есеп берді. Екінші мәселе бойынша мерекелік шараны өткізу туралы кеңеске қатысушылардың ұсыныстары тыңдалды.

Аппараттық кеңес соңында келесідей шешімдер қабылданды: I тоқсанда атқарылған жұмыстардың қорытынды есебін әзірлеу, II тоқсанның жоспары бойынша ұсыныстар беру. Ал екінші мәселе бойынша мерекелік шараға әр бөлімнен концерттік нөмір беру.

Тапсырмаларды уақытында орындау талап етілді.

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Аппараттық кеңес қай уақытта өткізілді?
2. Кеңеске кімдер қатысты?
3. Қандай мәселелер қаралды?
4. Бөлім басшыларына қандай тапсырмалар берді?
5. Басшы нені талап етті?

2. Мәтін бойынша тапсырмаларды орындаңыз.

- Мәтінге тақырып қойыңыз.
- Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.
- Мәтіндегі тірек сөздерді табыңыз.

3. Модель бойынша сөйлем құраңыз.

Лездеме
Кеңес
Жиналыс
Отырыс
Жиын

жылдық жоспар
еңбек тәртібі
баяндама
мекеменің бюджеті
III тоқсан қорытындысы

талқылау
қарау
талдау
жасау
қарастыру

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
Аудан әкімдігінде кезекті селекторлық кеңес өткізілді.		
«Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі шаруашылығы» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы Т.Сәтбаев хабарлама жасады.		
Ж.Албан – Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы.		
Аудан әкімі бөлім басшыларына тапсырмалар берді.		

ЖАЗЫЛЫМ

1. Кестені толтырыңыз.

Жиналыстың формасы	Өткізілетін күні	Ұзақтығы	Қатысушылар	Мақсаты
Лездеме	Әр дүйсенбі	15-20 минут	Барлық ұжым	Бір аптаның жұмысын жоспарлау

2. Сурет бойынша әңгіме құрастырыңыз.



3. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Бүгін лездемеде мерекелік шара туралы мәселе қаралды.

Бүгін	лездеме	ағымдағы жұмыс	мәселе қарау
Кеше	жиналыс	мерекелік сыйақы	
Түске дейін	кеңес	әкімнің тапсырмасы	
Түстен кейін	ақпараттық кеңес	тәртіптік шара	
Таңертең	отырыс	жылдық есеп	

Бір нәрсені түсіну үшін, оны жасау керек.
Софокл.

II МОДУЛЬ. ОҚУ-КӘСІБИ САЛА

4-САБАҚ. ТОҚСАНДЫҚ ЖОСПАР

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Апталық жоспар/есеп	Жоспармен танысу	Дайындау
Айлық жоспар/есеп	Жоспарды орындау	Жоспарлау
Тоқсандық жоспар/есеп	Стратегиялық жоспар	Толықтыру
Жартыжылдық жоспар/есеп	Алдағы жоспар	Тырысу
Жылдық жоспар/есеп	Атқарылған жұмыс	Көрсету
Жобаны дайындау	Кесте	Қосу
	Жоба	Бекіту

! ГРАММАТИКА

Мезгіл мәнді құрылым

Көмекші сөздер: **аралығында, ішінде**
Мысалы: ақпанның 1-5 аралығында, келесі аптаның дүйсенбі-бейсенбі аралығында, осы айдың 15-20 аралығында, 2017 жылдың 1 мен 5 сәуір аралығында.
Осы/келесі аптаның/айдың/жылдың ішінде

1. Тиісті уақытты қойыңыз.

_____ ішінде дөңгелек үстел жоспарланып отыр. _____ жылдың _____ аралығында қазақ тілі курсы өткізіледі. Жобаны _____ ішінде аяқтауға тырысыңыздар. _____ аптаның _____ аралығында мерекелік іс-шара ұйымдастыру қажет.

Міндеттілік модальдығы

Етістік+тұйық етістік (-у) +(-ға/-ге)
+міндетті/міндетті емес+жіктік жалғауы

Мысалы: Жылдық есепті желтоқсанның 25-28-і аралығында тапсыруға міндеттісіздер.

Етістік+тұйық етістік (-у) +ға/ге+ тиіс/тиіс емес+жіктік жалғауы

Мысалы: Жоспарды тез арада тапсыруға тиіссіз. Жоспарды құрастыруға мен тиісті емеспін.

2. Қажетті нұсқаларды қойыңыз.

Мен жоспарды құрастыруға міндетті ___/тиіс ___
Сен бұйрықты орындауға міндетті ___/тиіс ___
Сіз қызметіңізді атқаруға міндетті ___/тиіс ___
Ол ақпаратты жіберуге міндетті ___/тиіс ___
Біз есеп тапсыруға міндетті ___/тиіс ___
Сендер құжатты дайындауға міндетті ___/тиіс ___
Сіздер семинарды өткізуге міндетті ___/тиіс ___
Олар ісқағаздарын түзетуге міндетті ___/тиіс ___

? СӨЙЛЕСІМ

1. Модель бойынша сұқбаттасыңыз.

апталық жоспар
айлық есеп
тоқсандық жоспар
жылдық жоспар
стратегиялық жоспар

осы жылдың ішінде
тамыздың 1-5 аралығында
21-25 сәуір аралығында
келесі аптаның ішінде
қазан айының ішінде

әзірлеуге міндетті
тапсыруға тиіс

2. Полилогті рөлге бөліп оқыңыздар, тақырып бойынша өзара сұқбаттасыңыздар.

Басқарма басшысы: Жылдық жоспарларыңыз дайын ба? Қашан тапсырасыздар?

Ақпарат бөлімінің басшысы: Жоқ, әлі дайын емес. Осы аптаның ішінде тапсырамын.

Басқарма басшысы: Тездетіңіздер. Басқа бөлімдер ше?

Қаржы бөлімінің басшысы: Біздің бөлім құрастырып болдық. Тек келесі жылдың бюджеті туралы сізбен ақылдасатын жұмыстар бар.

Басқарма басшысы: Жақсы, кеңестен кейін қалыңыз. Бірге талқылайық. Кадр бөлімі, сіздер ше?

Кадр бөлімінің басшысы: Жоспардың жобасын алып келдім.

Басқарма басшысы: Қане, көрсетіңіз.

Кадр бөлімінің басшысы: Міне, бірақ әлі де толықтыратын жерлері бар.

Басқарма басшысы: Онда толықтырып, келесі дүйсенбіге дейін бітіріп алып келіңіз. Қызметкерлерге қазақ тілін оқыту курсы қосуды ұмытпаңыз.

Кадр бөлімінің басшысы: Жақсы.

Басқарма басшысы: Бөлімдегі мамандарыңыз да көмектессін. Осы аптаның ішінде тапсыруға міндеттісіздер.

Бөлім басшылары: Жақсы, оған дейін жасап бітіреміз.

Басқарма басшысы: Алдымен жылдық жоспарды бекітейік. Сонан кейін басқарманың стратегиялық жоспарын әзірлеуіміз қажет.



ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Әр бөлімнің үш айға арналған тоқсандық жоспары болуы тиіс. Оны бөлім бастығы құрастыруға міндетті. Жоспарда атқарылуға тиісті жұмыстар ретімен көрсетіледі. Оны басқарма бастығы тексеріп, талдайды, түзетулер енгізеді. Дайын жоспарды бекітіп, қол қояды. Жоспарда бөлім қызметі бойынша атқарылуға тиісті жұмыстар, алдағы негізгі іс-шаралар, іссапарлардың кестесі тағы басқа жұмыстар жазылады. Өткізілетін күні нақтыланып, жауапты қызметкерлер бекітіледі. Қандай уақыт аралығында орындалатыны көрсетіледі. Әр бөлім тоқсан қорытындысы және атқарылған жұмыс жоспарының орындалуы бойынша тоқсандық есеп тапсыруы тиіс.

Сонымен бірге әр қызметкер өз саласы бойынша атқаратын жұмыс жоспарын құрастыруы тиіс. Күнделікті және жоспарда бекітілген жұмыстарды өз мерзімінде орындауға міндетті.

2. Мәтін не туралы? Ол туралы айтыңыз.

- Жоспардың түрі
- Құрастыратын адам
- Жоспарды бекітетін адам
- Жоспарға енгізілетін жұмыстар
- Жоспардағы жұмысты орындаушылар
- Жоспар бойынша тапсыратын жұмыс
- Әр қызметкерге тиісті жұмыс

3. Берілген тапсырмаларды орындаңыз.

- Мәтінге тақырып қойыңыз.
- Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.
- Мәтіндегі тірек сөздерді табыңыз.
- Тақырыпқа қатысты грамматикалық құрылымдардың астын сызыңыз

4. Сіз кеңесте бөлімнің алдағы жұмыс жоспары туралы баяндауыңыз керек. Жоспарға енгізетін ұсыныстарыңызды жазыңыз.

1. Қызметкерлердің компьютерлік сауаттылығын арттыруға байланысты семинар ұйымдастыру;
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

 **ТЫҢДАЛЫМ**

1. Сұқбатты тыңдаңыз. Осы тақырыптың грамматикалық құрылымдарымен толықтырыңыз.

- Бөлім басшысы: Аяулым Ришатқызы, тоқсандық жоспарда көрсетілгендей, өз салаңыз бойынша есеп _____.
- Бас маман: Есепті қашанға дейін _____?
- Бөлім басшысы: Келесі _____ жиналыс өткізу жоспарланып отыр.
- Бас маман: Сонда 5-іне дейін _____ ғой.
- Бөлім басшысы: Иә, осы аптаның аяғына дейін _____.
- Бас маман: Жақсы, бітіремін.
- Бөлім басшысы: Нақты әрі қысқа жазыңыз.
- Бас маман: Есепте жоспардағы жұмыстардың барлығын _____ бе?
- Бөлім басшысы: Жоқ, атқарылған жұмыстар бойынша әзірлеңіз.
- Бөлім басшысы: Рақмет!

 **ЖАЗЫЛЫМ**

1. Топтық жұмыс. Бөліміңіздің тоқсандық жұмыс жоспарының қысқаша жобасын әзірлеңіздер. Кестені толтырыңыздар.

№	Атқарылатын жұмыстар	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1				
2				
3				
4				
5				

2. Тоқсандық жоспар бойынша жауапты бөлімді не қызметкерлерді бекітіңіз.

№	Тапсырмалар	Жауаптылар
1	Құрылымдардан келген хаттарды тіркеу	
2	БҒМ-ға ақпарат жолдау	
3	Құжаттарға аударма жасау	
4	Мекемелермен келісімшарттар жасасу	
5	Мерекелік іс-шараны ұйымдастырып, өткізу	
6	Қызметкерлердің еңбекақысын есептеу	
7	Аппараттық кеңестің хаттамасын толтыру	
8	Айлық/тоқсандық/жылдық есептер әзірлеу	

II МОДУЛЬ. ОҚУ-КӘСІБИ САЛА

5-САБАҚ. КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Кәсіби шеберлік
Кәсіби деңгей
Біліктілігін арттыру
Қайта даярлау
Кәсіби деңгейін көтеру/жоғарылату
Кәсіби дағдыларды жетілдіру
Республикалық/облыстық семинар
Ғылыми конференция
Дөңгелек үстел

1. Сіз кәсіби деңгейіңізді қалай көтересіз?

2. Өз біліміңізді көтерумен айналысасыз ба?

3. Біліктілікті арттыру үшін қандай курстарға бару қажет?

4. Кәсіби деңгейі жоғары маман болу үшін не істеу керек?

! ГРАММАТИКА

Қажеттілік модальдығы
Етістік+ тұйық етістік (-у) +
тәуелдік жалғау+ керек/қажет

Мысалы: жетілдіру керек,
арттыру қажет, көтеру керек,
жоғарылату қажет.

Кәсіби деңгейді көтеру үшін
біліктілікті арттыру курстарына
бару керек/қажет.

1. Қажетті қосымшаларды қойыңыз.

Менің баруым/кетуім керек/қажет

Сенің бару _____ /кету _____ керек/қажет

Сіздің бару _____ /кету _____ керек/қажет

Оның бару _____ /кету _____ керек/қажет

Біздің бару _____ /кету _____ керек/қажет

Сендердің бару _____ /кету _____ керек/қажет

Сіздердің бару _____ /кету _____ керек/қажет

Олардың бару _____ /кету _____ керек/қажет

2. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

_____ үшін
кәсіби деңгейімді көтеруім керек.

_____ үшін
біліміңді жетілдіруім қажет.

_____ үшін
шеберлігіңізді көрсетуіңіз керек.

_____ үшін
біліктілігін арттыруы қажет.

3. Бос орынды толықтырыңыз.

Мен семинарға _____ бардым. Асқар Астанадан _____ келді.
Зере ҚарМУ-ге _____ келді. Әдемі көйлекті _____ алдым.

Керекті сөздер: тойға бару үшін, конференцияға қатысу үшін, тәжірибе алмасу, туған күнмен құттықтау үшін.

ТЫНДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдап, тиісті етістіктерді қойыңыз.

Кәсіби шеберлік дегеніміз – алған білімді жұмыста _____ және біліктілікті _____ . Біліктілікті арттыру – заман талабы. Мемлекеттік қызметшілерге кәсіби дағдыларын _____ үшін «Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және қайта _____» ММ-нен курстан _____ керек. Мемлекеттік қызметшілердің оқу Стандарттарына сәйкес қосымша кәсіби білім _____ қажет. Сонымен қатар, жаңа кәсіби қызметке және ұзақ мерзімді міндеттерге сәйкес кәсіби білімін _____ қажет. Оқу бағдарламасы бойынша алған білімін тәжірибеде _____ қажет.

СӨЙЛЕСІМ

1. Сұқбаттарды рөлге бөліп оқып, әріптесіңізбен өзара сөйлесіңіз.

1-сұқбат

Басшы: Ақбота Ерболқызы, қыркүйектің 20 күні «Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеру және қайта даярлау» ММ-де курс басталады екен.

Ақбота Ерболқызы: Кімді жіберейік?

Басшы: Жас маман Дарын Думанұлын жіберу керек.

Ақбота Ерболқызы: Жақсы. Курс неше күндік?

Басшы: 3 апталық. Қазір өзіне айту керек.

Ақбота Ерболқызы: Қазір айтамын.

Басшы: Курсқа жіберу туралы бұйрық шығарыңыз.

Ақбота Ерболқызы: Қай күнмен шығару керек?

Басшы: Курсқа кететін күнмен.



2-сұқбат

Ақбота Ерболқызы: Дарын, қыркүйектің 20-сынан бастап «Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін көтеру және қайта даярлау» ММ-де 3 апталық курсқа барасыз.

Дарын: Не үшін?

Ақбота Ерболқызы: Біліктілігіңізді арттыру үшін.

Дарын: Міндетті түрде баруым керек пе?

Ақбота Ерболқызы: Әрине, 3 жылда бір рет курстан өту керек.

Дарын: Жарайды.

Ақбота Ерболқызы: Жұмыстарыңызды реттеп, бас маман Әйгерімге тапсырып кетесіз.

Дарын: Жақсы, қазір кірісемін.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқып, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Мен – жас маманмын, мемлекеттік қызметтемін. Мемлекеттік қызметшінің кәсіби деңгейі жоғары болуы керек. Сол себепті кәсіби деңгейімді көтеру үшін Қазақстан Республикасының заңдарын оқып, бұйрықтармен, нұсқаулармен және нормативтік-құқықтық актілермен танысуым керек. Біліктілікті арттыру курстарына барып тұруым керек, сонымен қатар міндетті түрде қазақ тілі курсына қатысуым керек. Ісқағаздарын, құжаттарды қазақ және орыс тілдерінде жазуға дағдылануым қажет. Кәсібіме қатысты газет-журналдар оқып, сайттағы жаңалықтармен танысуым керек.

Бір сөзбен айтқанда, үнемі өз білімімді көтерумен айналысуым қажет. Сонда ғана мен шебер маман болатыныма сенемін.

1. Кәсіби деңгейі жоғары маман қандай болуы керек?

2. Мәтін бойынша берілген тапсырмаларды орындаңыз.

Мәтінге тақырып қойыңыз.

Мәтіндегі етістіктерді теріп жазыңыз.

Етістіктермен сөйлем құраңыз.

3. Дұрыс-бұрысын тексеріңіз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
Ол мемлекеттік қызметші.		
Ол нормативтік-құқықтық актілерді жақсы біледі.		
Жас маман қазір қазақ тілі курсына қатысып жүр.		
Ол сайттағы жаңалықтармен әлі танысқан жоқ.		
Ол шебер маман болу үшін не істеу керектігін біледі.		

**ЖАЗЫЛЫМ****1. Сұраққа жауап жазыңыз.**

Кәсіби деңгейіңізді қалай көтересіз?

2. Тақырыптарын жазыңыз.

Сіз біліктілігіңізді арттыру үшін немесе қызметіңіз бойынша	
қандай курс, семинарларға қатыстыңыз?	қандай дәрістер тыңдадыңыз?
<hr/>	<hr/>
<hr/>	<hr/>
<hr/>	<hr/>
<hr/>	<hr/>
<hr/>	<hr/>
<hr/>	<hr/>
<hr/>	<hr/>
<hr/>	<hr/>
<hr/>	<hr/>

II МОДУЛЬ. ОҚУ-КӘСІБИ САЛА

6-САБАҚ. БІЗДІҢ ҰЖЫМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Ұжым	Топтасқан адамдар	Кәсіби деңгейі жоғары
Ұйым	Қызметтес адамдар	Білікті
Әлеует	Ұжымдағы орта жас	Сауатты
Қоғамға пайдалы қызмет	Қарым-қатынас	Тәжірибелі
Ортақ мақсат	Ұйымшыл	Тәлімгер

! ГРАММАТИКА

Салыстыру мәнді құрылым
Көмектес септігі+салыстырғанда,

Мысалы: Бұрынғы ұжыммен салыстырғанда, қазіргі ұжымым үлкен.

Барыс септігі+қарағанда

Мысалы: Ұжымда заңгерлерге қарағанда, экономистер көп.

1. Тиісті қосымшаларды қойыңыз.

Бұрынғы жылдарға _____, қазір ұжымда кадр біршама тұрақталды.

Басшымен _____, орынбасардың әлеуеті жоғары.

Ұжымдағы жігіттермен _____, қыздар жұмысқа жауапты.

Ұжымда ер-азаматтарға _____, әйел азаматшалар көп.

Көптік мәнді есімдер

Лексикалық мағынасы көптік ұғымды білдіретін сөздерге көптік жалғауы жалғанбайды:
Мысалы:

1. Кәсіп атаулары: егіншілік, ақындық, т.б.
2. Дерексіз зат есімдер: достық, сыйластық, т.б.
3. Жұп нәрселердің атаулары: қолғап, етік, сырға, т.б.
4. Қимылдың, күй-жайдың атаулары: күлкі, қуаныш, реніш.
5. Қос дене мүшелерінің атаулары: кейбір контексте: Аяғыңа етік ки. Көзі үлкен.
6. Ғылым салаларының аты: физика, тарих, диалектология, т.б.
7. Сан жағынан заттың біреу емес, бірнешеу екендігін білдіретін сөздер: 2 бөлім, 7 қызметкер, жүзге тарта адам, он шақты кітап, көп күн, аз кісі.
8. Көптік ұғымды білдіретін сөздер: ұжым, ұн, қант, мұнай, тары т. б.

2. Лексика-грамматикалық тестті орындаңыз.

1. Көптік жалғауы жалғанбайтын сөзді табыңыз.

- A) тұз
- B) тағам
- C) сусын
- D) бауырсақ

2. Санауға келмейтін затты белгілеңіз.

- A) гүл
- B) ағаш
- C) көлік
- D) мұнай

3. «-тер» қосымшасын жалғауға болатын сөзді көрсетіңіз.

- A) адам
- B) маман
- C) әріптес
- D) қызметкер

4. Қате құрылған сөйлемді табыңыз.

- A) Ұжымда 21 қызметкерлер бар.
- B) Қызметкерлер бір-бірімен тату.
- C) Қызметкерлердің білімі жоғары.
- D) Қызметкерлердің көбі заңгерлер.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдап, дұрыс-бұрысын тексеріңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
Ұжым – ортақ мақсатқа жұмыла еңбек ететін адамдар тобы.		
Қызметтес адамдардың барлығы бір-біріне әріптес емес.		
Әріптестер бір ұйымда бірігіп жұмыс жасайды.		
Әріптестер – әртүрлі жастағы адамдар.		
Әріптес болу белгілі бір мамандықтар бойынша бөлінбейді.		

СӨЙЛЕСІМ

1. Топтық жұмыс. Сұрақтарға сүйеніп, «Менің ұжымым» тақырыбына сөйлесіңіздер.

- Қай мекемеде қызмет істейсіз?
- Ұжымыңыз үлкен бе?
- Ұжымда қандай мамандық иелері жұмыс істейді?
- Олардың лауазымдары қандай?
- Ұжымыңыздағы орта жас қанша?
- Ер-азаматтар көп пе, әлде әйел азаматшалар көп пе?
- Жастарға қарағанда, ұжымдағы еңбек өтілі көп мамандар қандай?
- Ұжымыңыздың құрамы өзгерді ме?
- Бұрынғы ұжымыңызбен салыстырғанда, қазіргі ұжымыңыз қандай?
- Сізге ұжымыңыз ұнай ма?

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Біздің мекеме «Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ деп аталады. Мекемеміз Лобода көшесінде орналасқан.

Басқармада 7 бөлім бар. Ұжым шағын. Барлық қызметшілер саны – 25. Ұжымда әртүрлі мамандық иелері еңбек етеді. Олар: мал шаруашылығы бойынша мамандар, мал дәрігерлері, агрономдар, экономистер, бухгалтерлер, бағдарламашы және хатшы. Ұжымдағы орта жас – 35-40 жас. Бұрынғы ұжыммен салыстырғанда, қазіргі ұжымымыз жас. Былтырдан бері жастар көп келді. Жас мамандардың барлығы жоғары білімді, жан-жақты, сауатты және іскер. Сонымен қатар ұжымда бірнеше жылдан бері еңбек етіп келе жатқан қызметкерлер де бар. Олар жастарға қарағанда, өте тәжірибелі, кәсіби деңгейлері жоғары, білікті мамандар. Жастардың тәжірибесі аздау, сондықтан оларға тәлімгерлер бекітіліп берілген. Ұжымдағы әр маман өзіне жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен атқарады.

Әріптестердің бір-бірімен қарым-қатынастары жақсы. Біздің ұжым тату және ұйымшыл.

2. Мәтін бойынша ақпаратты толықтырыңыз.

1. Мекеменің атауы: _____
2. Бөлімдер саны: _____, қызметшілер саны: _____
3. Ұжымда жұмыс істейтін мамандар: _____
4. Мамандардың кәсіби біліктілігі: _____
5. Ұжым мүшелерінің ерекшелігі: _____

1. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

Басқарманың ұжымы
 Ұжымдағы әр маман
 Жас мамандар
 Мамандықтары
 Ұжымдағы орта жас
 Бірнеше жыл жұмыс істейтін қызметкерлер

35-40 жас
 мал шаруашылығы бойынша мамандар
 өте тәжірибелі, білікті мамандар
 шағын, тату әрі ұйымшыл
 жан-жақты, сауатты, жоғары білімді
 міндеттерін жауапкершілікпен атқарады

2. Берілген тапсырмаларды орындаңыз.

- Мәтінге тақырып қойыңыз.
- Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.
- Мәтіндегі тірек сөздерді табыңыз.

**ЖАЗЫЛЫМ****1. Берілген тақырып бойынша шағын әңгіме жазыңыз.****Біздің бөлім**

2. Сурет бойынша мәтін құрастырыңыз.

II МОДУЛЬ. ОҚУ-КӘСІБИ САЛА

7-САБАҚ. КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕР

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Құттықтау хат
 Үкімет тарапынан марапатталу
 Маңызды мерекелер
 Құрметті, қадірлі, аса қадірлі
 Қымбатты
 Құттықтау себебі
 Құттықтаушы
 Қуаныш иесі
 Шынайы көңілден
 Ұжымы атынан
 Ізденімпаз
 Талғампаз

Есте сақтаңыз!

- -Сіз осы жылдар аралығында зор жетістіктерге (табыстарға) жеттіңіз.
- -Сіз өзіңізді іскер маман ретінде көрсете білдіңіз.
- -Қызметкерлер арасында сіздің беделіңіз жоғары.
- -Сіздің медицина (экономика, филология т.б.) саласына, фирманың (кәсіпорынның, мемлекеттің) өркендеуіне қосқан үлесіңіз зор т.б.

! ГРАММАТИКА

Зат есімнің рең мәнді жұрнақтары

1. Құрметтеу мағынасындағы қаратпалар:

-**й:** аға+й, апа+й, әке+й

-**еке,-ке,-қа:** Ауж-еке, Сә-ке, Мұ+қа

2. Еркелету мағынасындағы қаратпалар:

-**тай:** әке+тай, аға+тай

-**жан:** аға+жан, апа+жан

-**шақ,-шек:** құлын+шақ

-**ш,-ыш,-іш:** қалқа+ш

3. Кішірейту мағынасындағы қаратпалар:

- **қай:** бала+қай

-**шық,-шік:** қалашық, төбе+шік

-**ша,-ше:** сандық+ша, көрпе+ше

1. Құрметтеу және еркелету мағынасындағы қаратпаларды қойыңыз.

_____, мерейтойыңызбен құттықтаймын.

_____, үлкен жігіт бол!

_____, сіз құқық қорғау органдарына зор үлес қостыңыз.

_____, сіз кәсіби деңгейі жоғары мамансыз.

_____, кәсіби мерекеңіз құтты болсын!

_____, әріптестер арасында зор беделге иесің.

_____, төл мерекеңізбен құттықтаймын!

_____, қызметте өрлей бер!

_____, барған жеріңде бақытты бол!

Синонимдер

Мағынасы жақын сөздер

Мысалы: Құрметті, қадірлі, қадірменді, ардақты.

Жиналыс, кеңес, отырыс, жиын.

2. Синонимдер қатарын толықтырыңыз.

Денсаулық – зор, _____, _____

Бақыт – баянды, _____, _____

Ғұмыр – ұзақ _____, _____

Табыс – мол, _____, _____

Еңбек – табысты, _____, _____

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдап, толықтырыңыз.

Құттықтау хат

Құттықтау хат _____, үкімет тарапынан _____, маңызды _____ және тағы басқа жағдайларда жолданады.

Құттықтау хат _____, _____, _____, _____ деген сөздермен басталады. Содан кейін құттықтау _____ жазылады. Сосын құттықтаушы қуаныш иесінің _____ туралы жазуы керек.

Осыдан кейін _____ жазылады. Соңында құттықтаушының аты-жөні _____, _____, _____ деген сөздермен аяқталады.

2. Мәтін бойынша құттықтау хаттың құрылымын жазыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

3. Өзіңіз білетін тілектер қатарын жазыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

? СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Төменде берілген кәсіби мерекелер туралы ақпаратты басшылыққа алып, әріптесіңізбен сұқбаттасыңыз.

- Медицина қызметкері күні (маусымның үшінші жексенбісі)
- Баспасөз, теледидар және радио күні (маусымның соңғы жексенбісі)
- Metallург күні (шілденің үшінші жексенбісі)
- Көлік және байланыс қызметкерлері күні (тамыздың бірінші жексенбісі)
- Құрылысшы күні (тамыздың екінші жексенбісі)
- Спорт күні (тамыздың үшінші жексенбісі)
- Шахтер күні (тамыздың соңғы жексенбісі)
- Мұғалім күні (қазанның бірінші жексенбісі)
- Ауыл шаруашылық қызметкерлері күні (қарашаның үшінші жексенбісі)
- Энергетик күні (желтоқсанның үшінші жексенбісі).

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Әдетте, хаттың бұл түрлері ұйымдарда, мекемелерде, оқу орындарында және кәсіпорындарында жиі қолданылады. Олар ұлттық және мемлекеттік, сондай-ақ елімізде белгіленген кәсіптік және өзге де мерекелерге байланысты болып келеді. Оның үстіне әр ұжымда атап өтілетін мерейтойларды қосар болсақ, мекемелердегі кадрлар бөлімдері мен мемлекеттік тіл жөніндегі мамандарға, басшылардың қабылдау бөлмелеріндегі хатшыларға артылар жүк жеңіл емес.

Құттықтауға да, алғыс және құттықтау хаттарға да қойылар талап жоғары. Мұндай жауапты құжаттарды дайындайтын маман білікті болу керек. Ол, алдымен, құттықтау, алғыс және құттықтау хаттардың өзіндік ерекшеліктерін есте ұстап, әрқайсысын құрастыруға күні бұрын дайындалуға тиіс. Қазір, газеттер мен журналдар беттерінде басшылыққа алар материалдар жеткілікті, тек әркім ізденімпаз және талғампаз болса болғаны.

Құттықтау қысқа да нұсқа болып келеді. Ол белгілі біреуді атаулы мерекемен құттықтаудан, мерекенің мәні мен маңызын аша отырып, сол адамға арнайы тілек білдіруден тұрады.

2. Дұрыс-бұрысын тексеріңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
Ұйым, мекеме және кәсіпорындарында жиі қолданылады.		
Елімізде белгіленген кәсіптік мерекелерде ғана жазылады.		

Құттықтау, алғысхат, құттықтау хат – жауапты жұмыс.		
Құттықтауларды газет пен журнал беттерінен алады.		
Біреуді атаулы мерекемен құттықтаудан, арнайы тілектен тұрады.		

3. Берілген тапсырмаларды орындаңыз.

- Мәтінге тақырып қойыңыз.
- Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.
- Мәтіндегі тірек сөздерді табыңыз.



4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Мекемеңізде құттықтау хат жазатын маман бар ма?
- Құттықтау хат жазу неліктен оған жүктеледі?



ЖАЗЫЛЫМ

1. Құттықтау хат үлгісін оқыңыз.

Құрметті Гүлмира Жарасбайқызы!

Сізді Медицина қызметкерлерінің күнімен құттықтаймыз.

Денсаулық – адам үшін баға жетпес байлық. Бұл күн – құрмет пен алғысқа бөленген, Гиппократ антын қабылдап, қай кезде болмасын әрдайым сенімділікті сақтайтын, асқан шеберліктің иесі ақ халатты абзал жандардың мерекесі. Медицина кәсібі – адамгершіліктің асылы.

Сіз Денсаулық сақтау саласында 30 жыл қызмет еттіңіз. Осы жылдар аралығында денсаулық сақтау саласына көп үлес қостыңыз. Өз мамандығының қыр-сырын меңгерген кәсіби деңгейі жоғары мамансыз. Әріптестер арасында жоғары беделге иесіз.

Сізге ұжым атынан зор денсаулық, мол бақыт, ашық аспан, қажымас қайрат, төзімділік пен күш-қуат, еңбекте табыс және отбасының амандығын тілейміз.

Ізгі тілекпен: Денсаулық сақтау басқармасының мамандары

2. Бос орынға тиісті сөздерді қойып, құттықтау хатты толықтырыңыз.

Қадірлі _____!

Сізді _____ құттықтаймыз.

Сіз осы жылдар аралығында _____ саласына _____ қостыңыз.

_____ арасында сіздің _____ жоғары.

Сізге _____, _____, _____, _____ тілейміз.

Ізгі тілекпен: _____

3. Үлгі бойынша басқа қалада не облыста қызмет ететін әріптестеріңізді кәсіби мерекесімен құттықтап, хат жазыңыз.

_____!

III МОДУЛЬ. Денсаулық – зор байлық

1-САБАҚ. АДАМ КЕЛБЕТІ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Адам келбеті	Сүйкімді	<u>Тілге бейімі жок</u>
Сыртқы келбет	Тартымды	Ауызша баяндау
Сыртқы пішін	Көзілдірікті	Жазбаша сипаттау
Мүсін	Көк көйлекті	Қысқаша суреттеу
Көрікті	Сақалды	Толық суреттеу
Келбетті	Мұртты	
Сымбатты	<u>Тіл үйренуге бейім</u>	

! ГРАММАТИКА

Күрделі сын есім
-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті
 ұзын бой-лы, ірі дене-лі,
 құс мұрын-ды, көк көз-ді,
 қою қас-ты, ақ тіс-ті

1. Үлгі бойынша толтырыңыз.

Бойы орташа – орташа бойлы
 Денесі арық –
 Көзі қоңыр –
 Мұрны дөңес –
 Ерні қалың –
 Маңдайы тар –
 Шашы ақ –

Адам келбетін сипаттауда қолданылатын күрделі сын есімдер

бой	дене/иық/ жауырын	маңдай	көз	мұрын	шаш
ұзын бойлы орташа бойлы қысқа бойлы аласа бойлы	ірі денелі шымыр денелі кең иықты кең жауырынды	кең маңдайлы тар маңдайлы жазық маңдайлы	бота көзді қой көзді қысық көзді	қыр мұрынды пұшық мұрынды жалпақ мұрынды таңқы мұрынды дөңес мұрынды	ұзын шашты қысқа шашты қалың шашты жұқа шашты бұйра шашты жирен шашты

Теңеу мәнді құрылым

1. Зат есім+ -дай/-дей, -тай/-тей

Мысалы: ботаның көзіндей, көздері қарақаттай, шиедей қызыл, аппақ қардай

2. Модаль сөздер: бірдей, сондай

Мысалы: Екеуінің бойлары бірдей. Оның да бойы сондай

3. Модаль сөздер: сияқты, сол сияқты, секілді, тәрізді

Мысалы: түрі қазақ сияқты, ол да сол сияқты, үлкендер секілді, бала тәрізді.

2. Қажетті нұсқаны қойыңыз.

Мен әкем секілді _____ жақсы көремін. Менің _____ сияқты мектепте оқығым келеді.
 Сен менікі сияқты _____ сатып алыпсың. Сенің мінезің анаң секілді өте _____.
 Сіз кейде _____ тәрізді болып кетесіз. Сіздің келбетіңіз _____ сияқты, сымбатты.
 Ол өте жауапсыз, _____ та дәл сондай. Олар _____ сияқты, бір-біріне ұқсайды.

СӨЙЛЕСІМ

1. Берілген сұқбаттарды оқып, өзара сөйлесіңіз.

1-сұқбат

- Арман Сардарұлы, сізге бүгін бір кісі келді. Аты-жөні есімде жоқ.
- Сыртқы келбеті қандай?
- Сұр костюм-шалбар киген, орта бойлы, қара торы, мұртты кісі.
- Е, ол менің жолдасым ғой.

2-сұқбат

- Ана көк көйлекті, ұзын шашты қыз кім, сіз білесіз бе?
- Ол бізге жаңадан келген жас маман.
- Кім болып орналасты?
- Баспасөз хатшысы болып жұмыс істейді.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Мен өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретемін. Менің тобымда әртүрлі ұлт өкілдері оқиды. Олардың сырт келбеттері де әртүрлі.

Мысалы, топтағы қыздардың барлығы көрікті әрі сымбатты. Маржан мен Алтынайдың ұлты – қазақ, екеуі де қараторы қыздар. Қанат – қой көзді, ал Алтынайдың көзі ботаның көзіндей. Маржан Алтынаймен салыстырғанда, ана тілінде сөйлейді. Ал, Маргарита мен Светлананың ұлты – орыс, олар ақ сары, әдемі қыздар. Маргаританың көзі көкшілдеу, ал, Светлананың көзі жасыл. Екеуінің шаштарының түсі бірдей. Өздері соңғы сәнмен киінеді. Альмираның ұлты – татар, ол аққұба, көзі үлкен, ерні шиедей, нәзік қыз. Ол қазақша жақсы біледі. Алтынай, Маргарита және Светлана Маржан мен Альбина сияқты қазақша жақсы сөйлей алмайды. Любовь – ұзын бойлы, қысқа шашты аққұба қыз. Ұлты – украин. Вера – неміс қызы. Оның да бойы Любовьтікіндей ұзын. Бірақ Любовьқа қарағанда, ол толықтау.

Ал жігіттер келбетті, шымыр денелі. Спортпен айналысады. Руслан – әзірбайжан. Оның жасы 29-да. Ол – ірі денелі, кең иықты жігіт. Ол да Альмира сияқты қазақ тілін жақсы түсінеді. Мушег – 24-тегі армян жігіті. Мушег те Руслан секілді кең иықты. Екеуі де дөңес мұрынды, қалың қасты, сақал-мұрты бар жігіттер.

Бұрынғы тобымдағы тыңдаушылар білімді, тіл үйренуге бейім болған. Қазіргі тобым да дәл сондай.

2. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

- Бірінші азатжол не туралы?
- Екінші азатжол кімдер туралы?
- Үшінші азатжол кімдер туралы?
- Төртінші азатжол не туралы?

3. Әр қатардан артық сөзді алып тастаңыз.

1. маңдай, көз, мұрын, ерін
2. келбетті, көрікті, сымбатты, сүйкімді
3. қара торы, ақ сары, аққұба, жирен
4. қазақ, орыс, шешен, армян

4. Дұрыс-бұрысын тексеріңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
Қазақ тілі курсыңда әртүрлі ұлт өкілдері оқиды.		
Маржан Алтынаймен салыстырғанда, қазақша біледі.		
Маргаританың көзі жасыл, ал, Светлананың көзі көкшілдеу.		
Альмираның ерні шиедей, нәзік қыз.		
Руслан мен Альмира қазақша жақсы біледі.		
Мушег те Руслан сияқты қазақ тілін жақсы біледі.		
Любовьтың ұлты – неміс, Вераның ұлты – украин.		
Любовь Вераға қарағанда, толық.		
Қазіргі тыңдаушылардың тілге бейімі жоқ.		

ЖАЗЫЛЫМ

1. Суреттегі жігіттердің сыртқы келбеттерін сипаттаңыз. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жазыңыз.



Ұлты – орыс

Сіздің ұжымыңыздағы әріптестердің келбеті қандай? Сипаттап жазыңыз.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орындарды толтырыңыз.

Кез келген адамды бір көргенде-ақ оның _____, _____, _____, _____ саған әртүрлі әсер етеді. Онымен _____, _____, _____ кетпей тұрып-ақ, оның қандай адам екендігі жөнінде өзіндік пікір де қалыптастырып үлгіресің. Бұл – адамды адамның _____ арқылы-ақ танып, білу қасиеті. Адамның сыртқы келбеті не _____, не одан _____, кейде тіпті, _____.

Адамның сыртқы келбетіне _____, _____, _____ кіреді. Адамның бойындағының бәрі: _____ де, _____ де, _____ де, _____ да әдемі болуға тиіс. Қазіргі заманда қандай жұмыста болмасын адамнан сыртқы келбетінің _____, киімінің белгілі бір _____ болуы талап етіледі. Сыртқы келбетіне мән беріп, _____ киінген адам өз ортасында, әріптестерінің арасында жүзі жарқын болып жүре алады.

Адам баласы өмірге келгенде, өз-өзіне _____ таңдамайды. Кейбір адамдар сырт келбетінің арқасында _____ қолына қондырса, кей адамдар келбетінің кесірінен _____ жете алмауы да мүмкін.

III МОДУЛЬ. Денсаулық – зор байлық

2-САБАҚ. ӘРІПТЕСІМЕ МІНЕЗДЕМЕ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Сауатты сөйлеу	Жауапкершілігі жоғары және тәртіпті қатаң сақтайды
Жетік білу	Жоғары педагогикалық білімі бар
Еңбек тәртібін сақтайды	Кез келген өзгерістерді қиындықсыз меңгереді
Мамандығының қыр-сырын меңгерген	Келіп түскен хаттарды орыс тілінен мемлекеттік тілге аударарды
Кәсіби деңгейі жоғары	Компьютер бағдарламаларын жітік біледі
Мінезі ашық	
Қызметтік міндеттерін адал атқарады	
Әріптестеріне көмектесуге әзір	
Әріптестерінің арасында беделді байсалды адам	

! ГРАММАТИКА

Мінез-құлыққа қатысты қарсы мәндес сөздер

тиянақты-тиянақсыз

Антонимдер

ашық-тұйық, іскер –олақ, еңбекқор–жалқау, жомарт – сараң, таза – салақ,

Мысалы: Менің әріптесім өте еңбекқор адам.

Мекеме басшысы ашық мінезді адамдарды ұнатады.

1. Мінез-құлыққа қатысты қарсы мәндес сыңарын жазыңыз.

Білімді –	Мәдениетті –	Қайырымды –
Білікті –	Сауатты –	Әдепті –
Беделді –	Ақылды –	Қабілетті –
Белсенді –	Сенімді –	Абыройлы –
Тәжірибелі	Мейірімді –	
Жауапты –	Тәрбиелі –	

2. Берілмеген сөздермен сөйлем құраңыз.

Білімді. _____
Сауатсыз. _____
Жауапты. _____
Сенімсіз. _____
Әдепті. _____

Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар

-қор (еңбекқор), -паз (өнерпаз), -қой, -хана, -мен/бен/пен, -ов/-ев. -ша/-ше жұрнақтары

Мысалы: қазақша жақсы біледі, өзбекше де сөйлейді.

? СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Берілген сөйлемдерді пайдаланып, сұқбаттасыңыздар.

Аталған ұжымға келгеннен бастап ол өзін білімді әрі білікті маман ретінде көрсете білді. Лауазымдық міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақытында орындап отырады. Қазақ, орыс тілдерін жетік, ағылшын тілін жақсы біледі. Екі жоғары білімі бар. Қандай сұрақ болса да, шешуге көмектеседі. Жауапкершілігі жоғары және тәртіпті қатаң сақтайды. Жоғары педагогикалық білімі бар

2. Суреттегі адамдардың мінез-құлқын сипаттап, өзара сұқбаттасыңыздар.



🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Ақпаратты тыңдап, толықтырыңыз.

Адам табиғатын зерттеушілердің болжамы

1. Дөңгелек жүзді адам айналасына _____, төңірегіндегілерге _____ жағдай жасай алатын жан. Олар _____, _____, жақсы қасиеттері үнемі көбейе түсетіндер.
2. Маңдайы жалпақ, иегі сүйірленіп, үшбұрыштанып келген адамның есте сақтау қабілеті _____, бірақ мінезі _____. Өте _____, содан қолға алған ісінен тез жалыға салатын кездері көп.
3. Ат жақты кісі жұртты бір іске бастауға _____, _____, ұйымдастыру қабілеті _____. Қажыр-қайраты, ерік-жігері _____.
4. Қырынан қарағанда томпақ бет болып көрінетін адам _____, _____.

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқып, берілген тапсырмаларды орындаңыз.

Менің әріптесім

Менің әріптесімнің аты-жөні – Боранбаев Мақсат Асанұлы. Ол – орташа бойлы, дене бітімі толықша келген, ашық маңдайлы, тік шашты, қалың қасты, қара көзді, қыр мұрынды, сымбатты жігіт. Жасы 30-дарда.

Мақсат екеуміз бір бөлімде қызмет етеміз. Ол жақында бөлім басшысы болды. Жетекші маманнан осы лауазымға аз уақытта көтерілді. Ол 2007 жылы Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін «Есеп және аудит» мамандығы бойынша бітірген. Мақсат академияны бітіргеннен бастап осы басқармада қызмет істеп жүр.

Мақсат қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік біледі әрі сауатты сөйлейді. Қызмет барысында, тіл білудің көп көмегі болатынын Мақсаттың жұмысынан көруге болады. Мінезі ашық, адамдармен тез тіл табыса алады. Ол ісқағаздарын да сауатты жүргізеді, жұмысына өте жауапты, тиянақты. Өзінің қызметтік міндеттерін адал атқарады, еңбек тәртібін сақтайды. Жоғары заңгерлік білімі бар, мамандығының қыр-сырын меңгерген, кәсіби біліктілігі жоғары әріптесімізді барлығымыз мақтан етеміз. Мақсат әріптестеріне көмектесуге әрқашан дайын. Оны барлығымыз сыйлап, Макс дейміз.

2. Мәтіндегі тірек сөздерді теріп жазыңыз.

3. Кестені Мақсат туралы ақпараттармен толықтырыңыз.

Мақсаттың жеке адами қасиеттері	Мақсаттың іскерлік қабілеті	Мақсаттың білімі	Мақсат туралы әріптестерінің пікірі

4. Мәтін бойынша Мақсатқа мінездеме беріңіз.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Үлгі бойынша әріптесіңізге мінездеме жазыңыз.

Әріптесіме мінездеме

2. Сурет бойынша ұжымдағы мамандардың мінез-құлқын сипаттаңыз.



III МОДУЛЬ. Денсаулық – зор байлық

3-САБАҚ. СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Жүгіру	Шынығу	Хоккей клубы
Жүзу	Жаттығу	Фитнес орталығы
Секіру	Жарыс	Спорт алаңы
Күресу	Олимпиада ойындары	Футбол алаңы
Бокстасу	Спорт түрлері	Күрес
Лақтыру	Спорт кешені	Ауыр атлетика
Тартылу	Спорт сарайы	Мәнерлеп сырғанау
Жеңу, ұту	Мұз сарайы	Жақсы дамып келеді
Жеңілу	Теннис орталығы	Біздің мақтанышымыз

! ГРАММАТИКА

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері – сөйлемнің бір ғана мүшесінің қызметін атқаратын, бір ғана сұраққа жауап беретін, көбінесе бір тұлғада, бір сөз табынан жасалып, бір ғана сөзге қатысты болатын сөздер тобы. Бірыңғай мүшелердің араларына үтір қойылады.

Мысалы: Денені шынықтыру дегеніміз — кез келген физикалық жаттығу. Физикалық жаттығуларға жүзу, жүгіру, секіру, тартылу, сырғанау, доп лақтыру, күресу, бокстасу т.б. жатады.

🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Қажетті нұсқаларды қойыңыз.

1. Маған _____, _____, _____, _____, _____ сияқты спорт түрлері ұнайды.
2. Қазақстанда _____, _____, _____, _____ сияқты спорт түрлері жылдан-жылға жақсы дамып келеді.
3. Қазақстандық боксшылар – _____, _____, _____ – біздің мақтанышымыз.
4. Біздің қаламызда спорт кешендері өте көп. Олар: _____, _____, _____, _____.

Көмекші сөздер: дұрыс, жөн, абзал

Етістік+-ған/-ген, -қан/-кен дұрыс/жөн/абзал

Мысалы: Күні бойы сергек жүру үшін таңертең жүгірген дұрыс.

2. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Денсаулықты сақтау үшін спортпен айналысқан жөн.

Адам	арықтау үшін	күнде	жүгіру	
Бойжеткен	шынығу үшін	жаттығулар	жасау	дұрыс
Қыздар	сымбатты болу үшін	би	айналысу	жөн
Жігіттер	шымыр болу үшін	бұлшық еттерін	жаттықтыру	абзал
Бала	ауырмау үшін	жасынан спорт	беру	
Ұлдар	бойын өсіру үшін	белтемір	тартылу	

? СӨЙЛЕСІМ

1. Сұқбаттарды рөлге бөліп оқыңыздар. Өзара сұқбаттасыңыздар.

1-сұқбат

Ольга: Сіз спортпен шұғылданасыз ба?

Антон: Иә, шұғылданамын.

Ольга: Қандай спорт түрімен шұғылданасыз? Антон: Жүзумен. Ал сіз ше?

Ольга: Мен аэробикамен айналысамын.

Антон: Қай жерде?

Ольга: «Персона» атты фитнес орталығында.



2-сұқбат

Надежда: Антон, қандай спортпен айналысасың?

Антон: Тенниспен.

Надежда: Мен де теннис ойнағанды жақсы көремін.

Антон: Онда, Теннис орталығына бірге барайық.

Надежда: Жарайды. Барсақ, барайық.



🎧 ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдап, ақпаратты толтырыңыз.



Бекзат Саттарханов – _____

Бекзат қатысқан олимпиада – _____

Атағы – _____

Туған жері – _____

Туған жылы – _____

Қайтыс болған жылы – _____

Боксшы атындағы кешен – _____

Спортшы атындағы көше – _____

Бекзат туралы кітап – _____

Ол туралы деректі фильм – _____

Бекзат туралы ән – _____

Бекзаттың марапаты – _____

2. Мәтінді тыңдаңыз. Дәулет Тұрлыханов туралы ақпараттарды анықтаңыз.

1. Д.Тұрлыхановтың туған жылы: _____

2. Туған жері: _____

3. Оқыған оқу орны: _____

4. Атақтары: _____

5. Қызметі: _____

6. Марапаттары: _____



1. Мәтінді оқыңыз.

Спортпен айналысудың өте пайдалы екені жиі айтылып, жарнамаланып жатқанмен, мамандар спортпен айналысу үшін алдымен денсаулықты тексертіп алуға кеңес береді. Себебі денсаулығыңызда проблема бар болса, спортпен абайлап айналысқан жөн. Оның үстіне жаттығу кезінде ағзадан көңіл күйді көтеретін эндорфин гормонымен қоса, белгілі бір мөлшерде токсин бөлінеді екен. Бұл токсиндер тері, бүйрек, бауыр арқылы сыртқа шығарылады. Егер күрделі жаттығулар жасап, адам ағзасына шамадан тыс күш түсірсе, онда зат айналу процесі баяу жүріп, ақырында ауруға шалдығуы мүмкін. Ал ол үшін қандай спорт түрлерімен айналысқан жөн?

Адам ағзасына айтарлықтай күш түсірмейтін әрі хобби болып есептелетін би, жүзу, жүгіру; таза ауада коньки, шаңғы, шана тебу және теннис, бадминтон, баскетбол, футбол, хоккей ойнау өте пайдалы көрінеді. Бұл спорт түрлері адамдарды ұжымдаса отырып қимылдауға, ауызбіршілікке дағдыландырады. Қоғамнан алшақ, оңаша болуды қалаған адам шахмат, дойбы, домино, тоғызқұмалақ ойындарын байқап көргені дұрыс.

Жаттығудан кейін бірден тамақтанбаған жөн. Аздап демалып, су ішіп, душ қабылдаған дұрыс. Сұйық тамақтар ішіп, көкөністер мен жемістер жеуге дағдылану керек.

Егер спортпен айналысуға мүмкіндік болмаса, онда бір мезгіл жаяу жүруді әдетке айналдырған абзал.

2. Азатжолдарға тақырып қойыңыз.

Бірінші азатжол: _____
 Екінші азатжол: _____
 Үшінші азатжол: _____

3. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Бірінші азатжол не туралы?
 Екінші азатжол кімдер туралы?
 Үшінші азатжол кімдер туралы?

4. Мәтін бойынша сөйлемді толықтырыңыз (Сіз не туралы білдіңіз?)

1. Мен бұл мәтіннен спортпен айналысу үшін _____ керектігі жайлы ақпарат алдым.
2. Мен бұл мәтіннен жаттығу кезінде _____ туралы ақпарат алдым.
3. Мен бұл мәтіннен _____ сияқты спорт түрлерімен айналысу керектігі жөнінде мәліметпен таныстым.
4. Мен бұл мәтіннен оңаша болуды қалаған адамға _____ ойындарын ойнау керектігі туралы білдім.
5. Мен бұл мәтіннен жаттығудан кейін _____ керектігі жөнінде толық ақпарат алдым.

1. Суреттер бойынша сөздіктегі сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, мәтін құрастырыңыз.



III МОДУЛЬ. Денсаулық – зор байлық

4-САБАҚ. БІРІНШІ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Түрлі аурулар	Дене қызуы	Қызуы көтерілу
Ауру	Жедел-жәрдем	Жөтелу
Ауру, науқас, сырқат	Дәрумендер	Терлеу
Науқастану	Тәбет	Дем шығару
Сырқаттану	Созылмалы	Дем алмау
Сауығу	Қабыну	Құсу
Жазылу	Әлсіреу	Бас айналу
Жарақат	Шаншу	Жүрегі айну
Бас ауруы	Нығайту	Ауа жетпеу
Қан қысымы	Қадалу	Ентігу

! ГРАММАТИКА

Етістіктің шартты райы

Етістік+ \-са \-се+жіктік жалғауы

Мысалы: Адам спортты өмірлік серігіне айналдырса, ауруды атымен білмейтін болады.

1. Үлгіні оқыңыз.

Мен ауырсам, емделсем
Сен ауырсаң, емделсең
Сендер ауырсаңдар,
емделсеңдер
Ол ауырса, емделсе

Біз ауырсақ, емделсек
Сіз ауырсаңыз, емделсеңіз
Сіздер ауырсаңызар,
емделсеңіздер
Олар ауырса, емделсе

2. Етістіктерді жіктеңіз.

Науқастану
Сырқаттану
Сауығу
Жазылу

Назар аударыңыз!

**-ғанша/ -генше, -қанша/-
кенше** жұрнақтары **Мысалы:**

Уақытты босқа өткізгенше,
пайдалы іспен айналыс.

-майынша/ -мейінше,

-байынша/ -бейінше,

-пайынша/ -пейінше

жұрнақтары

Мысалы: Дұрыс

тамақтанбайынша, артық

салмақтан құтылу мүмкін емес.

3. Сөйлемнің екінші сыңарын жазыңыз.

Аурудан толық жазылғанша,
Ауырып ем іздегенше, _____
Ақшаны босқа шашқанша, _____
Көп ұйықтағанша, _____
Денсаулықтың қадірін білмейінше, _____
Салауатты өмір салтын ұстанбайынша, _____
Толық емделмеінше, _____
Болған оқиғаны айтпайынша, _____
Затын алып бермейінше, _____
Таңертеңгілік жүгірмейінше, _____
Жақсылап демалмайынша, _____

? СӨЙЛЕСІМ

1. Сұрақтарды басшылыққа алып, сұқбаттасыңыз.

- Сіздің денсаулығыңыз жақсы ма?
- Денсаулығыңызды жиі тексертесіз бе?
- Денсаулығыңызды күтесіз бе?
- Ауырмас үшін қандай алдын алу шараларын жасайсыз?



ТЫҢДАЛЫМ

1. Пайдалы кеңестерді тыңдап, жалғастырыңыз.

Денсаулыққа байланысты пайдалы кеңестер

1. Қан қысымы жиі көтерілсе, _____
2. Асқазанда жара болса, _____
3. Адамның жүйкесі қатты күйзеліске ұшыраса, _____
4. Адам артрит пен буын ауруларына шалдықса, _____
5. Аяқ жиі қақсап ауырса, _____, жылы шүберекпен орап жатқан жақсы.
6. Тырнақ сына берсе, _____
7. Қан қысымы қатты көтерілсе, сүлгіні мұздай суға малып, _____
8. Егер сізді жетел қатты қысса, _____
9. Ангина басталып келе жатса, _____

2. Қанатты сөздерді тыңдап, авторларын жазыңыз.

1. Денсаулық – байлықтан қымбат.
2. Денсаулығың мықты болуы үшін мәнді өз күшің болу қажет,оны еш нәрсемен ауыстыруға болмайды.
3. Дені сау кедей – ауру корольден бақытты.
4. Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі.
5. Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты.
6. Дені сау азаматтар – мемлекеттің ең бағалы капиталы.



ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Денсаулық — табиғаттың ең қымбат сыйы. Күнделікті өмірде денсаулыққа тек дененің сыртқы бүтіндігі ғана деп қарап, қадірін біле бермейміз. Денсаулық – адам бақытының негізгі бөлігі. Ол туралы неміс философы Артур Шопенгауэр: «Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты», - дейді. Шынында да, денсаулығың болмаса, ештеңенің де қажеті жоқ. Сондықтан әр адам өмірін қалай болса солай өткізбей, саналы да жарқын өмір сүруі қажет.

«Денсаулық – баға жетпес асыл қазына», - деген қазақ халқы. Денсаулық – адамның ең қымбат дүниесі. Ол адам өміріндегі ең бағалы дүние болғандықтан, әр адам баласы өз денсаулығына көңіл бөлуі қажет. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», - дейді халық даналығы.

Деніңіз сау болсын десеңіз, мынадай негізгі ұстанымдарға сүйену қажет:

- спортпен шұғылдану (күнара жаттығу (аптасына үш рет);
- темекі шекпеу;
- алкогольдік ішімдік пен есірткіні қолданбау.

Қоғамның болашағы әрбір адамның денсаулығына байланысты.

2. Мәтінге және мәтіндегі азатжолдарға тақырып қойыңыз.

- 1- азатжол _____
- 2- азатжол _____
- 3- азатжол _____


3. Сұраққа жауап беріңіз.

Мәтіндегі оймен келісесіз бе? Сіздің ойыңызша, адамның дені сау болу үшін тағы да қандай ұстанымдарға сүйенген жөн?

4. Мәтіндегі халық даналығы мен қанатты сөздерді жазып алып, мағынасын ашыңыз.

5. Мәтін бойынша кластерді толтырыңыз.



 **ЖАЗЫЛЫМ**

1. Сурет бойынша «Дәрігердің кеңесі» тақырыбында әңгіме құраңыз.



Суық тигенде, қалай емделесіз?



Ең басты дәрі-дәрмек – таза ауа, суық су, ара мен балта.
В.Д.Поленов.

III МОДУЛЬ. Денсаулық – зор байлық

5-САБАҚ. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Салауатты өмір салты	Ем-дом ұстау	Ванна қабылдау
Саламатты өмір	Артық салмақ	<u>Күйзеліске ұшырау</u>
Сау адам	Жаяу жүру	Әлеуметтік желілерге
Денсаулыққа зиянды	Таза ауада демалу	<u>тәуелді болу</u>
Денсаулыққа пайдалы	Үнемі қозғалыста болу	Темекі тарту (шылым шегу)
Денсаулықты шынықтыру	Пайдалы кеңестер	Алкогольдік ішімдік
Дұрыс тамақтану	Моншаға бару	Есірткілік улы зат

! ГРАММАТИКА

Мақсат мәнді білдіретін құрылым

Етістік+у-----үшін

Етістік+ \-ма\ -ме, -ба\ -бе, -па\ -пе+у-----үшін

Мысалы: Ұзақ өмір сүру үшін үнемі қозғалыста болу керек.

Бас, жүрек аурулары болмау үшін таза ауада серуендеген дұрыс.

1. Жалғастырып жазыңыз.

- Салауатты өмір салтын ұстану үшін _____
- Саламатты өмір сүру үшін _____
- Сергек жүру үшін _____
- Шыдамды болу үшін _____
- Әлеуметтік желілерге тәуелді болмау үшін _____
- Артық салмақ қоспау үшін _____
- Тұмаумен ауырмау үшін _____
- Күйзеліске ұшырамау үшін _____

? СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Берілген сұрақтарға сүйеніп, сұқбаттасыңыздар.

1. Сіз салауатты өмір салтын ұстанасыз ба?
2. Денсаулықты сақтау үшін не істеу керек?
3. Спортпен айналысудың маңызы қандай?
4. Дұрыс тамақтану жолдарын білесіз бе?
5. Дене салмағыңызды қадағалайсыз ба?
6. Ем-дом ұстанасыз ба?
7. Сізде зиянды әдеттер бар ма?



2. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

F: Сіз үшін салауатты өмір салты деген не?

Қ: Зиянды әдеттерден аулақ болу.

F: Зиянды әдеттерге не жатады?

Қ: Темекі шекпеу, алкогольдік ішімдік ішу.

F: Сіз салауатты өмір салтын ұстанасыз ба?

Қ: Әрине.

F: Қалай ұстанасыз?

Қ: Жүгіремін, уақытында тамақтанамын, уақытында ұйықтаймын, темекі шекпеймін, спирттік ішімдіктерді ішпеймін

зиянды әдеттерден аулақ болу, шылым тартпау, спирттік ішімдіктер ішпеу, бимен айналысу, спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтану

әрине, иә, жоқ, ұстанбаймын

жүзу, жаттығу жасау,



ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Өмір сүру салтының ең басты тірегі – салауатты өмір салтын ұстау. Салауаттылық – алкогольдік ішімдіктерден, есірткі, темекіден аулақ болу, дене және жан тазалығын сақтау, тіпті қарапайым түрде айтсақ, адамның киім киісі, тамақты қалыппен ішуі де кіретін игі іс-әрекет. Өз-өзіне көңіл бөлу, бір-бірін жақсы көріп, өмір сүру, қамқор болу – әр адамзат баласына ортақ жағдай. Салауаттанудың негізгі мақсатының өзі – әрбір жеке адамның және тұтастай қоғамның денсаулығын қамтамасыз ету.

Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі бағыттары мыналар:

- жеке және қоғамдық гигиена;
- дене шынықтыру;
- организмді табиғи факторлармен шыңдау;
- күн тәртібін тиімді пайдалану;
- дұрыс және уақтылы тамақтану;
- жұқпалы аурулардың алдын алу;
- тән ауруларынан сақтану;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.



Таңертеңгілік жаттығулар, жай жүгіру немесе жылдам жүру, жүзу, сапарлар немесе ұзақ қыдыру, саяхат шегу, түрлі ойындар, велосипед және шаңғы, саяжайда белсенді демалу. Бұл – салауатты өмір салтын ұстанудың дәстүрлі әдістері.

Ақшаға төсек сатып алуға болады, бірақ ұйқыны сатып алуға болмайды. Тамақ сатып алуға болады, бірақ тәбет сатып алуға болмайды. Дәрі сатып алуға болады, бірақ денсаулықты сатып алуға болмайды. Сондықтан әр адам өзінің денсаулығына көңіл бөліп, әрдайым салауатты өмір салтын ұстануы керек.

Салауатты өмір салты – адам үшін аса маңызды, денсаулықпен тікелей байланысты құнды форма. Ол – адам мәдениетінің бір бөлігі.

2. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Салауатты өмір салтын ұстануды өмір сүру салтының ең басты тірегі деп неліктен айтады?
2. Салауаттылық дегеніміз не?
3. Салауаттанудың негізгі мақсаты не?
4. Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі бағыттары қандай?
5. Сіз үшін салауатты өмір салтының дәстүрлі әдістері қандай?
6. Ақшаға нені сатып алуға болмайды?
7. Салауатты өмір салтын ұстануды неге адам мәдениетінің бір бөлігі дейді?

3. Ақпаратты толықтырыңыз.

Салауаттылық дегеніміз –	Салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі бағыттары	Салауатты өмір салтының дәстүрлі әдістері	Ақшаға сатып алуға болмайтын құндылықтар

4. Мәтіндегі тірек сөздерді табыңыз.

--	--	--	--	--


 **ТЫҢДАЛЫМ**

1. Мәтінді тыңдап, мәтін бойынша сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз.

- Көп ұйықтаудың денсаулыққа қандай зияны бар? _____
- Шамадан тыс көп ұйқының әсерінен қандай қауіптер бар? _____
- Көп ұйқының зиян екенін қай елдің ғалымдары зерттеген? _____
- Ерте қайтыс болатын адамдар қатарына қанша сағат ұйықтайтын адамдар жатады? _____
- Көп ұйықтаудың зиянын жазыңыз. _____

- Шамадан тыс көп ұйықтау неге мүмкіндік бермейді? _____
- Адам күнделікті жұмыстарын не себептен кейінге қалдырады? _____



 **ЖАЗЫЛЫМ**

1. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін бағандарға орналастырыңыз.

Ботқа, таза ауа, серуен, компьютерде көп отыру, еңбек, балық, көп ұйықтау, спирттік ішімдіктер, сүт тағамдары, би билеу, тәтті тағамдар, ет тағамдары, бассейнге бару, темекі шегу, спорт, тұзды тағам, жеміс-жидек, нашақорлық, көк шай, жеңіл тағам, кітап оқу, демалу, саябақта қыдыру, есірткі, шипажайда емделу, телефонды ермек ету, концертке бару, тазалық сақтау, артық салмақ, моншаға бару, денені шынықтыру, жақсы көңіл күй.

Пайдалы	Зиянды
1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	

III МОДУЛЬ. Денсаулық – зор байлық

6-САБАҚ. БЕЛСЕНДІ ДЕМАЛЫС

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Әуестіктің (хобби) бір түрі
 Белсенді өмір сүру салты
 Отбасылық белсенді демалыс
 Бірлескен белсенді демалыс
 Белсенді демалыстың артықшылықтары
 Белсенді демалыс түрлері
 Шаңғы, коньки, ролик тебу
 Атпен, велосипедпен серуендеу
 Теннис, гольф ойнау
 Скейтбордпен, сноубордпен шұғылдану

Парашютпен секіру
 Шыңға өрмелеу
 Құзға шығу/өрмелеу
 Асықпай баяу жүгіру
 Балық аулау
 Аңға шығу
 Су шаңғысы
 Автожарыс
 Мотожарыс
 Салмен жүзу спорты

! ГРАММАТИКА

Терминдер

Спорт терминдері:

альпинизм, скалолаз, скейтборд,
 сноуборд, теннис, гольф, ролик,
 автожарыс, мотожарыс, рафтинг,
 парашют, велосипед

2. Жіктеңіз.

Мен теннисті ұнатамын

Сен _____

Сіз _____

Ол _____

2. Сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

Альпинизммен айналысу _____

Құзға шығу/өрмелеу _____

Сноубордпен сырғанау _____

Гольф ойнау _____

Ролик тебу _____

Парашютпен секіру _____

Велосипедпен серуендеу _____

? СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Сұрақтарды басшылыққа алып, сұқбаттасыңыздар.

1. Сізді жұмыс, күнделікті тіршілік шаршатты ма?
2. Қаланың қарбалас өмірі ше?
3. Демалыс күндері немесе кезекті еңбек демалысында немен айналысасыз?
4. Демалыс күндерін кіммен және қалай өткізесіз?
5. Таза ауада қыдыруды және серуендеуді қалайсыз ба?
6. Сізге белсенді демалыс ұнай ма?
7. Әлде экстремальды демалысты ұнатасыз ба?
8. Сізде белсенді демалысқа арналған құрал-жабдықтар бар ма?
9. Сіздің ойыңызша, демалысты қалай өткізген дұрыс?
10. Белсенді демалыс несімен ұнайды / несімен ұнамайды?

2. Сұрақтарды басшылыққа алып, спорттық ойындардың қиындығы мен ерекшеліктерін айтып, сұқбаттасыңыздар.

... білесіз бе?

Шаңғы

Коньки **тебу білесіз бе?**

Ролик

Теннис

Гольф **ойнау білесіз бе?**

Бадминтон

Велосипедпен

Атпен **серуендейсіз бе?**

Автокөлікпен



ТЫНДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдап, бос орындарды толықтырыңыз.

Белсенді демалыс дегеніміз _____ демалу барысында барлық _____, _____, _____ белсенді физикалық жұмысын талап ететін белсенді қызмет түрлерімен айналысатын _____ өткізу тәсілі және _____ (хобби) бір түрі. Белсенді демалыс көбінесе спорттың кәсіби түріне жатпайтын қандай да бір спорт түрімен шұғылдануды көздейді.

Белсенді демалыстың _____:

- Спорттық _____
- Шаңғы, коньки, ролик _____
- Атпен, велосипедпен _____
- _____, _____ ойнау
- Скейтбордпен, сноубордпен _____
- _____ секіру
- _____ шығу/өрмелеу
- Құзға шығу/_____
- _____ баяу жүгіру
- Балық _____
- _____ шығу
- Су _____
- Авто _____
- _____ жарыс
- Квадроциклдермен _____
- _____ жүзу спорты
- басқа да белсенді демалыс _____



ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Салауатты өмір салтын ұстануда белсенді демалыстың маңызы ерекше. Белсенді демалыста табиғи ресурстар басым роль атқарады. Өйткені қала өмірінен, күнделікті тіршіліктен бір сәт қол үзу үшін демалушылар табиғат аясында, атап айтқанда, тауда, орманда, өзен-көлдердің жағасында демалуды қалайды. Табиғат аясында белсенді демалыстың барлық артықшылықтарын танып білуге болады.

Белсенді демалысқа спорттың – жаяу, велосипедпен және атпен серуендеу, тауға шығу (альпинизм), шаңғы коньки және ролик тебу, суда жүзу және моторсыз кеме немесе қайықтармен жүзу және т.б. көптеген түрлері жатады. Қыстыгүні демалушылар шаңғы, коньки сияқты қысқы спорт түрлерімен айналысса, жаздыгүні тауға шығу, велосипед тебу, жүзу сияқты спорт түрлерімен айналысып жатады. Белсенді демалу үшін ойын-сауықтардың да көптеген түрлерін ұйымдастыруға әбден болады.

Белсенді демалыстың бос уақытты тиімді өткізуде, денсаулықты нығайтуда, денені шынықтыруда және жаман әдеттерден арылуда маңызы зор. Отбасылық белсенді демалыстың артықшылығы – балаларды тәрбиелеуде, олардың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыруда маңызы ерекше. Отбасы мүшелері арасындағы ауызбіршілікті нығайтады. Ал бірлескен белсенді демалыстың артықшылығы – ұжымдағы немесе бір топтағы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайтуда, бір-бірінің мінез-құлқын, жұмыста ашылмаған қасиеттерін танып - білуде маңызы зор.



A2 деңгейіне мәтін ауыр.Ықшамдап беру керек.

Өмірін жарқын әсерлерге, қызықты оқиғаларға толтырғысы келетін және фотоальбомына көптеген бейнелі суреттер қосқысы келетін адамдар демалыстарын белсенді өткізеді.

2. Сұраққа жауапты сәйкес бағандарға толтырыңыз.

Табиғат аясындағы демалыс: кім, қайда, қашан, қалай демалған дұрыс?		
Отбасылық белсенді демалыс	Балаларға арналған белсенді демалыс	Бірлескен белсенді демалыс

3. Өз ойыңызды дәлелдеп жазыңыз.



Мен үшін, белсенді демалыстың маңызы мынада:

Артықшылықтары мынада:

4. Ақпаратты толықтырыңыз.

Қыстыгүні демалушылар шаңғы, коньки, _____

 сияқты қысқы спорт түрлерімен айналысса, жаздыгүні тауға шығу, велосипед тебу, жүзу,

 _____ сияқты спорт түрлерімен айналысып жатады.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Оқыңыз, ақпараттарға сүйеніп, өз өңіріңіздегі демалыс орнына жарнама жасаңыз.

«Ақ Бұлақ» биік таулы шипажайы –
 Іле Алатауы тауларындағы ең керемет жер!



Біз сіздерді қыстыгүні:

- трассалар бойынша шаңғымен және сноубордпен сырғанауға;
 - балалармен бірге баллондармен сырғанауға
 - таза ауада тау шыңдарын тамашалауға шақырамыз
- Біз сіздерді көктемде, жаздыгүні, күздігүні:*
- көркем трассаларда велосипедтермен қыдыруға;
 - квадроциклдермен жарыстар ұйымдастыруға;
 - атпен серуендеуге;
 - саңырауқұлақ пен жидек теруге;
 - тау өзенінің жағасында серуен құруға шақырамыз.

ЖАРНАМА

IV МОДУЛЬ. Әлеуметтік-мәдени сала

1-САБАҚ. МЕНІҢ ҚАЛАМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Қоғамдық орындар	Сұлулық салоны	Жер асты жолы
Қонақ үй	Халыққа қызмет көрсету	Аудан
Дәмхана	орталығы	Айналасында
Мейрамхана	Ескерткіш	Сыртында
Пошта	Көпір	Маңайында
Монша	Мешіт	Өндіріс
Әуежай	Шіркеу	Субұрқақ
Алаң	Аялдама	Гүлзар

! ГРАММАТИКА

Тәуелденген сөзге жалғанатын септік жалғаулары

Барыс септігі	Табыс септігі	Жатыс септігі	Шығыс септігі
Статистика басқармасы- на барамын.	Статистика басқармасы- н базаға енгіземін.	Статистика басқармасы- нда боламын.	Статистика басқармасы- нан шықтым.,

2. Тәуелденген сөзге қажетті септік жалғауын жалғаңыз.

Барыс септігі	Табыс септігі	Жатыс септігі	Шығыс септігі
Ішкі істер департаменті	Ішкі істер департаменті	Ішкі істер департаменті	Ішкі істер департаменті
Сауда үйі	Сауда үйі	Сауда үйі	Сауда үйі
Оқыту орталығы	Оқыту орталығы	Оқыту орталығы	Оқыту орталығы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

-дағы/-дегі/-тағы/-тегі;
-ндағы/-ндегі/-ындағы/-індегі
жұрнақтарының қызметі
Қала-дағы дәмханалар
Қарағанды қаласы-ндағы мекемелер
Мекеменің ғимарат-ындағы кабинет

3. Тиісті жұрнақты жалғаңыз.

1. Бөлмедегі орындық _____
2. Басқарма _____ бос орын
3. Кабинет _____ сурет
4. Қайрат _____ телефон
5. Сауда үйі _____ көйлектер
6. Бейбітшілік гүлзар _____ үйлер

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Қарағанды – бұл ірі өндіріс орталығы, ғылымы мен мәдениеті дамыған қала. Қалада аса маңызды теміржол мен әуе жолы орналасқан. Қала 1934 жылы 10 ақпанда құрылған. Қарағанды экономикалық, ғылым және мәдениет саласы бойынша республикада алдыңғы орынды алады. Бұнда 113-тен аса ұлт өкілдерінен құралған 471,8 мың адам тұрады. Қала аумағы 497,8 шаршы метрді құрайды. Қаланың орталығында жер асты жолы бар. Орталық пен Оңтүстік Шығыс ауданын көпір бөліп тұрады.

Қаланың мәдени өмірі қызықты да көңілді. «Шалқыма» концерт залында үнемі классикалық музыка концерттері болып тұрады. Қала тұрғындары мен қонақтары С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрына, К.Станиславский атындағы драма театрына, Академиялық музыкалық комедия театрына және Қарағанды облыстық тарихи өлкетану мұражайына, Қарағанды экологиялық мұражайына бара алады. Қала аумағында 50-дей тарихи және мәдени ескерткіштер бар: Кеншілердің мәдениет сарайы, Н.Әбдіров атындағы Спорт сарайы, «Чайка» қонақ үйі, цирк ғимараты, «Шахтер» стадионы, Н.Әбдіров, Бұқар жырау, Ғ.Мұстафин, А.Байжанов ескерткіштері, «Шахтер Даңқы» т.б.

2. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
Қарағанды қаласында мәдениет орындары көп.		
Қарағандының экономикасы жақсы дамыған.		
Бұл қалада 100-ден аса ұлт өкілдері тұрады.		
Қалалықтар мәдениет орындарына барады.		
Қонақтар Қарағандыдағы үш театрға барады.		
Қалада атақты адамдардың ескерткіштері бар.		

3. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

Қарағанды қаласы

Қала қонақтары

Республикамызда

«Чайка» қонақ үйі

Қарағанды халқы саны

ғылымымен белгілі болып отыр.

Қарағандыда орналасқан.

мәдениет пен өндірістің орталығы.

жарты миллионға жуық.

Қарағанды экологиялық мұражайына бара алады.

4. Үлгі бойынша тиісті жұрнақты жалғаңыз.

Қарағандыдағы

Республика _____

Мұражай _____

Концерт _____

Ескерткіш _____

Драма театры _____

«Шахтер» стадионы _____

Қала аумағы _____

Цирк ғимараты _____

Туристік фирмалар _____

5. Берілген тапсырмаларды орындаңыз.

- Мәтінге тақырып қойыңыз.
- Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.
- Мәтіндегі тірек сөздерді табыңыз.
- Мәтіннің негізгі ойын табыңыз.



ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орындарды толтырыңыз.

Қарағанды – еліміздегі үлкен қалалардың бірі. Қалада жыл сайын жаңа ғимараттар салынады. Қазақ _____, _____ пен _____ ғимараттары өте әдемі. _____ мен _____, _____ қаланың сәнін келтіріп отыр.

2. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтінде бар ақпараттарды анықтаңыз.

Ақпараттар	Бар	Жоқ
1. «Қарағанды кәмпиттері» фабрикасы бар.		
2. Қарағандыда 2 нан зауыты бар.		
3. Қалада «Сарыарқа» акционерлік қоғамы жұмыс істейді.		
4. Қалалықтар «Шалқыма» концерт залында концерт көреді.		
5. Қарағандыда «Авиатрек» туристік фирмасы жұмыс істейді.		
6. «Орталық Қазақстан» ғылыми-зерттеу институты бар.		

3. Мәтінді екінші рет тыңдаңыз. Мәтінде жоқ ақпаратты сызыңыз.

1. зауыт, фабрика, шахта, акционерлік қоғам
2. баспахана, туристік фирма, автобаза, автотұрақ
3. автопарк, автокомбинат, автодүкен, автоколонна
4. ғылыми-зерттеу институты, жобалау институты, жоғары оқу орындары, ҚР Ұлттық ғылым академиясы

 **ЖАЗЫЛЫМ**

1. Берілген тақырыптардың біреуіне мәтін құраңыз.

- А) Қарағанды – менің қалам.
- Ә) Қарағанды – өндірісті қала.
- Б) Қарағанды – мәдениет орталығы.
- В) Қарағанды – ғылым мен білімнің орталығы.

2. Сурет бойынша көмекші есімдерді қолданып, бірнеше сөйлем жазыңыз.

Көмекші есімдер: маңайында, сыртында, айналасында, қарама-қарсысында, жанында



2. Модель бойынша сөйлем құраңыз.

«Бақытгүл» мейрамханасы	Бұқар жырау даңғылы	алды	орналасқан
«Шатер» дәмханасы	теміржол вокзалы	қарама-қарсы	
«Созвездие» қонақүйі	саябақ	іші	
Қ.Аманжолов ескерткіші	этнопарк	бойы	
Орталық пошта		қасы	
Казкомбанк			

 **СӨЙЛЕСІМ**

Жұптық жұмыс. Сөздікте берілген сөздердің көмегімен «Менің қалам» тақырыбында сұқбаттасыңыздар.

IV МОДУЛЬ.

Әлеуметтік-мәдени сала

2-САБАҚ. КІТАПХАНА

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Әмбебап кітапхана	Мерзімді баспасөз бөлімі	Көркем әдебиет
Балалар кітапханасы	Басылым	Үйлестіру
Ғылыми-техникалық	Кітап қоры	Мүмкіндік
Көрме	Ақын	Сирек кездесетін
Оқырман	Жазушы	Әуенді
Оқу залы	Мақала	Жазылым
Абонент бөлімі	Ғылыми басылым	Мәртебе
Бірлестік	Орталықтандырылған	Жазылым

! ГРАММАТИКА

Зат есім жасайтын жұрнақтар			Біріккен сөздер
-хана жұрнағы кітапхана, баспахана	-ман, -мен жұрнағы көрермен, оқырман, тыңдарман	-ым жұрнағы басылым, жазылым	ғаламтор, әмбебап, баспасөз

2. Берілген сөздермен сөйлем құраңыз.

Кітапхана. _____
 Оқырман. _____
 Ғаламтор. _____
 Әмбебап. _____
 Жазылым. _____

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Қарағанды облыстық Н.В.Гоголь атындағы әмбебап ғылыми кітапханасы Ерубәев көшесінде орналасқан. Кітапханада қазақ тілін үйрену Ресурс орталығы, Америкалық ақпараттық ресурс орталығы, «Вива, Лингва!» ағылшын тілінде сөйлесу клубы т.б. бірлестіктер жұмыс істейді.

Кітапхананың кітап және материалдар қоры өте бай. Олар: кітаптар, диссертациялық авторефераттар, мерзімді басылымдар, CD, пластинкалар, карталар мен ноталар т.б. Жыл сайын кітапханаға 7000-дай құжат түседі. Кітапханаға оқырмандар көп келеді. Олар әртүрлі басылымдармен, кітап көрмесімен танысады. Сүйікті ақын, жазушыларының кітабын алады. Оқырмандар ғаламтор арқылы отандық және шетелдік ресурстарды пайдалана алады. Оларға виртуальді қызмет көрсетіледі.

Кітапханадағы басты ақпараттық ресурстардың бірі – электронды каталог. Онда кітапханаға түсетін құжаттардың барлық түрлері көрсетіледі. Бүгінгі күні электронды кітапханада 6000 жуық pdf-тар мен мақалалар бар.

2008 жылдан бастап кітапхана «Электронды мемлекеттік кітапханалық қор – Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхана жобасына қатысады. Н.В.Гоголь атындағы кітапхана облыстағы барлық кітапханалар үшін үйлестіру орталығы болып есептеледі. Облыс бойынша 18 орталықтандырылған кітапханаларға әдістемелік басшылық жасайды.

2. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
Оқырмандар Ерубает көшесіндегі кітапханаға барады.		
Кітапхананың кітап қоры өте бай		
Кітапханада 18 бірлестік жұмыс істейді.		
Электронды каталогтан ақын-жазушылардың кітабын оқиды.		
Кітапхана оқырмандары ғаламтор қызметін пайдаланады.		
Бұл жерде авторефераттармен танысуға болады.		
Кітапханада барлығы 7000 құжат бар.		

3. Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.

- 1-азатжол. _____
 2-азатжол. _____
 3-азатжол. _____
 4-азатжол. _____

4. Мәтін бойынша ақпараттарды анықтаңыз.

- 1) Кітапхана мәртебесі: _____
 2) Кітапхананың ерекшелігі: _____
 3) Кітапханадағы тіл үйрету курстары: _____
 4) Кітапхана материалдары: _____
 5) Оқырмандарға көрсетілетін қызметтер: _____





ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды толықтырыңыз.

Кітапхана орналасқан ел	Кітапхананың мәртебесі	Кітапханада не бар?	Кітапхананың ерекшелігі қандай?

2. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1) Кім қайда отырады және қандай материал іздейді?



1. _____ 1. _____ 1. _____
 2. _____ 2. _____ 2. _____

2) Студенттер аптаның қай күндері кітапханаға бармайды. Артығын сызыңыз.

Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі

? СӨЙЛЕСІМ

1. Мәтіндегі ақпараттарға сүйеніп, «Гоголь атындағы кітапхана» тақырыбында сұқбаттасыңыздар.

2. Жұптық жұмыс. Тірек сөздерге сүйеніп, «Кітапхана» тақырыбында сөйлесіңіздер.

Қала кітапханалары, кітапханаға бару/бармау, мекенжай, кітаптар, материалдар, кітапханашылар, қызмет көрсету

ЖАЗЫЛЫМ

1. Сөздіктегі сөздерге сүйеніп, кітапхана туралы ақпаратты толықтырып жазыңыз.

Конгресс кітапханасы – Америка Құрама Штаттарының ұлттық кітапханасы және Құрама Штаттардың Конгресінің негізгі зерттеу филиалы болып табылады. Ол әлемдегі ең үлкен кітапхана саналады. _____



2. Кітапхана ғимаратын сипаттаңыз.

Керекті сөздер: үлкен, ерекше, үш қабатты, терезелер, ту, алды, ағаштар

3. Модель бойынша сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: Мен сейсенбі күні түстен кейін кітапханаға барамын. Газет оқимын.

Гүлбану
Ақерке
Мансұр

дүйсенбі
сәрсенбі
жұма
жексенбі

жұмыстан кейін
таңертең
сағат 10.00-13.00
аралығы
күні бойы

кітапхана

ғылыми мақала
газет-журнал
көркем әдебиет
электронды
каталог

IV МОДУЛЬ. Әлеуметтік-мәдени сала

3-САБАҚ. МҰРАЖАЙДА

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Мұражай	Ұлттық аспаптар	Бағалы
Тарихи-өлкетану мұражайы	Қолөнер бұйымдары	Құнды
Бейнелеу өнері мұражайы	Зергерлік бұйымдар	Құндылық
Жәдігер	Тарих	Тас моншақ
Алтын бұйым	Тарихи ескерткіш	Қаулы
Ұлттық киімдер	Сақтар	Әсер
Өзгерту	Тамашалау	

! ГРАММАТИКА

Мақсатты білдіру: етістік+у+ға

Білуге, көруге, танысуға, тамашалауға, жазуға, тыңдауға, көрсетуге т.б.

2. Үлгі бойынша жазыңыз.

Үлгі: Санжар Алматыға консерваторияда оқуға келді.

1. Гүлнар _____
2. Мадина _____
3. Бахтияр _____

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Қарағанды облысының тарихи-өлкетану мұражайы

Мұражай 1932 жылы ашылып, 1938 жылы облыстық өлкетану мұражайы дәрежесіне ие болды, ал 1964 жылдан бастап мұражайдың атауы Тарихи-өлкетану деп өзгертілді.

Мұражай 16 залдан тұрады. Онда 60 орындық акті залы, «Dolby Digital» тарихи кино залы, «Бабалар бейнелері» компьютерлік анимация залы бар.

Мұражайдың кіреберісіндегі үлкен залда Қарағанды облысының физикалық-географиялық картасы көрсетілген, онда облысымыздың территориясы, халқы, жөнінде мәліметтер берілген. «Кіріспе» залының экспозициясында мұражай қонақтары мен көрермендері тәуелсіз мемлекет Қазақстан Республикасы қабылдаған негізгі заңдармен, қаулылармен таныса алады.

Жаңа «Сақ мәдениеті» залы – мұражайдағы ерекше залдардың бірі. Залда сақтардың аң стилі негізінде жасалған 200-ден астам алтын бұйымдар, тас моншақтар тағы басқа ерекше жәдігерлер бар.

«Ғарыш» залында Қазақстанның ұлттық аэроғарыш өндірісі және Қазақстан Республикасының тұңғыш қазақ ғарышкері Т.О.Әубәкіров туралы материалдар көрсетілген.

«Тәуелсіз Қазақстан» залының экспозициясында көмір өндірісі, энергетика, машина жасау, ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласының дамуы туралы құжаттар мен жәдігерлер қойылған.

2. Артығын алып тастаңыз.

1. мұражай, акт залы, заңдар, кіреберіс
2. көрермен, қонақ, ғарышкер, мемлекет
3. жәдігер, тас моншақ, қаулы, алтын бұйым
4. географиялық карта, мәлімет, компьютер, құжат

3. Сәйкестендіріңіз.

Тарихи-өлкетану мұражайы
Мұражайдың залдары
Мұражай залдарының бірінен
Облыстық мұражай
Мұражай қонақтары

қаладағы көрнекті мәдени орындардың бірі.
қымбат жәдігерлерге бай.
Қазақстанның жетістіктерімен танысады.
Қарағанды облысы туралы мәлімет алуға болады.
әртүрлі тақырыпқа арналған.

3. Әр азатжолға тақырып туралы бір тірек сөз жазыңыз.



? СӨЙЛЕСІМ

1. Рөлдік ойын. «Ең үздік жолбасшы» (гид).

Ойынның шарты: Оқылым мәтініне сүйеніп, қонақтарға Қарағанды облысының тарихи-өлкетану мұражайын таныстыру керек. Ал қонақтар жолбасшыға сұрақтарын қояды.

Таныстыру жоспары

1. Мұражайдың тарихы.
2. Мұражай залдары туралы.
3. Мұражай жәдігерлері.
4. Атақты адамдар туралы.
5. Тәуелсіз Қазақстан тарихы.
6. Мұражайдың ерекшелігі.

Сұрақтар

1. Мұражайда ұлттық киімдер бар ма?
2. Мұражайда ұлттық аспаптар бар ма?
3. Мұражайда зергерлік бұйымдар бар ма?
4. Мұражайда қандай құнды жәдігерлер бар?
5. Осында қандай тарихи ескерткіштер бар?
6. Мұражайда қолөнер бұйымдары бар ма?

2. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

Е: Сіз мұражайға қашан бардыңыз?

С: Сіз қандай мұражайға бардыңыз?

Е: Мұражайдан не көрдіңіз? С: Қандай әсер алдыңыз?

5 жыл бұрын, 1 жыл бұрын, 2 жыл бұрын

Тарихи-өлкетану мұражайы, бейнелеу өнері мұражайы
Қазақтың ұлттық киімдері, ұлттық аспаптар, ұлттық қолөнер бұйымдары, бағалы жәдігерлер, құнды заттар, жақсы, тамаша, өте жақсы, керемет

ЖАЗЫЛЫМ

1. Мәтін бойынша жазыңыз.

Үлгі: Мұражайдың үлкен залынан облыстың картасын көруге болады.

Мұражайдан _____
«Кіріспе» залынан _____
«Ғарыш» залынан _____
Жаңа «Сақ мәдениеті» залынан _____
«Тәуелсіз Қазақстан» залынан _____

көруге болады.

2. Мәтін бойынша бос орынды толықтырыңыз.

Үлкен залдағы ақпараттар _____ туралы.
«Кіріспе» залындағы ақпараттар _____ туралы.
«Ғарыш» залындағы ақпараттар _____ туралы.
«Тәуелсіз Қазақстан» залындағы ақпараттар _____ туралы.

3. Мұражай жөніндегі ақпаратты толықтырып жазыңыз.

Жұмыс уақыты: _____
Демалыс күні: _____
Билет құны үлкендерге – _____ теңге, балалар мен студенттерге – _____ теңге
Көрсетілетін жеңілдіктер (кімге?) _____
Келушілерге көрсетілетін қызмет түрі: _____
Мекенжайы: _____
Телефон нөмірі: _____

ТЫНДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтардың жауабын жазыңыз.

1. Мұражай қай қалада орналасқан? _____
2. Тұңғыш Президент мұражайы неге Теміртауда ашылды? _____
3. Тұңғыш Президент мұражайына жәдігерлерді кімдер тапсырады?
_____ және _____
4. Елбасы әріптестерінің мұражайға тапсырған сыйлықтары: _____
5. Алғашқы Президент мұражайында қанша экспонат бар? _____
6. Бүгінге дейін мұражайға қанша адам келді? _____



Тұңғыш Президент мұражайы



Париждегі Лувр мұражайы

2. Мұражайлар туралы мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

Әлемдегі белгілі мұражайлар			
Мұражай орналасқан ел	Мұражайға келушілер саны	Мұражай жәдігерлері	Мұражайдың ерекшелігі қандай?

IV МОДУЛЬ. Әлеуметтік-мәдени сала

4-САБАҚ. ТЕАТРДА

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Драма театры	Негізін қалау	Жұлделі
Музыкалық комедия театры	Әртіс	Жағымды
Қуыршақ театры	Рөлде ойнау	Алдыңғы қатарлы
Көрермен	Ертегі	Халықаралық
Қойылым	Шымылдық	Бүкіләлемдік
Сахна	Сыншы	Күрделі
Туынды	Сахна шеберлері	

! ГРАММАТИКА

Ырықсыз етіс	
1. Етістік+(-ыл, -іл, -л)	атқар+ыл+ды, өткіз+іл+ді, тапсыр+ыл+ды, бер+іл+ді Мысалы: Конференция өткізілді. Тапсырма берілді.
2. Етістік+(-ын, -ін, -н)	сал+тын+ды, бағала+н+ды, төле+н+ді, ал+тын+ды Мысалы: Үй салынды. Билеттің ақшасы төленді. Гүл алынды

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!		
Нақ осы шақ Жаңа үй салынып жатыр.	Ауыспалы келер шақ Жаңа үй салынады.	Жедел өткен шақ Жаңа үй салынды.

2. Ырықсыз етіс жұрнағын жалғаңыз.

атқар _____	орында _____	таныстыр _____	бақыла _____
түзет _____	бекіт _____	жинастыр _____	талда _____
жина _____	көрсет _____	ұйымдастыр _____	қабылда _____

3. Берілген етістіктермен сөйлем құраңыз.

Таныстырылды. _____
 Көрсетіліп жатыр. _____
 Тапсырылады. _____
 Ұйымдастырылды. _____

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Қарағанды облысының С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театры 1932 жылы құрылды. Театр алғашқы спектакльдерінен бастап өз көрермендеріне ұнады. 1964 жылы театрға шығармашылық жетістіктері үшін Сәкен Сейфуллиннің есімі берілді.

Бұл театрда белгілі қазақ актерлері мен режиссерлері жұмыс істеді. Сахна шеберлері мен ҚР еңбек сіңірген әртістер театрдың негізін қалады. Атап айтқанда, Б.Атабаев, Е.Обаев, Г.Оганесян, Ж.Омаров, А.Оразбеков, Е.Тапенев сияқты дарынды режиссерлер театрдың дамуына зор үлес қосты. Олар қазақ драма театры сахнасына көптеген ұлттық және әлемдік театр классикасының туындыларын шығарды. Театр репертуарынан М.Әуезовтің, К.Аманжоловтың, Т.Ахтановтың, С.Балғабаевтың, Ш.Айтматовтың, Н.Хикметтің, У.Шекспирдің, Ф.Шиллердің т.б. шығармалары орын алды.

Театр ұжымы бірнеше рет ұлттық және халықаралық сайыстар мен фестивальдерге қатысты. Жұлделі орындар алып, сыншылардың жағымды пікірлеріне ие болды. 2000 жылы Каир (Египет) қаласында өткен Бүкіләлемдік театр фестиваліне қатысып, жұлделі орын алды. Қазіргі уақытта С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театры республикамыздағы алдыңғы қатарлы театрлардың біріне айналды. Оның жаңа ғимараты көрермендерге өте ұнайды, репертуарында үнемі жаңа қойылымдар болып отырады.

2. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
Қарағанды қаласында қазақ драма театры бар.		
Театр сахнасында әлем классиктерінің шығармасы қойылды.		
Б.Атабаев пен Е.Обаев театрдың алғашқы режиссері болды.		
Қазақ драма театрында белгілі сахна шеберлері жұмыс істеді.		
1932 жылдан бері бұл театр С.Сейфуллин атында екен.		
Театр ұжымы халықаралық фестивальдерге де қатысады.		
Театрдың жаңа ғимараты Сейфуллин көшесінде орналасқан.		

3. Мәтін бойынша кестені толтырыңыз.

Театр үшін маңызды жылдар	Театрдың жетістіктері	Театр режиссерлері	Театр қатысқан жарыстардың дәрежесі
1. _____	_____	_____	_____
2. _____	_____	_____	_____

4. Мәтіндегі тірек сөздерді табыңыз.

_____	_____	_____	_____	_____
-------	-------	-------	-------	-------



ЖАЗЫЛЫМ

1. Сурет бойынша мәтін құраңыз.



С.Сейфуллин атындағы театр

2. Модель бойынша сөйлем құраңыз.

9 сәуір	сағ.18.00	С.Сейфуллин атындағы театр	«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясы
10 сәуір			«Келіндер көтерілісі» комедиясы
11 сәуір			«Ер көжек» ертегісі
12 сәуір			«Мен ұмытылмаймын» драмасы

3. Берілген етістіктермен оқылым мәтіні бойынша сөйлем құраңыз.

Берілді. _____
Қойылды. _____
Құрылды. _____
Негізі қаланды. _____

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Театр артисі туралы ақпаратты толықтырыңыз.

1. Театр артисінің аты-жөні: _____
2. Оның туған жері: _____
3. Оның туған жылы: _____
4. Диплом бойынша мамандықтары: _____
5. Ол қызмет атқаратын театр: _____
6. Басшылық лауазым атқарған жылдары: _____

2. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпаратты толықтырыңыз.



1. Кеңес Нарымбайұлының кәсіби біліктілігі: _____
2. Оның жетістіктері: _____
3. Оны кімдер бағалады? _____
4. Ойнаған рөлдерінің саны: _____
5. Ол театр артисі әрі кім? _____
6. Ол сомдаған рөл: _____
7. Ол ұйымдастырған фестиваль: _____
8. Ол ашқан театр: _____

СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

1. Қарағандыда қандай театрлар бар?
2. Бұл театрлардың мекенжайы қандай?
3. Театрлар туралы не білесіз?
4. Сіз театрға барасыз ба?

1. Қазақ драма театры, орыс драма театры, қуыршақ театры, музыкалық комедия театры
2. Бұқар жырау даңғылының бойы, Бейбітшілік гүлзарының бойы, орталық саябақтың қарама-қарсысы, Кеншілердің мәдениет сарайының арты
3. Халықаралық сайыстарға қатысу, алдыңғы қатарлы театр, жақсы қойылым, сахна шеберлері
4. Айына бір рет, жиі, сирек, жылына бір-екі рет

2. Тыңдалым мәтіні бойынша сұқбаттасыңыздар.

Сұқбаттың жоспары

1. Артистің өмір жолы.
2. Алған білімі.
3. Еңбек жолы.
4. Жеткен жетістіктері.
5. Ұйымдастырған шаралары.

IV МОДУЛЬ. Әлеуметтік-мәдени сала

5-САБАҚ. ҚАЗАҚ КИНОСЫ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Көркем фильм	Кино қайраткерлері	Үлес қосу
Деректі фильм	Жаңашыл	Шет ел
Ғылыми-көпшілік фильм	Тұсаукесер	Озық туынды
Мультипликациялық фильм	Түсірілім	Иегер
Шытырман оқиғалы фильм	Кино жұлдыздары	
Жарнамалау	Тамашалау	

! ГРАММАТИКА

Бұрынғы өткен шақтың болымды түрі

Етістік + есімше формалары (-ған/ген, -қан/кен) + ж.ж.. Мысалы: жазған, сөйлеген, айтқан, көрсеткен (сен жазғансың, сіз көрсеткенсіз)

Кеше үйге қонақтар келген. Қарағандыдағы қазақ драма театры жаңадан салынған.

Назар аударыңыз! Етістік + ырықсыз етіс + есімше Үй сал-ын-ған. Тапсырма орында-л-ған.

Бұрынғы өткен шақтың жіктелуі

I	Мен жазғанмын	Біз жазғанбыз
II	Сен жазғансың Сіз жазғансыз	Сендер жазғансыңдар Сіздер жазғансыздар
III	Ол жазған	Олар жазған

2. Берілген етістікті жіктеңіз.

Мен көрген _____	Біз көрген _____
Сен көрген _____	Сендер көрген _____
Сіз көрген _____	Сіздер көрген _____
Ол көрген _____	Олар көрген _____

Есте сақтаңыз!

- Есімше тәуелденеді. Мысалы: айтқаным, айтқаның, айтқаныңыз, айтқаны
- Есімше септеледі. Мысалы: білген/білгеннің/білгенге/білгенді/білгенде/білгеннен/білгенмен
- Есімше көптеледі. Мысалы: келгендер, оқығандар. Қаладан барғандар концертке қатысты.

3. Берілген етістіктермен сөйлем құраңыз.

Таныстырған. _____

Бекіткен. _____

Қабылдаған. _____

Назар аударыңыз!

Септеуліктер: (туралы, жайлы, жөнінде). Мысалы: Біз жаңа фильм туралы сөйлестік. Көмектес септігі (кіммен? немен?) + бірге, қоса. Мысалы: Киноға құрбыммен бірге барамын.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Қазақфильм – еліміздегі атақты киностудия. Ол Алматы кинохроника студиясы мен Алматы көркем фильмдер студиясы негізінде ұйымдастырылған. 1941 – 1944 жылы Алматы көркемфильмдер киностудиясы «Мосфильм» және «Ленфильм» киностудияларымен қоса Бірлескен орталық киностудиялар (ЦОКС) құрамына кірді. 1960 жылдан «Қазақфильм» деп аталды. 1984 жылы Ш.Айманов аты берілді. «Қазақфильмнің» қалыптасуы мен дамуына

Шәкен Айманов, Мәжит Бегалин, Сұлтанахмет Қожықов, Ораз Әбішев сияқты белгілі кино қайраткерлерінің қосқан үлестері мол.

Осында түсірілетін кино жанрлары әртүрлі: кинохроника, деректі және ғылыми-көпшілік фильмдер, анимациялық фильмдер. «Қазақфильмде» ұлттық кино өнерінің озық туындылары «Атамекен», «Біздің сүйікті дәрігер», «Алдар көсе», «Атаманның ақыры», «Мәншүк туралы ән», «Қыз-Жібек», т.б. фильмдер түсірілді. 100-ден астам осындай фильм түсіріліп, шетел және ТМД елдерінің көптеген фильмдері қазақ тіліне аударылды. 1990 жылдан бастап «Қазақфильм» киностудиясы Франция, Жапония, Ресей сияқты елдердің киностудияларымен бірге фильмдер түсіріп келеді. «Нәзік жүрек», «Ақсуат», «Фара», т.б. фильмдер халықаралық кинофестивальдерде жүлде алды, шет елдерде жарнамаланып, көрсетілді.

2. Оқылым мәтіні бойынша ақпаратты толықтырып жазыңыз.

«Қазақфильм» түсірген кино түрлері	«Қазақфильмнің негізін қалағандар	«Қазақфильм» туындылары	«Қазақфильмнің» жетістігі
1.			
2.			

3. Мәтін бойынша сөйлемді толықтырыңыз (Сіз не туралы білдіңіз?)

1. Мен бұл мәтіннен _____ туралы ақпарат алдым.
2. Мен бұл мәтіннен «Қазақфильмде» _____ жұмыс істегені жөнінде мәліметпен таныстым.
3. Мен бұл мәтіннен «Қазақфильмде» _____ фильмдері түсірілгені туралы ақпаратпен таныстым.
4. Мен бұл мәтіннен көптеген фильмдердің _____ тілдеріне аударылғаны туралы білдім.

4. Мәтін бойынша сөйлемді толықтырыңыз (Кіммен бірге?).

1. 1941 – 1944 жылдары «Қазақфильм» _____ жұмыс істеді.
2. «Қазақфильмнің» қалыптасуына _____ С.Қожықов та үлкен үлес қосты.
3. «Қазақфильм» _____ кино түсіреді.
4. А.Әшімов _____ режиссерлік жұмыс атқарады.



ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Асанәлі Әшімов туралы ақпараттарды анықтаңыз.

Сауалнама

1. А.Әшімовтің туған жылы: _____
2. Туған жері: _____
3. Негізгі мамандығы: _____
4. Ойнаған рөлдері: _____
5. Түскен фильмдерінің саны: _____
6. Режиссерлік жұмысы: _____
7. Қоғамдық жұмыстары: _____
8. Кітаптары: _____
9. Атақтары: _____



2. Мәтінді тыңдаңыз. Сауалнаманы толтырыңыз.

Аты-жөні: _____
Туған күні: _____
Туған жері: _____
Кәсібі: _____
Оның режиссерлік фильмдері: _____
Сүйікті жанры: _____
Тұсаукесері жоғары деңгейде өткен, жақсы жарнамаланған фильмі: _____

3. Мәтінді екінші рет тыңдаңыз. Фильмдердің түсірілген жылын анықтаңыз.

«Рекетир» _____
«Адасқандар» _____
«Ағайындылар» _____
«Ликвидатор» _____
«Жаужүрек мың бала» _____



ЖАЗЫЛЫМ

1. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: «Қазақстан» арнасынан сағат 19.30-да қазақстандық «Жаужүрек мың бала» телехикаясы көрсетіледі.

10.25	«Робот көлік»		Оңтүстік Корея
12.25	«Сурайя»	мультихикая	Малайзия
16.40	«Үй болу қиын»	телехикая	Қазақстан
21.30	«Айман-Шолпан»		Қазақстан
22.25	«Келін»		Үндістан

2. Оқылым мәтіннен етістік+ырықсыз етіс+есімше құрылымын табыңыз.

1. _____ 3. _____ 5. _____
2. _____ 4. _____ 6. _____

3. Өзіңіздің сүйікті кино жұлдызыңыз туралы сауалнаманы толтырыңыз.

Менің сүйікті кино жұлдызым

1. Аты-жөні: _____
2. Түскен кинолары: _____
3. Ойнаған рөлдері: _____
4. Атақтары: _____



СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Берілген сұрақтар бойынша сұқбаттасыңыздар.

1. Сіз кинотеатрға барасыз ба?
2. Қарағандыда қандай кинотеатрлар бар? Сіз қай кинотеатрға барасыз?
3. Сізге мультипликациялық фильмдер ұнай ма?
4. Шытырман оқиғалы фильмдер ше?
5. Сіздің сүйікті кино жанрыңыз қандай?
6. Шетелдік фильмдерден сізге қайсысы ұнайды?
7. Фильмдердің тұсаукесеріне қатыстыңыз ба?

IV МОДУЛЬ. Әлеуметтік-мәдени сала

6-САБАҚ. КОНЦЕРТТЕ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Концерттік бірлестік	Биші	Қызығу
Концерт залы	Шығармашылық кеш	Озық үлгі
Әнші	Байқау	Қазақстанның еңбек сіңірген
Күйші	Гастрольдік сапар	артисі/қайраткері
Домбырашы	Өнерпаз	Бастама
Қобызшы	Жеке орындаушы	

! ГРАММАТИКА

Сын-бейне үстеу (*жылдам, тез*). Мысалы: Данияр тапсырманы тез орындады.
Көңіл күй одағайы (*алақай, шіркін, пай-пай, бәрежелді. қап, әттең*).

Мысалы: Пай-пай, мына әншінің даусы қандай тамаша! Шіркін, опера жұлдыздарының концертіне барсам ғой!

Бұрынғы өткен шақтың болымсыз түрі

1. Етістік+(-ма/ме, -ба/бе, -па/пе +есімше формалары (-ған/ген, -қан/кен)+ж.ж..
Мысалы: жазбаған, сөйлемеген. Мен шетелдік жұлдыздардың концертін көрмегенмін.
Назар аударыңыз! Етістік+ырықсыз етіс+(-ма/ме, -ба/бе, -па/пе) +есімше.

Мысалы: Концерт туралы оларға айтылмаған.

Бұрынғы өткен шақтың болымсыз түрінің жіктелуі

I	Мен жазбағанмын	Біз жазбағанбыз
II	Сен жазбағансың Сіз жазбағансыз	Сендер жазбағансыңдар Сіздер жазбағансыздар
III	Ол жазбаған	Олар жазбаған

2. Берілген етістікті жіктеңіз.

Мен билемегенмін Біз _____
Сен _____ Сендер _____
Сіз _____ Сіздер _____
Ол _____ Олар _____

3. Бос орынға жалғауын қойыңыз.

Кеше концертке қатысқандар _____ сыйлық берілді. Түсінбеген _____ сұрап алыңыздар. Сіздің айтқандар _____ маған ұнады. Сенде оған көмектескендер _____ тізімі бар ма? Тапсырманы орындамаған _____ қол көтерсін. Осы айда есеп тапсырмаған _____ ескерту жасалады. Журналист джаз оркестрінің концертін көргендер _____ сұқбат алды.

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Тәттімбет атындағы академиялық қазақ ұлттық аспаптар оркестрі 1988 жылы құрылды. 25 адамнан тұратын қазақ халық аспаптары оркестрінің алғашқы дирижері – Дүйсен Үкібай. Екі жылдан соң оркестрге ұлы күйші Тәттімбеттің аты берілді. Алғашқы концерті 1988 жылы 9 желтоқсанда «Шалқыма» концерт залында КСРО халық артистері Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаевтың және Шамғон Қажығалиевтың қатысуымен өтті.

Оркестрге әр жылдары Дүйсен Үкібай, Шамғон Қажығалиев, Әбуғалисан Шоқанбаев, Ерлан Бақтыгерейлер дирижерлік етті. 2000 жылдың қыркүйек айында оркестрге Академиялық атағы берілді. Оркестрдің өнерпаздары АҚШ, Франция, Швейцария, Швеция, Чехия мен Словакия, Иран, Ирак, Түрік, Ресей, Оңтүстік Корея, Германия т.б. елдерде гастрольдік сапарда болып, өнер көрсетті. Оркестр репертуарында қазақтың халық музыкасынан бастап, қазақ, орыс композиторларының шығармаларымен қатар әлемдік классиканың озық үлгілері – 700-ден астам туынды бар. Бұл ұжымда Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, қобызшы Ғ.Болтаева мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, домбырашы П.Ташимов сияқты өнерпаздар еңбек етеді.

1. Мәтін бойынша ақпаратты анықтаңыз.



1. Оркестрдің дәрежесі: _____
2. Құрылған жылы: _____
3. Алғашқы концерті: _____
4. Алғашқы дирижері: _____
5. Оркестр дирижерлері: _____
6. Өнер көрсеткен елдері: _____
7. Оркестрдің репертуары: _____

2. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
1. Қарағандыдағы оркестр академиялық оркестр деп аталады.		
2. Шамғон Қажығалиев – оркестрдің алғашқы дирижері.		
3. КСРО халық артисі Б.Төлегенова «Шалқымада» өнер көрсетті.		
4. Академиялық оркестрде 4 адам дирижер болғаны белгілі.		
5. Тәттімбет атындағы академиялық қазақ ұлттық аспаптар оркестрінің репертуарында түрлі халықтың шығармалары бар.		
6. Оркестр құрамында алғашқыда 25 адам болды.		
7. 2000 жылы оркестр АҚШ-та өнер көрсетті.		

3. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

- Оркестрдің атағы. _____
- Оркестрдің дирижері. _____
- Оркестрдің концерті. _____
- Оркестрдің гастролі. _____
- Оркестрдің репертуары. _____



ЖАЗЫЛЫМ

1. Берілген ақпараттардың көмегімен концерт туралы хабарландыру жазыңыз.

Керекті сөздер мен сөз тіркестері: 16 желтоқсан, сағат 18.00, «Шалқыма» концерт залы, Тәттімбет атындағы оркестр, репертуар, қазақ және шетел композиторлары шығармасы, билет құны, 1000 теңге

Хабарландыру

2. Берілген хабарландыру бойынша өткен шақ формасында мәтін құраңыз.



Тәттімбет атындағы академиялық оркестрінің концерті



1. Мәтінді тыңдаңыз және кестені толтырыңыз.

Ресейге барған өнер ұжымдары	Концерттік бағдарламамен Өнер фестивалінің атауы	Санкт-Петербургте орындалған күйлер	Оркестрдің репертуары
1.	1.	1.	1.
2.	2.	2.	2.

2. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- «Шалқыма» концерт залының акустикасы қандай? _____
- Залдың акустикасы кімге ұнайды? _____
- Залдың акустикасы туралы кім пікір айтты? _____
- Концерт залында қанша көрермен отырады? _____



1. Топтық жұмыс. Оқылым және тыңдалым мәтіндеріне сүйеніп, берілген ақпараттарды толықтырып айтыңыздар.

Тәттімбет оркестрі 21 ақпаннан гастрольдік сапармен Түркияға барды. Түрік еліне келген күннен бастап, 27 ақпанға дейін бес қалада концерттік бағдарлама көрсетті.

Күні	Концерт болған орын
22 ақпан	Ыстамбұл қаласының концерт залы
23 ақпан	Анкарадағы президенттің симфониялық оркестрінің орталық концерт залы
24 ақпан	Алтындаг ауданы әкімшілігінің концерт залы
25 ақпан	Ескішехир орталық концерт залы
26 ақпан	Бурса қаласындағы концерт залы

Толықтыруға қажетті ақпараттар: концерттің басталуы, көрермендер саны, дирижердің аты-жөні, оркестрдің репартуары

2. Тақырып бойынша өз ойыңызды айтыңыз.

Маған ұнаған концерт

IV МОДУЛЬ.

Әлеуметтік-мәдени сала

7-САБАҚ. МЕНІҢ СҮЙІКТІ ӘНШІМ

сөздердің
аудармасы
қай жерде
беріледі?

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Елеулі	Талап	Бойжеткен
Театр құрамы	Шарт	Жолдама
Марапаттау	Кезең	Шоу-бизнес өкілдері
Арнайы сыйлық	Аймақтық іріктеу	Іріктеу өткізу
Шеберлікпен	Үміткер	Ренжу
Тележоба	Бозбала	Ашулану

! ГРАММАТИКА

Болымсыздық есімдіктері: ешкім, ештеңе, ешқашан, ешбір, ешқандай, ешқайдан, ешқайда, ешқайсысы. **Мысалы:** Осындай жұмыс ешкімде жоқ.

Назар аударыңыз!

Көмектес септігі: зат есім+(-мен/бен/пен) **Мысалы:** шеберлікпен, жауапкершілікпен, қызығушылықпен, махаббатпен (Ол әнді үлкен шеберлікпен орындады)

2. Болымсыздық есімдігімен сөйлем құрастырыңыз.

Ешкімге. _____
Ештеңені. _____
Ешқайдан. _____
Ешқайдан. _____

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Нұржамал Пернебекқызы Үсенбаева 1958 жылы 4 маусымда Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс қаласында дүниеге келген. 1984 жылы Алматы консерваториясын бітірген. Ол – Қазақ академиялық опера және балет театрының соло-әншісі. Осы театр сахнасында орындаған аса елеулі партиялары қатарында Қыз Жібек, Ажар, Сара, Виолетта, Антония т.б. бар. «Шилі өзен», «Алқоңыр» сияқты қазақ әндерін де үлкен шеберлікпен орындайды.

Үсенбаеваның репертуарынан ұлттық және шетел композиторларының әр алуан музыкалық шығармалары орын алған. Әнші гастрольдік сапармен Ресей қалаларында, 1997 жылы Татар академиялық опера және балет театрының құрамында Португалияда, 1998 жылы Санкт-Петербургтың академиялық опера және балет театры құрамында Жапонияда және басқа елдерде өнер көрсеткен. 2007 жылы «Карнеги-Холл» (Нью-Йорк) залында жеке концерт берген.

Нұржамал Үсенбаева – Қазақстанның халық әртісі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері, Барселонада өткен Ф.Виньяса атындағы Халықаралық вокалшылар конкурсының арнаулы Джинно Бекки сыйлығының иегері. «Құрмет» орденімен марапатталған.

2. Оқылым мәтіні бойынша ақпаратты толықтырып жазыңыз.

Әнші туралы ақпарат	Әнші репертуары	Әншінің шетелге сапары	Әншінің марапаттары
1.	1.	1.	1.
2.	2.	2.	2.

2. Берілген тапсырмаларды орындаңыз.

- Мәтінге тақырып қойыңыз.
- Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.
- Мәтіндегі тірек сөздерді табыңыз.

3. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
Нұржамал Үсенбаева – белгілі опера әншісі.		
Қазақстанның халық әртісінің репертуары өте бай.		
Ол – Татар академиялық опера және балет театрының әншісі.		
1998 жылы Жапонияға барғанда «Алқоңыр» әнін орындады.		
«Құрмет» орденімен марапатталған әнші Ресейге де барды.		

4. Мәтінді оқыңыз.

«МузАРТ» – еліміздігі ең танымал вокалды-аспапты ансамбль. Топтың әрбір әні хитқа айналған. МузАРТ тобы 2001 жылдың сәуір айында құрамында Сәкен Майғазиев, Мейрамбек Бесбаев және Мақсат Базарбаев бар трио ретінде құрылған. Топтың алғашқы орындаған әні – «Сенің көзің» атты шығармасы.

Қазіргі уақытта топ құрамы сегіз мүшеден тұрады: Топтың арт-директоры қызметін Ерлан Жүнісбай, музыкалық продюсері қызметін Бексұлтан Арман атқарады.

«МузАРТ» тобының репертуарында эстрадалық әндер, халық әндері мен ретро әндер бар. 2011 жылға дейінгі он жылдық тарихында 46 ән жазған. «МузАРТ» тобының әншілері Сәкен Майғазиев, Мейрамбек Бесбаев және Кенжебек Жанәбіловтер «Дарын» жастар сыйлығының иегерлері және ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлері атанды.

5. Мәтін бойынша ақпараттарды анықтаңыз.

1. Ансамбльдің атауы: _____
2. Құрылған жылы: _____
3. Ансамбльдің алғашқы құрамы: _____
4. Алғашқы орындалған ән: _____
5. Топтың продюсері: _____
6. Топтың репертуары: _____
7. Топ мүшелерінің жетістіктері: _____



ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орынды тотырыңыз.

1. Игорь БОРКО – _____ халық әртісі, _____ атындағы Ұлттық _____ солисі.
2. Филип БАНДЖАК – _____ .

2. Пікірлерді екінші рет тыңдап, кестелерді толтырыңыз.

1-пікір бойынша

Олар қайда танысты?	Әнші орындаған партия	Өнер көрсеткен сахналары	Әншіге берілген баға
1.	1.	1.	1.
2.	2.	2.	2.

2-пікір бойынша

Нұржамалдың ерекшелігі	Ария орындаған қала	Олар ән шырқаған сахна
1.	1.	1.
2.	2.	2.

3. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

1. Жобаның атауы: _____
2. Жоба көрсетілетін телеарна: _____
3. Жобаның кезеңдері: _____
4. Іріктеу өткізілетін аймақтар: _____
5. Жобаға қатысушылардың жасы: _____
6. Жобаның шарты: _____
7. Жобаның жүргізушілері: _____
8. Жобаның продюсері: _____



ЖАЗЫЛЫМ

1. Бос орынға болымсыздық есімдігін қойыңыз.

Танымал опера әншісі Нұржамал Үсенбаева алпысқа келсе де, әлі әдемілігін сақтаған. "Замана" басылымына берген сұхбатында бұл құпияларын елге айтып берді.

"Мен өнер адамдарының арасындағы әртүрлі сөздерді _____ тыңдамаймын. _____ жаман сөз айтпаймын. Ол үшін уақытымды да, жүйкемді де аяймын, сондықтан адамдардың _____ ренжімеймін. Көп ашуланбаймын. Жас көрінуімнің басты себебі – осы.



2. Тірек сөздер бойынша Нұржамал Үсенбаеваның концертіне хабарландыру жазыңыз.

Тірек сөздер: «Астана Опера» театры, «Өнерім – өмірім» концерттік бағдарламасы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан және Татарстанның Халық әртісі, «Астана Опера» симфониялық оркестрінің қатысуы, 15 қазан

Хабарландыру



СӨЙЛЕСІМ

1. Топтық жұмыс. Берілген сұрақтар бойынша сөйлесіңіздер.

1. Сіз «МузАРТ» тобы туралы білесіз бе?
2. Топ құрамындағы әншілерді білесіз бе?
2. Бұл топтың қандай әндерін білесіз?
3. Сіздің осы топ туралы пікіріңіз қандай?



2. Пікіріңізбен бөлісіңіз.

1. Қазақ эстрадасында қандай танымал әншілер бар?
2. Ең танымал шоу-бизнес өкілдерінен кімдерді білесіз?

V МОДУЛЬ. АС. КИІМ. ТАЛҒАМ

1-САБАҚ. АСҮЙ БҰЙЫМДАРЫ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Ыдыс-аяқ	Таба	Араластыру
Дастарқан	Табақ	Елеу
Асқасық	Қазан	Кесу, турау
Шайқасық	Ожау	Жазу, жаю
Шыныаяқ	Оқтау	Аққұман
Табақ	Елеуіш	<u>Басытқы</u>
Жиынтық	<u>Кәкір (кепсер)</u>	Сақтау
<u>Шойын</u>	<u>Жез</u>	Бұқтыру
Шыны	Ыдыс-аяқ жиынтығы	Жарамды
Қақпақ	Салмақ	Демдеу

! ГРАММАТИКА

Есімшенің болымды түрі

Етістік +-атын, -етін, -йтын, -йтін. **Мысалы:** қуыратын, пісіретін, турайтын, өлшейтін
Назар аударыңыз! Етістік+ырықсыз етіс+есімше. Пісірілетін ботқа, қуырылатын тамақ
т.б.

Есімшенің жіктелуі

I	Мен кесетінмін	Біз кесетінбіз
II	Сен кесетінсің Сіз кесетінсіз	Сендер кесетінсіңдер Сіздер кесетінсіздер
III	Ол кесетін	Олар кесетін

2. Берілген етістікті жіктеңіз.

Мен пісіретінмін	Біз пісіретін _____
Сен пісіретін _____	Сендер пісіретін _____
Сіз пісіретін _____	Сіздер пісіретін _____
Ол пісіретін _____	Олар пісіретін _____

Есте сақтаңыз!

- Есімше тәуелденеді. Мысалы: жазатыным, жазатының, жазатыныңыз, жазатыны
- Есімше септеледі. Мысалы: келетін/келетіннің / келетінге / келетінді / келетінде / келетіннен / келетінмен
- Есімше көптеледі. Мысалы: сөйлейтіндер, жазатындар. Жиналысқа баратындар келді.

3. Есімшенің қосымшасын қосыңыз.

Таңда _____	Бақыла _____	Қабылда _____
Атқар _____	Басқар _____	Бекіт _____
Аяқта _____	Орында _____	Белгіле _____
Бағала _____	Сақта _____	Дамыт _____

4. Үлгі бойынша сөз тіркесін жасаңыз.

Үлгі: анықта~~йтын~~ мәселе, анықталатын мәселе

Көрсет _____	Тапсыр _____	Қабылда _____
Көрсет _____	Тапсыр _____	Қабылда _____

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Ыдыс-аяқ – күнделікті тамақты дайындап, ішіп-жеу барысында пайдаланылатын тұрмыстық заттар жиынтығы. Тамақ дайындайтын ыдыстар: кәстрөлдер, табалар, қазан, ожау, кәкпір, тамақ қабылдайтын ыдыстар: тәрелкелер, табақ, қасық, шанышқы, кесе, стақан. Күнде қолданылатын асүй құралдарына басытқылық, балықтық, асханалық, десерттік және жеміс-жидекті құрал-аспаптар жатады. Олар: шанышқы мен шайқасық, асқасық және пышақ.

Неден жасалғанына байланысты ыдыс-аяқтар мына топтарға бөлінеді: алюминий ыдыс (таба, кастрюль, қазан т. б.), жез және шойын ыдыстар, керамикалық және фарфор ыдыстар, шыны және пластмасса ыдыстар болып бөлінеді.

Бұл ыдыстар тамақты қуыруға, бұқтыруға және пісіруге, қайнатуға және сақтауға, тамақ салуға арналған.

2. Азатжолдарға тақырып қойыңыз.

Бірінші азатжол: _____

Екінші азатжол: _____

Үшінші азатжол: _____

3. Артығын сызыңыз.

1. ыдыс-аяқ, табақ, қайнату, кәкпір, ожау

2. алюминий, асүй, шыны, шойын, фарфор

3. пісіру, тамақ, қуыру, бұқтыру, ішіп-жеу

4. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Бірінші азатжол не туралы? _____

Екінші азатжол не туралы? _____

Үшінші азатжол не туралы? _____

Ыдыстар неден жасалады? _____

5. Мәтін бойынша бос орынды толтырыңыз.

_____ сияқты ыдыстарда тамақ пісіреді. _____
сияқты ыдыстарға тамақ салады. _____ сияқты құралдармен тамақ
жайды. _____ сияқты құрал-аспаптар күнде қолданылады.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Суреттер бойынша мәтін құраңыз.



2. Берілген кеңестерді оқыңыз. Ондағы етістіктерді үлгі бойынша жазыңыз.

1. Алюминий ыдыста тамақты 2 тәуліктен артық сақтауға болмайды. Алюминий ыдыста пісірілген тамақтың дәмі, түсі, ісі бұзылмайды. 2. Жезден жасалған ыдыстарда су, қайнатпа (варенье) қайнатуға болады. Оларды алюминий және эмальды темір ыдысқа қарағанда ұзақ пайдалануға болады. 3. Шойын ыдыстар қуырылатын, бұқтырылатын тамақтарға қолданылады. 4. Эмалі кеткен ыдысқа тамақ пісіруге болмайды.

Үлгі: қуыр-ыл-атын

3. Бос орынды сөздіктегі ыдыс-аяқ атауымен толықтырыңыз.

Көже ішуге, қуырдақ жеуге _____ қажет. Тосапты, сарымайды _____ жейді. Шай, кофе ішуге _____ ыңғайлы. Нанды, етті _____ турайдды (кеседі). Сорпаны _____ құядды. Нанды _____ жаяды. Ұнды _____ елейді. Шайды _____ демдейді. Тамақты _____ араластырады. Тамақты _____, _____ пісіреді.

4. Сурет бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.



1. Бұл ненің жиынтығы? _____
2. Ыдыстың саны нешеу? _____
3. Табалардың түсі қандай? _____
4. Олар не пісіруге арналған? _____
5. Үлкенін не үшін пайдаланады? _____
6. Кішкентайын не үшін пайдаланады? _____
7. Сіздің үйіңізде осындай жиынтық бар ма? _____
8. Сізде осындай жиынтық болғанын қалайсыз ба? _____



ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

Сіз табаны қалай таңдайсыз?

Табә жасалатын материалдар	Ең қымбат табә	Жылуды жақсы өткізетін табә	Табә алушыға кеңес

2. Мәтінді екінші рет тыңдаңыз.

- 1) Мәтіннен сын есімдерді табыңыз: _____
- 2) Табалардың атауын анықтаңыз: _____



СӨЙЛЕСІМ

1. Пікіріңмен бөліс. Берілген кеңестердің себебін түсіндіріңіз.

- Ас үстінен аттама, себебі ... _____
- Астан үлкен емессің, себебі ... _____
- Ертеңгі асты тастама, себебі ... _____
- Кешкі асқа қарама, себебі ... _____

2. Жұптық жұмыс. Берілген сұрақтар бойынша сөйлесіңіздер.

1. Сіздің үйіңізде қандай ыдыстар бар?
2. Тамақты қандай табаға пісіресіз?
3. Үйіңізде қандай шыны ыдыстар бар?
4. Сізде қандай ыдыс-аяқ жиынтықтары бар?
5. Шойын немесе жез ыдыстарда тамақ пісіресіз бе?
6. Үйіңіздегі шыныаяқтар мен кеселер неден жасалған?
7. Сіздің үйіңіздегі ыдыс-аяқтарыңыздың сапасы қандай?

3. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Ә: Мына қазан қанша тұрады?
Қ: 7 мың теңге тұрады.
Ә: Қымбат екен. Арзаны бар ма?
Қ: Арзаны бар, бірақ оның сапасы жақсы емес. Мына біреуі 4 мың тұрады.
Ә: Бұл қазан неден жасалған?
Қ: Шойыннан жасалған.
Ә: Қай елде жасалған?
Қ: Қазақстандық тауар.

- таба, кеселер жиынтығы, шыныаяқ жиынтығы, шайқасық;
арзан, қымбат, арзан емес, қымбат емес, сапалы;
5 мың, 18 мың, 25 мың, 12 мың;
шойын, шыны, жез, алюминий, пластмасса;
қазақстандық, отандық, қытайлық, ресейлік

V МОДУЛЬ. АС. КИІМ. ТАЛҒАМ

2-САБАҚ. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Ұлттық дастарқан	Ірімшік	Қышқыл
Қазақша ет	Сүзбе	Ащы
Қуырдақ	Қатық	Тұщы
Қымыз	Талқан	Дәмді
Шұбат	Жент	Құнарлы
Айран	Қазы-қарта	Наурызкөже
Құрт	Шұжық	Уыз

! ГРАММАТИКА

Есімшенің болымсыз түрі

Етістік+(-ма/ме, -ба/бе, -па/пе) + -йтын, -йтін. **Мысалы:** көрмейтін, бармайтын, ішпейтін. Назар аударыңыз! Етістік+ырықсыз етіс+есімше. Жазылмайтын есеп, көрінбейтін адам т.б.

Есімшенің жіктелуі

I	Мен бақыламайтынмын	Біз бақыламайтынбыз
II	Сен бақыламайтынсың Сіз бақыламайтынсыз	Сендер бақыламайтынсыңдар Сіздер бақыламайтынсыздар
III	Ол бақыламайтын	Олар бақыламайтын

Есте сақтаңыз!

1. Есімше тәуелденеді. **Мысалы:** жазбайтыным, жазбайтының, жазбайтыныңыз, жазбайтыны
2. Есімше септеледі. **Мысалы:** келмейтін / келмейтіннің / келмейтінге / келмейтінді / келмейтінде / келмейтіннен / келмейтінмен
3. Есімше көптеледі. **Мысалы:** сөйлемейтіндер, жазбайтындар.

3. Есімшенің қосымшасын қосыңыз.

Өзгерт _____ Тамашала _____ Баста _____
 Үлес қос _____ Ашулан _____ Ренжі _____

4. Үлгі бойынша сөз тіркесін жасаңыз.

Үлгі: жазылатын тілек-жазылмайтын тілек

Әзірле _____ Тапсыр _____
 Бағала _____ Анықта _____
 Қайтала _____ Талда _____

1. Мәтінді оқыңыз.

Қазақтың ұлттық тағамдарының ішінде негізгі тағам – сүт. Сүт тағамдарынан қымыз, шұбат, құрт, ірімшік, қатық, айран, уыз, май, сүзбе тағы басқаларын күнделікті пайдаланамыз. Бұлардың адам денсаулығына пайдасы мол.

Сүт – ешқандай азық-түлік тең келмейтін аса бағалы тағамдық өнім. Өйткені организмге оның 95-98 пайызы сіңеді. Сондай-ақ сүт – амин қышқылдарының, макро және микроэлементтерінің, дәрумендердің таптырмайтын көзі. Ол бізге кальцийді, дәрумендерді (А, В2, В1, Е, D, С), көптеген басқа қоректік заттарды жеткізеді.

Бір литр сүт құрамындағы белок мөлшері – 150 г., ол сиыр еті, немесе тауықтың 5 жұмыртқасы, немесе 1 кг. нан құрамындағы бөлекке тең. Сүттің бір литрі адамның май, кальций, фосфорға қажеттілігін толық қамтамасыз етеді. Сүттен жасалған тағамдардың дәмі де әртүрлі. Сүт, қаймақ, айран, уыз тұщы болса, ірімшік пен қатық дәмді, құрт қышқыл немесе ащылау болады. Сүт – қазақ отбасының негізгі тағамы. Сүт тағамын пайдаланбайтын отбасы жоқ.

2. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
1. Сүт – қазақтың ұлттық тағамдарының бірі.		
2. Денсаулығымыз жақсы болу үшін күнде қымыз ішу керек.		
3. Сүт тағамдарының дәмі қышқыл болады.		
4. Сүттің 95-98 пайызында дәрумендер болады.		
5. Қазақ отбасында бір күнде 1 литр сүт ішіледі.		
6. Сүт арқылы ағзаға амин қышқылдары мен кальций барады.		

3. Мәтін бойынша кестені толтырыңыз.

Сүт тағамдары	Сүт құрамындағы дәрумендер	Сүт тағамдарының дәмі	Қазақ халқы үшін сүттің маңызы

4. Мәтіндегі тірек сөздерді жазыңыз.



 **ТЫҢДАЛЫМ**

1. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Фаст-фут деген не? _____
2. Фаст-футтің түрлері қандай? _____
3. Фаст-футтің денсаулыққа зияны қандай? _____
4. Адамдар үшін ең басты шешім қандай? _____

2. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін бойынша ақпараттарды анықтаңыз.

Ұлттық тағам түрлері	Айран қандай ас?	Қуырдақ қандай ас? Оның түрлері	Бауырсақ қандай ас? Оның түрлері

ЖАЗЫЛЫМ

1. Мәтінді оқып, ұлттық тағамға жарнама жасаңыз.

Ұлттық тағамдардың бірі – жент. Ол қыста қатпайды, жазда бұзылмайды, әрқашан сапасын сақтайды. Өте дәмді әрі құнарлы болады. Ол дәнді дақылдардың жармасынан дайындалады. Денсаулыққа қажетті дәрумендерге бай.

ЖАРНАМА



Жент

2. Сурет бойынша мәтін құрастырыңыз.



Қазақтың ұлттық тағамдары

3. Бос орынды толықтырыңыз.

Уыз – сүттен _____ тағам. Наурызкөже жеті түрлі нәрсе _____ тағам.
Қуырдақ – еттен _____ тағам. Талқан – дәннен _____ тағам. Шұбат – түйенің сүтінен _____ тағам. Қазақтың ұлттық дастарқаны – ет, сүт, ұн тағамдарынан _____ дастарқан. Қазақ дастарқанын _____ адам жоқ.

Керекті сөздер: қуырылатын, дайындалатын, ұнатпайтын, қосылатын, тұратын, әзірленетін, жасалатын

СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Берілген сұрақтарға сүйеніп, сұқбаттасыңыздар.

- Сізге қандай ұлттық тағам ұнайды?
- Алғаш рет бұл тағамды қашан жедіңіз (іштіңіз)?
- Дәмі қандай? Неден жасалады?
- Оның денсаулыққа пайдасы бар ма?
- Сіз осы тағамды дайындай аласыз ба?

2. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

Т: Сіз қазақтың ұлттық тағамдарын білесіз бе?
Е: Әрине білемін. Мысалы, құрт. Ол ащы немесе қышқыл болады. Түсі ақ түсті.
Т: Құрт неден жасалған?
Е: Құртты сүттен жасайды.
Т: Ол денсаулыққа пайдалы ма?
Е: Пайдасы өте көп. Оның құрамында дәрумендер көп, кальцийге бай.

бауырсақ, қымыз, сарымай, ірімшік, қазы;
еттен, сүттен, ұннан жасалады;
ащы, қышқыл, дәмді, тәтті, тұщы;
сапалы, пайдалы, құнарлы

V МОДУЛЬ. АС. КИІМ. ТАЛҒАМ

3-САБАҚ. ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Қонақжайлық	Сүрленген ет	Дастақан мәдениеті
Үйдің төрі	Сыйластық	Қонақ шақыру
Салт	Таңғалу	Ауыз тию
Дәстүр	Сарқыт	Нығайтады
Сыйлы ас	Сый-құрмет	Бас тарту
Ортақ дастарқан	Ет асу	Іс жүзінде
Қонақ күту	Дастарқанды әрлеу	Мәжбүрлеу

! ГРАММАТИКА

Мезгілді білдіретін құрылым

Етістік + -ғанда/генде, -қанда/кенде. **Мысалы:** жазғанда, оқығанда, көргенде, білгенде
Мен оны көргенде қатты қуандым. Эссе жазғанда жоспар құру керек.

2. Тиісті қосымшасын қосыңыз.

Тыңдағанда	Амандас _____	Қонақ шақыр _____	Оқу бітір _____
Таныс _____	Қоштас _____	Ас әзірле _____	Есеп тапсыр _____
Сұра _____	Кездес _____	Тілек айт _____	Тапсырма бер _____

3. Берілген етістіктермен сөйлем құраңыз.

Қонақ келгенде. _____
Дастарқанжасағанда. _____
Қонаққа дайындалғанда. _____

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Қазақ халқы – өте қонақжай. Қонақжайлық — қазақ халқының салт-дәстүрінің бірі. Халқымыз қонақты қарсы алуға және шығарып салуға ерекше мән берген.

Қонаққа дастарқан жайып, дәмді тағамдар дайындаған. Қонақ келгенде үйдің төрін, астың дәмдісін ұсыну – ертеден келе жатқан салтымыз. Қазақтың ұзақ сақталып, тек қонақ келгенде ғана дастарханға салатын сыйлы асы – сүрленген ет, қазы, шұжық, жент, құрт, сары май, тәтті, тары, қант, шай, өрік-мейіз т.б. Үй иесі әңгімелесіп қонақпен бірге отырады. Реті келсе, ауылдағы әнші, күйшілерді шақырады, әңгіме арасында қонақтардың көңілін көтереді. Үй иесінің балалары қонақтарға қызмет көрсетеді.

Осының бәрі үй иесінің сый-құрметін, адамгершілігін, мәдениетін, сыйластығын көрсетеді. Қазақ халқының қонақжайлығына саяхатшылар мен ғалымдар қатты таңқалған. Қонақ күту дәстүрі адамдардың арасындағы жақсы қарым-қатынасты нығайтады. Халқымызда «Қазақ қонақсыз болмайды» деген мақал бар.

Сонымен қатар, келген қонақтар дастарқаннан сарқыт та алады. Сарқыт – тәтті-дәмді тамақтан үйде қалған адамдарға апарып беретін жақсы дәстүріміздің бірі. Үйдегілер сарқыттан ауыз тиеді. Сондай-ақ, қазақтар әңгімелесіп, дастархан басында мәселелерін де шешіп отырған.

2. Азатжолдарға тақырып қойыңыз.

Бірінші азатжол: _____
 Екінші азатжол: _____
 Үшінші азатжол: _____

3. Артығын сызыңыз.

1. қонақжайлық, салт-дәстүр, қонақ, сарқыт
2. сары май, өрік-мейіз, дастарқан, бауырсақ
3. ет асу, тамақ пісіру, әңгімелесу, мәселе

4. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Бірінші азатжол не туралы?
 Екінші азатжол не туралы?
 Үшінші азатжол не туралы?



5. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

Қазақ халқы қонағын _____ шығарады.
 Қонағына _____ ұсынады. Қазақтың
 сыйлы асына _____ жатады. Қазақта
 _____ деген мақал бар. Қазақтың тағы
 бір жақсы дәстүрі _____ деп аталады.



ТЫНДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

Әлем елдеріндегі қонақ күту дәстүрі

Жапондықтардың ерекшелігі	Ирандықтардың ерекшелігі	Малайзияның ерекшелігі	Боливияның ерекшелігі

2. Мәтінді тыңдаңыз. Қонақ күту ережелерін анықтаңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____

3. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Қазақ халқы үшін шай – _____ .
2. Шай туралы айтқан жапондықтар _____ және _____ .
3. Шай ішкенде қазақтар _____ та, _____ да талғамайды.
4. Қазақ үшін _____ шайдың орны ерекше.
5. Орта есеппен бір жылда бір қазақ _____ шай ішеді.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Сурет бойынша мәтін құраңыз.



Қазақтың шай дастарқаны

2. Ақпараттармен танысып, қонақ күтудің ең негізгі ерекшеліктерін жазыңыз.

Ең қонақжай елдер

Ирландияда жергілікті ауа-райы қолайсыз болса да, адамдары өте қарапайым. Мұнда тіпті танымайтын адамды да кешкі асқа қонаққа шақырып, әңгіме-дүкен құрады. Аустралиялықтар көңілді халық. Қонаққа келген адам ең болмағанда бір шыны аяқ кофе не шай ішпей кете алмайды. Канадалықтар қонағымен туған-туысындай сөйлеседі. Грузиялықтарда қонаққа ең жақсы жағдай жасалған. Грузиндер қонақ күтуді қонақ күту этикеті деп қана қабылдамайды, сонымен бірге, өздерінің қасиетті парызы санайды екен.

Әр елдің қонақ күту ерекшеліктері

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

3. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Айгүл баласының туған күніне қонақтарды үйіне шақырды.

Алтынай	жұбайы			жайлау	
Дархан	інісі	мерейтой		үй	
Жазира	атасы	туған күн	қонақтар	дәмхана	шақыру
Жібек	әйелі			табиғат аясы	
Ернар	ағасы			шай	

? СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Берілген сұрақтарға сүйеніп сұқбаттасыңыздар.

1. Сіз қонаққа жиі барасыз ба? (мереке күндері, демалыс күндері, туған күніне, жылына, аптасына бір рет, екі рет...)
2. Кімге қонаққа барасыз? (достарыма, ағама, әжеме, сыныптастарыма)
3. Не сыйлайсыз? (гүл, кітап, сағат, көйлек, орамал...)
4. Отбасыңыз қонақты жиі шақыра ма? (мереке күндері, демалыс күндері, туған күніне, жылына, аптасына бір рет, екі рет...)
5. Қонақтарды кім қарсы алады? (өзім, жұбайым, ағам, әкем, әжем...)
6. Қонақтарға қандай сусындар бересіз? (қымыз, шұбат, шырын)
7. Қонақтарға қандай ыстық тамақ бересіз? (ет, палау, мәңті, сорпа...)
8. Үй иелері қандай болу керек? (қонақжай, көңілді)

2. Берілген ақпаратты оқып, пікіріңізбен бөлісіңіз.

Жапондар ұлттық дәстүрін сақтау арқылы ұл-қызын дұрыс тәрбиелейді. Бұл елде үлкенді сыйлау мәдениеті іс жүзінде жоғары деңгейде. Екінші бір жақсы дәстүр – ер адамды қадірлеу. Қазақтың «батыр болар ма екенсің» дегені сияқты, жапон да ұлын ержүрек, ертеңгі батыр болуға тәрбиелейді.

Сіз қалай ойлайсыз, жапон мен қазақтың бала тәрбиелеуде ұқсастығы бар ма?

V МОДУЛЬ. АС. КИІМ. ТАЛҒАМ

4-САБАҚ. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Шапан	Ішік	Безендіру
Тон	<u>Бүрмелі</u> көйлек	Тапсырыспен тіккізу
Бешпент	Ұлттық киім үлгісі	Қоғамдық іс-шара
Сәукеле	Тақия	<u>Иығына</u> шапан жабу
Желетке	<u>Саптама</u> етік	Қатардағы киім
Кимешек	Әшекейлі	Көркем
<u>Тымақ</u>	Оюлы	Сый-сияпат
Салтанатты рәсім	Талғамға сай	Шүберек
Жүн/жібек мата	Киіз	Аң терісі

! ГРАММАТИКА

Сын есімнің салыстырмалы шырайы

Сын есім + (-лау/леу, -дау/деу, -тау/теу). **Мысалы:** әдемі-леу, кең-деу, ұзын-дау
 Сын есім + (-рақ/рек, -ырақ/ірек). **Мысалы:** қымбат-ырақ, әдемі-рек, арзан-ырақ

2. Тиісті қосымшасын жалғаңыз.

Үлгі: жақсы-жақсылау-жақсырақ

Бағалы _____	Үлкен _____
Сәнді _____	Сапалы _____
Құнды _____	Стильді _____

3. Берілген тіркестермен сөйлем құраңыз.

Сәндірек киім. _____
 Сапалырақ етік _____
 Қымбаттау шапан. _____
 Бағалырақ сәукеле. _____

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі», - деген ұлы адамдар. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де еш халықтікінен кем емес. Оның көркем үлгілері әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған. Ұлт мәдениетінде бағалы киімдер сый-сияпат, дипломатиялық қатынастарда ескерткіш, белгі ретінде жүрген.

Қазақ халқының ұлттық киімдері этникалық, экономикалық және климаттық жағдайлар ескеріліп, ежелгі дәстүрлер бойынша тігіледі. Қазақтарда ішкі, сыртқы, біркиер, сәндік және кейбірінде салтанат-ғұрып киімдері болады. Біркиер киім деп қымбат маталардан әшекейлеп тігілген сәнді киімдерді атаған. Шапан, бешпет, сәукеле, бүрмелі көйлек, тымақ, кимешек, саптама етіктердің небір әдемі үлгілері бар.

Киімдер қымбат маталардан, жүн және жібек матадан, киізден, аң терісінен тігіледі. Аң терілерінен тондар мен ішіктер тіккен. Ұлттық киімдерді қазақтар жынысына, жасына және қоғамдағы дәрежесіне байланысты киген.

2. Мәтіннен сын есімдерді тауып, салыстырмалы шырайдың қосымшасын қосыңыз.

3. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
1. Ұлттық киімнен әдемі киім жоқ.		
2. Мұражайлар мен көрмелерге шапан мен бөрік қойылған.		
3. Қазақтар кей жағдайларда киімді сыйлыққа берген.		
4. Ұлттық киімдер ауа райына байланысты тігіледі.		
5. Біркиер киім деп сыртқы киімдерді айтамыз.		
6. Қазақтың ұлттық киімдері әртүрлі материалдан тігіледі.		
7. Аң терілерінен салтанатты-ғұрыптық киімдерді тігеді.		

4. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазақтың қандай ұлттық киімдері бар?
2. Ұлттық киімдердің ерекшелігі қандай?
3. Ұлттық киімдердің түрлерін білесіз бе?
4. Қазір ұлттық киімді қайдан көруге болады?

5. Сөздікке және мәтінге сүйеніп ақпаратты толықтырыңыз.

Сырт киімдер: _____
Ішкі киім: _____
Сәндік киім: _____

6. Мәтінде жоқ ақпаратты сызыңыз.

1. әдемі, ұлттық, этникалық, маталар, этнографиялық, сәндік
2. сыртқы, ішкі, бүрмелі көйлек, сәндік, біркиер, аң терілері
3. дәреже, жағдай, климат, ұлттық киім, қоғам, халық
4. сый-сияпат, әлем, ескерткіш, белгі, қоғам, дипломатиялық қатынас

7. Мәтін бойынша толықтырыңыз.



1. Ұлы адамдардың пікірі, _____
2. Ұлттық киім сақталатын орын: _____
3. Ұлттық киім берудің мақсаты: _____
4. Ұлттық киімді тіккенде ескерілетіні: _____
5. Ұлттық киім түрлері: _____
6. Біркиер киімнің ерекшелігі: _____
7. Ұлттық киімдер тігілетін материал: _____
8. Ұлттық киімдерді киудің ерекшелігі: _____



ТЫҢДАЛЫМ



1. Мәтінді тыңдаңыз. Дизайнердің өмірбаянын жазыңыз.

1. Аты-жөні: _____
2. Алған сыйлықтары: _____
3. Оның қолданатын стилі: _____
4. Көпшілікке танылу себебі: _____
5. Бітірген оқуы: _____
6. Дизайнер қатысқан байқаулар: _____
7. Іс-тәжірибеден өткен елі: _____
8. Ұлттық киім арқылы нені көрсетті: _____

1. Сурет бойынша мәтін құраңыз.

Дизайнер Аида Қауменованың киім үлгілері



2. Ақпаратпен танысыңыз. Сұрақтарға жауап беріп, мәтінді аяқтаңыз.

Адам көркі – шүберек. Бұны тәжірибе дәлелдеп отыр. Халқымыз ежелгі заманнан әсем киім үлгілерін киген. Киім жай ғана мата емес. Ол белгілі бір ұлттың мәдениетін көрсетеді. Оның эстетикалық, этно-мәдени, қоғамдық мәні де үлкен. Сондықтан ұлттық киімді қадірлеу керек...

Ұлттық киімді неге қадірлейміз?

Ұлтыңыздың ұлттық киімдерінің түрлерін білесіз бе?

Ол ұлттық киімдердің ерекшелігі қандай?

Ұлттық киімдеріңізді қайда киесіздер?

 **СӨЙЛЕСІМ**

1. Ақпаратпен танысыңыз. Берілген ақпарат бойынша сұқбаттасыңыздар.

Негізі, Қазақстанда қоғамдық іс-шараларда ұлттық киім сыйлау дәстүрге айналып кеткен. Герольд Бельгердің пікірінше, қазақтың шапаны – қатардағы киімнің бірі емес. Шапан – құрметтің, достықтың, сыйластықтың, ұлттық дәстүрге деген сүйіспеншіліктің белгісі. Аса мәртебелі қонақтың иығына кестелі, қымбат шапан жабу – азиялықтар арасында ертеден келе жатқан салтанатты рәсім. Шапанды кейде тапсырыспен де тіккізеді. Оны кез келген адамға сыйлай бермейді. Бірақ бірде шетелден келген делегацияның 35 мүшесіне 35 шапан жабылған сәт те болған.



2. Топтық жұмыс. Төмендегі жағдаяттар бойынша біреуге шапан сыйлаңыздар.

Жағдаяттар:

- ата-анаңыздың біреуінің мерейтойы;
- әріптесіңіздің мерейтойы болып жатыр;
- жақсы досыңыз алыстан қонаққа келді;
- сіздің мекемеңізге шетелдік қонақтар келді.

V МОДУЛЬ. АС. КИІМ. ТАЛҒАМ

5-САБАҚ. ҚАЗАҚ СӘНГЕРЛЕРІ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Сәнгер	Етек-жең	Сауда белгілері
<u>Көненің құндылықтары</u>	Ғажайып дүние	Қайталанбас үлгі
<u>Көрік беру</u>	Бағалы тас	<u>Өкілдік</u>
Замандас	Ою-өрнек	Лайықты
Мақта	Негізін қалау	Тартымды
Барқыт (шибарқыт)	Қолөнер	Кеңінен қолдану
Жібек	Бет-бейне	

! ГРАММАТИКА

Белгісіздік есімдігі (әлдеқашан, әрқайсысы, әрбіреу, кейбір, біреу, кейбіреу, бірнеше, әркім, әлдеқашан) **Мысалы:** Қарағандыда биыл бірнеше күн қатты аяз болды. Есте сақтаңыз! Белгісіздік есімдігі көптеледі, септеледі, тәуелденеді.

Мөлшер үстеуі (сонша, мұнша, көптеген, аздаған, бірен-саран, бірталай, әжептәуір) **Мысалы:** Қазақстанда көптеген сәнгерлер ұлттық киімдер тігумен айналысады.

2. Берілген сөздермен сөйлем құраңыз.

Аздаған. _____
 Бірталай. _____
 Әжептәуір. _____

3. Бос орынға белгісіздік есімдігін септік, көптік, тәуелдік формада қойыңыз.

Мамандық таңдау әркім _____ өз қалауы. Сіздердің әрқайсысы _____ осы жобаға қатысасыздар.
 Осы мәселе туралы әркім _____ пікір сұраңыз. Біреу _____ менің айтқаныммен келіспейді.
 Кейбіреу _____ жібек киімдер ұнайды. Нұрлан емтиханның бірнешеуі _____ тапсырды.

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Қазақстанның қазіргі сәнгерлері ұлттық киімдерді дамытып, көненің құндылықтарын біздің замандастарымызға жеткізуге тырысады. Киім – адамның күнделікті және әлеуметтік өміріне аса қажетті бұйым. Киім адамға эстетикалық сән береді. Жапырақ ағашқа көрік берсе, киім адамға көрік береді. Адамды ыстық, суықтан, жауыннан қорғайды. Киім мақта, жүн, синтетика, жібек, барқыт маталарынан тігіледі. Киім – белгілі бір ұлттың, мәдениеттің бет-бейнесін көрсетіп тұратын ғажайып дүние. Қазақ халқының ұлттық киімдері – оның тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрінің белгісі. Ұлттық киімдердің етек-жеңіне ою-өрнек салынады. Киімге бағалы тастар тағылады.

2. Мәтін бойынша қазақтың ұлттық киімдерінің ерекшелігін көрсетіңіз.

Біріншіден, ұлттық киім _____
 Екіншіден, ұлттық киім _____
 Үшіншіден, ұлттық киім _____
 Төртіншіден, ұлттық киім _____

3. Мәтін бойынша кестені толтырыңыз.

Киімнің қызметі	Киім тігуге қажетті маталар	Ұлттық киімнің маңызы

4. Мәтінді оқыңыз.



Әдемілікті елдің бәрі жақсы көреді. Адамдарға сұлулық сыйлау үшін қызмет етіп жүрген бірнеше сәнгердің орны ерекше. Соның бірі – «Сымбат» сән академиясының арт-директоры Балнұр Асанова. Мекеменің негізі 1947 жылы қаланған, отандық сән әлемінің басында тұр.

Балнұр Мәскеуде, Дубайда және Вашингтонда өткен Сән апталықтарына әлденеше рет қатысты. Сонымен қатар Б. Асанова – «White and black», «Chicco's» және «Victoria secrets» сауда белгілерімен танымал американдық «Mast Industries» компаниясының ресми дизайнері болып қызмет істеді. Осы сауда белгілерін бүкіл әлемнің 500 өкілдігінде кездестіруге болады. Қазақстандық сән өнерінің әлемдегі орны туралы Балнұр Асанованың өзі айтып берді.

– Қазақстанда сән өнері жоқ деген пікірмен келіспеймін. Сән өнері елімізде әлдеқашан дамыған. Ата-бабамыздың киген әрбір киімі қайталанбас үлгілерге жатады. Олар тігуге пайдаланған барқыт, шибарқыт сияқты бірталай маталар қазіргі таңда үлкен сұранысқа ие. Мысалы, Парижге барғанымда осыны білдім. Атақты франциялық дизайнерлер өз еңбектеріне дәл осы барқытты кеңінен қолданып жүр. Сол сияқты велюрді де біз тұрақты қолданамыз. Қазіргі кезде еуропалықтарда сәнге айналған кейбір киім үлгісі қазақтың ұлттық киімінде бар. Киізден тігілген сырт киімдер де шетелдерде үлкен сұранысқа ие. Бұның барлығы - қазақтың қолөнерінен шыққан дүниелер. Сондықтан, Қазақстандық сән өнері әлемге танымал бола алады.

5. Мәтін бойынша ақпаратты толықтырыңыз.

1. Сәнгердің аты-жөні: _____
2. Лауазымдық міндеті: _____
3. Қатысқан сән апталықтары: _____
4. Шетелмен әріптестік байланысы: _____
5. Сауда белгілерінің таралымы: _____
6. Ұлттық киім тігілетін мата түрлері: _____
7. Қазақтың ұлттық киімдерінің алатын орны: _____

6. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
1. Балнұр Асанова – шетелге танымал сәнгер.		
2. Сән академиясы 1947 жылдан бері жұмыс істейді.		
3. Ол – Дубайдағы «Mast Industries» компаниясының ресми дизайнері.		
4. Қазақстанда сән өнері бұрыннан бері дамыған.		
5. Париж тұрғындары қазақтың ұлттық киімін киеді.		
6. Ата-бабамыз ұлттық киімнің ғажайып үлгілерін киген.		

? СӨЙЛЕСІМ

1. Рөлдік ойын. Оқылым мәтіні бойынша газет тілшісі рөлінде сұқбаттасыңыздар.

Сәнгер Балнұр Асановамен сұқбат

- 1-сұрақ. _____
2-сұрақ. _____
3-сұрақ. _____

2. Пікіріңізбен бөлісіңіз. Сұрақтар бойынша пікірлесіңіздер.

1. Сіз сәнді киінесіз бе?
2. Сізге қандай стиль ұнайды? (классикалық, еркін, ресми, спорттық, ұлттық)
3. Қандай түстерді ерекше ұнатасыз?
4. Тапсырыспен киім тіккізесіз бе?
5. Белгілі бір сауда белгілерін таңдайсыз ба?

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Рейтинг бойынша үздік елдерді анықтаңыз.

1-орын: _____ 3-орын: _____ 5-орын: _____
2-орын: _____ 4-орын: _____ 6-орын: _____

2. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

Ең көп сұранысқа ие қазақстандық брендтер

Бүгінде қазақтың ұлттық киімі мен зергерлік бұйымдары үлкен сұранысқа ие. Назарларыңызға қазақстандық брендтер тізімін ұсынамыз.



Аида Қауменова



Динара Абдуллина



Әмина Шоқпарова

1. Президент сыйлығының атауы: _____
2. ҚР Президенті сыйлығын алған сәнгер: _____
3. Kazakhstan Fashion Week сән апталығына неше рет қатысады? _____
4. «SAMIDEL» қазақстандық бренді кімдікі? _____
5. 2015 жылдың ерекше топтамасы: _____
6. «AMINA JEWELS Kazakhstan» компаниясы бренді кімге арналған? _____
7. Әмина Шоқпарова қатысқан байқау: _____

ЖАЗЫЛЫМ



1. Сурет бойынша мәтін құраңыз. 4-5-сабақтардағы жаңа сөздерді қолданыңыз.

2. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Қазақтың шапанын тамаша үлгі деуге болады.

Қазақ сәнгерлері Аида Қауменова Дина Абдуллина Балнұр Асанова	топтама киім үлгілері ұлттық киімдер ұлттық бренд	көненің құндылықтары қайталанбас үлгі ғажайып дүние сән әлемінің бет-бейнесі	деуге болады.
--	--	---	---------------

Сұлулық адамның жүзінде емес, жүрегінде болады.

V МОДУЛЬ. АС. КИІМ. ТАЛҒАМ

6-САБАҚ. СҰЛУЛЫҚ САЛОНЫНДА

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Шаш сәні	Шашты жатқызу	Ұтыс ойыны
Шашты қиғызу	Шашты сәндеу	Ұсақ-түйек
Шашты бұйралау	Ұзындығын қию	Тарақ/қайшы
Шашты бояу	Қысқарту	Мүмкіндік
Шашты кептіру	Сақалды алғызу	Шаш бояуы
Шаш және тырнақ күтімі	Шаш алдыру	Сүлгі/жамылғы
Әйелдер/ерлер шебері		

! ГРАММАТИКА

Өзгелік етіс: -қыз/кіз, -ғыз/гіз, -тыр/тір, -дыр/дір, -т. **Мысалы:** қи-ғыз, кеп-тір, қысқарт-тыр, ал-ғыз, боя-т, бұйрала-т. Айдана шашын боятты. Айдананың ағасы шашын алғызды.

Есте сақтаңыз! Боя-т-тыр, бұйрала-т-қыз. Айдана шашын бояттырды.

2. Өзгелік етіс қосымшасын қосыңыз.

Бар _____	Көрсет _____	Белгіле _____	Толтыр _____
Жоспарла _____	Түсір _____	Баянда _____	Анықта _____
Тапсыр _____	Орында _____	Жина _____	Есепте _____

3. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Мен екі аптада бір сән салонында шашымды сәндетемін.

Олжастың әкесі	айдың басы	шаштараз		қиғыз
Менің балам	айдың аяғы	сән салоны	шаш	алдыр
Раушанның қызы	екі айда бір рет			бояттыр
Мақсаттың інісі				бұйралат
айына бір рет				

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Шаштараз ашатын ойыңыз болса...

Шаштараздың қызмет көрсету спектрі жан-жақты. Ол шаш қысқарту, бұйралау, сәндеу, емдеуден тұрады. Қазіргі уақытта шаштараз – бизнестің көзі. Ол - аралас бизнес түрлерін ұйымдастыруға өте қолайлы орын. Мысалы, онда шаш және тырнақ күтімі үшін қажетті тауарларды сатуға әбден болады. Сонымен қатар, қосымша табыс табу үшін шаштараз ішіне кофе және басқа да сусындары бар сауда автоматтарын қоюға болады.

Сіз басқадан ерекше болу үшін клиенттеріңізге ұнайтын ұсақ-түйектерге де мән беріңіз. Есіңізде болсын! Клиенттер үшін екі параметр өте маңызды: қолайлылық және жақсы атмосфера. Олар: телефон арқылы жазылуға мүмкіндік, желдеткіш, күтіп отыруға ыңғайлы орындықтар, теледидар, жаңа журналдар, жағымды әуен, қызықты безендіру, тірі гүлдер, плакаттар және т.б.

Клиенттер үшін қолайлы жағдай туғызу үшін ыңғайлы креслолар, шаштараз жуғыштарын, жақсы электр құралдарын таңдаңыз. Сондай-ақ, сізге әртүрлі тарақтар, қайшылар, шаш бояулары, сабынсулар (шампунь), химиялық бұйралауға арналған заттар, бигудилер (ірісі, орташасы, ұсақтары), шаш сәндеуге арналған заттар (лак, воск, пенка), сүлгілер мен жамылғылар керек. Бәрі дайын болса, енді сізге жарнама ғана керек.

2. Мәтін бойынша жоспар құрыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

3. Артығын сызыңыз.

1. бұйралау, бояу, қызмет. қысқарту
2. бояу, сабынсу, лак, сусын
3. журнал, орындық, теледидар, бигуди
4. Қолайлы, жағымды, ыңғайлы, маңызды

4. Мәтін бойынша кестені толтырыңыз.

Көрсетілетін қызмет түрі	Көрсетілетін қолайлылықтар	Шаштараз құралдары

5. Мәтін бойынша шаштараз ашатын адамға кеңес беріңіз.

Үлгі: Сіз шаштаразға жақсы мекенжай таңдап алыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____



ЖАЗЫЛЫМ

1. Мына суретке және ақпараттарға сүйеніп жарнама жасаңыз.



- шаштараздың атауы, мекенжайы;
- көрсетілетін қызмет түрлері, қызмет сапасы;
- шаш қиюшы шеберлер және олардың біліктілігі;
- шаштараздың мүмкіндіктері, қосымша қызмет;
- шаш қию және өзге де қызмет түрлерінің бағасы;
- жеңілдіктер

ЖАРНАМА

2. Бос орынды сөздіктегі керекті сөздермен толықтырыңыз.

Ертең біздің мекемеміз мейрамханаға Төлеуғайша апайдың 60 жылдық мерейтойына барады. Бүгін түстен кейін мекемедегі қыздар сән салонына барды. Мүнира сән салонында тырнағына _____ жасатты. Ол үнемі тырнағын _____ түспен боятады. Алмагүл де тырнағына _____ жасатты. Ол тырнағын _____ түспен боятты. Динара шашын _____. Әлібек _____ және _____. Жанардың шашы кішкене өсіп кетіпті, сондықтан ол шашын _____. Жомарт шашын алдырған жоқ, бірақ _____. Міне, осылай біздің ұжым мерейтойға ерекше дайындалды.

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

1. Сән салонының атауы: _____
2. Көрсетілетін қызмет түрлері: _____
3. Жетістікке жеткен уақыты: _____
4. Ұтыс ойынын өткізу себебі: _____
5. Ұтыс ойынында ойналған заттар: _____
6. Сән салонының мақсаты: _____

2. Хабарландыруды тыңдаңыз. Бос орынды толтырыңыз.

Қарағанды технология колледжі оқуға шақырады

Мамандық атауы: _____

Оқу мерзімі: _____

Арнайы оқытылатын негізгі пәндер:

- _____;

- Күнделікті қызмет көрсетудің кәсіби этикасы мен мәдениеті;

- Шаш үлгілерін көркем безендіру және модельдеу;

- _____;

- Постиж (табиғи және жасанды шаштардан _____)

Оқу ақысы: 9 сынып бітірушілерге жылына _____; 11 сынып бітірушілерге _____.

Мүмкіндіктері: _____



СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Кімге қандай шаш үлгісі ұнайтынын сұраңыздар.



2. Берілген сұрақтар бойынша сұқбаттасыңыздар.

1. Сіз шашыңызды қайда қиғызасыз?
2. Сіздің жеке шаш шеберіңіз бар ма?
3. Сіз баратын шаштараз қайда орналасқан?
4. Сіз шашыңызды бұйралатасыз ба/қиғызасыз ба/жатқызасыз ба/боятасыз ба/қысқартасыз ба?
5. Сізге ұзын/қысқа шаш үлгісі ұнай ма?
6. Шаштараз қалай қызмет көрсетеді?

3. Сұраққа жауап беріңіз.

- Сіз мерейтойға қалай дайындаласыз?
- Сіз (әйеліңіз/жұбайыңыз/қызыңыз) сән салонына барасыз ба?

4. Рөлдік ойын. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

Ш: Не қалайсыз?

Т: Менің шашымды қысқартып беріңізші.

Ш: Қандай сән үлгісін қалайсыз?

Т: Сіз қандай кеңес бересіз?

Ш: Сізге каре үлгісі жарасады.

Т: Онда қысқарта беріңіз.

Ш: Жарайды. Мына жамылғыны жамылып алыңыз.

шаш қысқарту, шаш бояту, сақал алдырту, шашты жатқызу, шашты сәндеу жарасатын үлгілер: кішкене қысқа шаш, кішкене ұзын шаш т.б. шаш қиғызу 1000-1200-1500 теңге шашты жатқызу 2000-2500 теңге шашты бояту 900-1100-1500 теңге

VI МОДУЛЬ. ЕЛТАНЫМ

1-САБАҚ. МЕНІҢ ЕЛІМ - ҚАЗАҚСТАН

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Шектесу	Мыс	Жер қойнауы
Құрлық	Мұнай	Кен
Пайдалы қазбалар	Алтын	Астық
<u>Шикізат қорлары</u>	Қалайы	Өндіру
Қорғасын	Тасымалдау	Құрып кету
Мырыш	Қамқорлыққа алу	

! ГРАММАТИКА

Болжалдық сан есім

1. Есептік сан есім + шақты, шамалы (*жиырма шақты, жүз шамалы немесе шамамен 100*)
2. Есептік сан есім + барыс септік + жуық (*он беске жуық, отыз беске жуық, үш жүзге жуық*)
3. Есептік сан есім + -дай/дей, -тай/тей (*он екідей, қырық екідей, екі жүздей*)

1. Сұрақтарға болжалдық сан есімді қолданып жауап беріңіздер.

1. Жиналысқа шамамен қанша адам қатысты? _____
2. Арзудың туған күніне шамамен қанша адам барды? _____
3. Ол базардан шамамен қанша кг. картоп алды? _____
4. Қазақстанда шамамен қанша ұлт өкілі тұрады? _____
5. Қазақстанда шамамен қанша халық тұрады? _____

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Қазақстан Республикасы – Еуразия құрлығындағы мемлекет. Солтүстігінде Ресеймен, оңтүстігінде Түркіменстан, Өзбекстан және Қырғызстан республикаларымен, шығысында Қытаймен шектеседі, батысында Каспий теңізі орналасқан. Астанасы – Астана қаласы. Әкімшілік жағынан 14 облыстан және республикалық маңызы бар 2 қаладан тұрады. Ұлттық валютасы – теңге.

1992 жылдың 2 наурызынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі. Сонымен қатар Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік келісімі ұйымына, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына және Еуразиялық Экономикалық Қауымдастығы сияқты басқа да бірнеше халықаралық ұйымдардың құрамына кіреді.

Қазақстанда әртүрлі пайдалы қазбалардың мол қоры бар. Жер қойнауынан Менделеев кестесінің 99 элементі табылған. Қазақстан пайдалы қазбалар қорларының көлемі бойынша ТМД елдерінің арасында хром кендері және қорғасын бойынша бірінші, мұнай, күміс, мыс, марганец, мырыш, никель және фосфорлы шикізат қорлары бойынша екінші, газ, көмір, алтын және қалайы бойынша үшінші орында тұр. Қазақстан Республикасы әлем бойынша мұнай өндіретін ірі мемлекеттердің қатарына жатады.

Қазақстан еуразиялық құрлықтың ортасында орналасқан. Бұл оның транзиттік тасымалдау саласындағы көліктік және коммуникациялық әлеуетін көрсетеді.

2. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

3. Мәтін бойынша ақпаратты толықтырыңыз.

1. Қазақстанның шектесетін мемлекеттері: _____
2. Ұлттық валютасы: _____
3. Республика астанасы: _____
4. Қазақстан құрамына кірген ұйымдар: _____
5. Пайдалы қазбалары: _____

4. Өз еліңіздің географиялық жағдайын білесіз бе? Бос орынды толтырыңыз.

1. Қазақстанның оңтүстігіндегі облыстар: _____
2. Қазақстанның солтүстігіндегі облыстар: _____
3. Қазақстанның шығысындағы облыстар: _____
4. Қазақстанның батысындағы облыстар: _____
5. Қазақстанның орталығындағы облыстар: _____

СӨЙЛЕСІМ

1. Статистикалық мәліметтерге сүйеніп, сұқбаттасыңыздар.

1. Халық саны – 17 202 600 адам. Бұл әлем бойынша 62-ші орын.
2. Қазақстанда 1 шаршы км-ге 6 адамнан келеді. Ал Сингапурде 7437 адамнан келеді.
3. Қазақстанда шамамен 130 ұлт өкілі бар.
4. Қазақстанда 3,3 миллионға жуық жеңіл автокөлік бар.
5. Қазақстанда орыс тілінде 88, қазақ тілінде 83, ал аралас болып 32 газет шығады.
6. Қазақстанның территориясына 5 Франция немесе 3 Түркия, 7 Жапония сыйып кетеді.

2. Рөлдік ойын «Сіз білесіз бе?» Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

Ж: Сіз Қазақстанның үлкен қалаларын білесіз бе?

Б: Әрине, білемін. Қазақстанда төрт үлкен қала бар. Олар: Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды.

Ж: Бұл қалалар әдемі ме? Сіз қай қалаға бардыңыз?

Б: Мен бе? Алматыға бардым. Бұл қала маған өте ұнады.

ұлттар, таулар, университеттер, әнші

белгілі, үлкен, биік, көп танысу, оқу, шығу, айту

жақсы, тамаша, ғажап, ерекше

ТЫҢДАЛЫМ


1. Мәтінді тыңдаңыз. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлем	Бар	Жоқ
1. Қазақстан - тюльпан мен алманың отаны.		
2. Медеу – Қазақстандағы ең биік мұз айдыны.		
3. Қазақстан – табиғат қорларымен бай мемлекет.		
4. Мұнай өндіруден 7-орын алады.		
5. Қазақстан астық өндіруден 8-орын алады.		

6. Қазақстан жылына 40 елге астық экспорттайды.		
7. Қазақстандағы Байқоңыр космодромы – әлемдегі екінші космодром.		

2. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін бойынша бос орынды толықтырыңыз.

1. Тюльпан атауы _____ шыққан. Бұл тілде тюльпан атауы _____ деген ұғымды білдіреді. Елдің бәрі бұл гүлдің отаны _____ деп ойлайды, бірақ қызғалдақтың отаны – _____. Бұл туралы _____ өткен «Қызғалдақ және адам» атты _____ айтылды. _____ ханшайымы Беатрис _____ кездескенде _____ туралы айтты.



ЖАЗЫЛЫМ

1. Берілген ақпаратпен танысыңыз. Әр қатарды мысалмен толықтырыңыз.

Қазақстан – өзінің тарихы, салт-дәстүрі, биік таулары, ормандары, мөлдір көлдері, өзендері, керемет жануарлары мен өсімдіктері бар, кең даласымен бай ел.

1. Қазақстанның биік таулары: _____
2. Қазақстан ормандары: _____
3. Қазақстандағы көлдер: _____
4. Қазақстандағы өзендер: _____
5. Қазақстандағы жануарлар: _____
6. Қазақстанның өсімдіктері: _____

ОҚЫЛЫМ

5. Мәтінді оқыңыз.

Табиғат – халық қазынасы. Табиғат – бізді қоршаған орта, ауа, су, құстар, адамдар. Біздің еліміздің табиғаты бай. Сондықтан оның байлығын қорғауымыз керек.

Қазақстан Республикасы Ата заңының 38-бабында «Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарын ұқыпты қарауға міндетті» деп көрсетілген. Осыған байланысты 1966 жылы біздің елімізде «Халықаралық табиғат қорғау қоғамы» құрылды. Оның басты мақсаты – саны аз аң, құстарды, өсімдікті қамқорлыққа алу. Оларды арнайы кітапқа тіркеу. Мұндай кітапты «Қызыл кітап» деп атайды. Оның қызыл және сары парақтары бар. Қызыл парағына құрып кеткен, сары парағына саны аз аң-құстар мен өсімдіктер жазылады.



6. Мәтіннен тірек сөздерді табыңыз.

7. Азатжолдарға тақырып қойыңыз.

1-азатжол: _____
2-азатжол: _____

8. «Қызыл кітапқа» енген жануарлар мен өсімдіктерді білесіз бе? Жауап жазыңыз.

VI МОДУЛЬ. ЕЛТАНЫМ

2-САБАҚ. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Қолданушы	Жұрт	Қызғаныш
Интернет кеңістігі	Кең байтақ	Қалыптасу
Баспасөз хатшысы	Кеңпейілдік	Ыза-кек
Көшу	Құдырет	Өшпенділік
Саяси іс-шара	Шексіз	Қарыздар
Құрметтеу	Ақкөңілдік	Кейіпкер
Қадірлеу	Көркемдік	
Жер аудару	Армандау	

! ГРАММАТИКА

Сын есімнен зат есім тудыратын жұрнақтар

Сын есім + -лық/лік, -дық/дік, -тық/тік. **Мысалы:** кеңпейіл+дік, көркем+дік, ақкөңіл+дік. Маған қазақ халқының кеңпейілдігі ұнайды. Бұл халықтың ақкөңілдігін бәрі біледі.

2. Тиісті қосымшасын қосыңыз.

Жақсы _____	Алғыр _____	Шексіз _____	Әділ _____
Жаман _____	Қабілетті _____	Ұзын _____	Ұқыпты _____
Әдемі _____	Ерекше _____	Таза _____	Іскер _____
Үлкен _____	Сабырлы _____	Құнды _____	Жеңіл _____

3. Берілген сөздерді септеңіз.

Атау	Не? жақсылық, ақкөңілдік
Ілік	Ненің? _____
Барыс	Неге? _____
Табыс	Нені? _____
Жатыс	Неде? _____
Шығыс	Неден? _____
Көмектес	Немен? _____

4. Берілген сөзді тәуелдеңіз.

Менің сыпайылығым, білімділігім
Сенің _____
Сіздің _____
Оның _____
Біздің _____
Сендердің _____
Сіздердің _____
Олардың _____

5. Бос орынға керекті сөздерді қойыңыз.

Мен адамның ең жақсы қасиеті _____ деп ойлаймын. Кәсіби білікті мамандарға _____ және _____ керек. Ата-анадан балаға _____ керек.

? СӨЙЛЕСІМ

1. Топтық жұмыс. Статистикалық мәліметтерге сүйеніп, сұқбаттасыңыздар.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Бүгінгі таңда қазақ тілінің 17 миллиондай сөйлеушісі бар тіл. Оның 1,8 миллионы өзге ұлт өкілдері: түрік, өзбек, қарақалпақ, әзірбайжан, қырғыз, татар, орыс, ұйғыр.

Қазақ тілі – түркі тілдері ішіндегі сөздік қоры ең үлкен тіл және әлемдегі ең таза тілдердің бірі. Википедия Вики-тілдердің ішінде мақала көлемі бойынша отыз екінші орында тұр. Қазақ тілі – Google Translate автоматты аударма қызметіне қосылған тоқсаныншы тіл. Қазақ тілі – интернет кеңістігі контент көлемі бойынша елу жетінші орында тұр.

2. Жұптық жұмыс. Өз жауаптарыңызбен толықтырып сұқбаттасыңыздар.

- Сіз қазақша білесіз бе?
- Мен қазақша (*нашар, орташа, жақсы, өте жақсы*) білемін.
- Сіз ауызша жақсы сөйлейсіз бе немесе жақсы жазасыз ба?
- Мен ауызша (*жазбаша*) жақсы (*нашар, орташа, өте жақсы*) сөйлеймін /жазамын (*сөйлей/жаза алмаймын, түсінемін*).
- Сіз қазақ тілін кімнен/қайдан үйрендіңіз?
- Мен қазақ тілін *досымнан/туыстарымнан/әріптесімнен/курстан/мектептен* үйрендім.

3. «Қазақ тілі курсыңда» тақырыбында сөйлесіңіздер.

Сұрақтар: Курсқа қашан келдіңіз? Курс қанша уақыт болады? Курстан не үйрендіңіз? Курстан не үйренгіңіз келеді? Қазір қазақша сөйлей/жаза аласыз ба?



ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Қазақ тілін туған тіліндей сөйлейтін өзге ұлт өкілінің бірі – Максим Рожин. Ол – «Қазаэронавигация» мемлекеттік кәсіпорнының баспасөз хатшысы. Ол журналистика саласында да біраз жыл еңбек етті. Максим Рожин журналистика саласына да қазақ тілін білген соң келіпті. Негізгі мамандығы – еңбек пәнінің мұғалімі. 2006 жылы саяси іс-шараға қатысқан Максим қазақ тілінде сөйлеп, журналистердің назарын өзіне аударған. Содан кейін Максимді отандық телеарналардың біріне қызметке шақырады.

Максимнің отбасы 1989 жылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Арыс қаласына көшіп келген. Ол қазақ отбасыларының арасында тұрған екен. Сонымен қатар, Максимнің анасы да қазақтардың арасында өскен. Анасының қазақ тілін жетік меңгергені де Максим үшін үлкен көмек болған тәрізді. Максим қазақ тілі туралы былай дейді:

– Өз елін құрметтейтін, қадірлейтін адам тілді де тез меңгереді. Мені ешкім қазақ тілін үйрен деп қинаған жоқ. Қазақ тілін өзім үйрендім. Және осы үйренгендерім бүгінде өз қажеттілігіме жарайды. Менің анам да, қарындасым да қазақ тілінде еркін сөйлейді.

Оның отбасы қазақтың тілі мен мәдениетін құрметтейді. Ол отбасында, балабақшада, мектепте, жоғары оқу орындарында қазақ тіліне ерекше назар аудару қажеттігін айтады. Максимнің айтуынша, қазақ тілін меңгеру үшін ең алдымен ниет болуы керек.

2. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
1. Максим қазақ тілінде еркін сөйлейді.		
2. Оның отбасының мемлекеттік тіл туралы пікірі жақсы.		
3. Ол журналистикаға келгенде ғана қазақ тілін жақсы үйренді.		
4. Бұл жігіттің негізгі мамандығы журналист емес екен.		
5. Мектепте оқығанда ол журналистердің назарын аударды.		
6. Максим мен қарындасы екеуінің тіл үйренуге ниеті жақсы.		

3. Мәтін бойынша Максим Рожинге сұрақ қойыңыз.

- 1-сұрақ. _____
- 2-сұрақ. _____
- 3-сұрақ. _____

4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қарапайым орыс баласының жеткен жетістігі қандай? _____
2. Максим қазақша қалай сөйлейді? _____
3. Ол қазақ тілін қалай үйренді? _____
4. Максим өз елінің патриоты ма? _____

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.



1. Оның аты, ұлты: _____
2. Балалық шағы өткен жер: _____
3. Ауылға келген жылы: _____
4. Мектепте тілді меңгеру деңгейі: _____
5. Бала кезіндегі арманы: _____
6. Бітірген жоғары оқу орны: _____
7. Қазақ тілі туралы пікірі: _____
8. Ауыл адамдарының оған берген есімі: _____
9. Ол қазаққа не үшін қарыздар? _____

2. Мәтінді екінші рет тыңдаңыз. Бос орынға кейіпкердің пікірін жазыңыз.

Қазақ тілі – _____
_____ тіл.

Қазақ халқы – _____
_____ халық.

ЖАЗЫЛЫМ

1. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Менің досым Светлана қазақ тілін жақсы біледі, қазақша жақсы сөйлейді. Ол тілді ағасынан үйренген.

Николайдың інісі
Ұжымдағы Анна
Менің досым Надир
Біздің көрші Виктор

қазақ тілі

жақсы, нашар, өте жақсы, еркін (білу, сөйлеу, жазу);
дос, балабақша, мектеп, ауыл, өзі (үйрену)

2. Мәтінді оқыңыз. Мәтін бойынша сауалнаманы толтырыңыз.

«Қазақстан» ұлттық арнасында кәріс қызы Ирина Тен журналист болып қызмет атқарады. Ирина әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультетін бітірген. Ол үшін «Таңшолпан» бағдарламасы арқылы барша қазақстандықтарды ояту – үлкен мәртебе. Иринаның журналистикадағы ең үлкен жетістігі – «Таңшолпан». Өйткені оны халыққа танытқан осы бағдарлама. Ол үнемі сөздік қорын байытуға тырысатынын айтады. Ол жақсы билей алады және қазақша көркем шығарма оқиды.

Аты-жөні және ұлты: _____

Туған жері: _____

Білімі: _____

Жұмыс орны және лауазымы: _____

Тілдерді білуі: _____

Қызығушылығы: _____



СӨЙЛЕСІМ

4. Пікіріңізбен бөлісіңіз.

Сіздің аулыңызда/қалаңызда немесе ұжымыңызда осы Максим, Ирина, Гераға сияқты қазақ тілін жақсы меңгерген өзге ұлт өкілдері бар ма? Олар туралы айтып беріңіз.

VI МОДУЛЬ. ЕЛТАНЫМ

3-САБАҚ. ТУҒАН ЖЕРДІҢ ЖЕРІ ДЕ КӨРІКТІ, ЕЛІ ДЕ КӨРІКТІ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Мәдениеттің ошағы	Бедерлену	Шетелдік елшілік
Білімнің ордасы	Елорда келбеті	Жағалау
Отанымыздың жүрегі	Сәулеткерлік шедевр	Жаңару
Табалдырық	Сүйіспеншілік	Тамыр
Сарайдың қақпасы	Перзенттік сезім	Бұтақ
Салтанатты орда	Тілек тілеу	Мұрағат қоры
Көркеу	Бедерлену	Президент Жарлығы
Түрлену	Қоғамдық бірлестік	

! ГРАММАТИКА

Бұрынғы өткен шақ формасы (көсемше)

Етістік + -ып/іп/п + жіктік жалғауы. Мысалы: көр+іп+ті, салын+ып+ты, орында+п+ты. Бұрынғы өткен шақтың болымсыз түрі: Етістік + (-ма/ме, -ба/бе, -па/пе) +-ып/іп/п + ж.ж. **Мысалы:** көр+ме+п+ті, салын+ба+п+ты, орында+ма+п+ты.

Көсемшенің жіктелуі

I	Мен жазыппын	Біз жазыппыз
II	Сен жазыпсың Сіз жазыпсыз	Сендер жазыпсыңдар Сіздер жазыпсыздар
III	Ол жазыпты	Олар жазыпты

2. Берілген етістікті жіктеңіз.

Мен көріппін.	Біз _____
Сен _____	Сендер _____
Сіз _____	Сіздер _____
Ол _____	Олар _____

3. Үлгі бойынша жазыңыз.

Тыңдапты	Амандас _____	Қонақ шақырмапты	Оқу бітір _____
Таныс _____	Қоштас _____	Ас әзірле _____	Есеп тапсыр _____
Сұра _____	Кездес _____	Тілек айт _____	Тапсырма бер _____

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Астана сөзі табалдырық, кіреберіс, сарайдың қақпасы, салтанатты орда есігі деген ұғымды білдіреді.

Бүгінде Астана – болашақтың қаласы, жас қала, арман қала. Ол – мәдениеттің ошағы, ғылым мен білімнің ордасы. Еліміздің, көгілдір туы желбіреген тәуелсіздігіміздің ордасы. Төрт-бес жылда жаңа Астана салған мемлекет тарихта болған емес. Бұны көру, сезіну де бақыт. Қала аз уақыттың ішінде көркейіп, түрленді. Отанымыздың жүрегіне айналды. Астана – жастарымызды болашаққа бастайтын бас қаламыз. Бүгінде бүкіл әлем сұлулығына таңғалады.

Астана күн сайын жаңарып келе жатыр. Қаланың сұлулығы әрбіріміздің жүрегімізге ерекше қуаныш сыйлайды. Жыл сайын жазда Астананың туған күні тойланады. Бұл күнді барлық қазақстандықтар ерекше атап өтеді.

2. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Астана сөзінің мағынасы қандай? _____
2. Астана қандай қала? _____
3. Астана аз уақытта қалай өзгерді? _____
4. Қаланың туған күні қалай тойланады? _____
5. Қала сұлулығы бізге неге қуаныш сыйлайды? _____
6. Қазақстандықтар үшін не бақыт? _____

3. Мәтін бойынша бос орынды толықтырыңыз.

Астана _____ қала. Астана _____ қала.
Астана _____ қала. Астана _____ қала.
Астана _____ қала. Астана _____ қала.

4. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
1. Астана сөзінің мағынасы бар.		
2. Қазіргі уақытта бұл қала білімнің ордасына айналып отыр.		
3. Астана сөзі тәуелсіздік деген сөзбен бірге қолданылады.		
4. Астана сияқты қала ешбір елде жоқ.		
5. Астананың сұлулығына қазір әлем халқы таңғалады.		
6. Астанада күн сайын жаңа ғимараттар салынады.		
7. Әлем халқы Астананың туған күнін тойлайды.		

5. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

Астана деген сөз - бұл жердің сұлулығы қызықтырады.
Қала қонақтарын өйткені қаламыз өте сұлу.
Әлем халқын таңғалдырды бәріміз үшін арман қала.
Жастар қаласы Астана – мағынасы бар сөз.
Болашақтың қаласы – білім, ғылым, мәдениеттің ордасы.

? СӨЙЛЕСІМ

1. Топтық жұмыс. Пікірмен танысып, ақпаратты толықтырып сұқбаттасыңыздар.

Н.Назарбаевтың тәуелсіздіктің 22 жылдығында Астана туралы айтқан сөзі

Астананың еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің бойтұмары, әсем қала екенін айтты.

Оның жаңа алаңдарында, саябақтары мен сәулеткерлік шедеврлерінде біздің Тәуелсіздігіміздің Ұлы Тарихы айнадағыдай көрінеді. Сондықтан Астанаға деген сүйіспеншілік – әрбір қазақстандықтың біздің ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасына перзенттік сезімі.

2. Жұптық жұмыс. Өз жауаптарыңызбен толықтырып сұқбаттасыңыздар.

- Сіз Астананы көрдіңіз бе?
- Мен Астананы көрдім / көрген жоқпын / әлі көрген жоқпын.
- Астананың қандай жерлеріне бардыңыз?
- Мен Президент мұражайына / «Бәйтерекке» / «Шабыт» сарайына / пирамидаға / «Қазақ елі» монументіне / «Хазрет Сұлтан» мешітіне / бардым.
- Көрген ғимараттарыңыз сізге ұнады ма? Басқа қандай ғимараттарды көрдіңіз?
- Ұнады. Тамаша / жақсы / көрікті / сұлу / екен. Мен көрдім.
- Астана сіз үшін қандай қала?

ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

«Бәйтерек» монументі Астана үшін	Идея авторы	Бәйтерек халық үшін	Бәйтеректің деңгейлері	Композиция атаулары

2. Мәтінді екінші рет тыңдаңыз. Бос орынды толтырыңыз.

Бәйтеректің жоғары жағы _____ сияқты. Оның биіктігі _____ метр. Бәйтеректің төменгі жағында _____ орналасқан. Бұл құрылыстың жоғары жағына _____ көтерілуге болады. Астана қаласының келбетін _____ арқылы көруге болады. Бұл екі композиция _____ орналасқан.



3. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпаратты толықтырыңыз.

1. Қала қонақтары баратын жер: _____
2. Оның құрылған жылы: _____
3. Бұл жерде бар жәдігерлер: _____
4. Өткізілетін шаралар: _____
5. Іс-шараларды өткізуге қатысатын мекемелер: _____

ЖАЗЫЛЫМ

1. Модель бойынша мәтін құраңыз.

Бейбітшілік және келісім Сарайы	Астана, пирамида үлгісі, 2006 жылы 1 қыркүйек; ауданы 25 500 шаршы метр, биіктігі 25 метрлік ғимарат; опера залы, көрме және концерт залы, кітапхана, 200 орындық зал; сәулетші Норман Фостер
---------------------------------	---

2. Бос орынды толтырыңыз.

Астана қаласында _____ салыныпты. Астанаға _____ келіпті. Қаланың солтүстік жағалауына _____ орналастырылыпты. Астаналықтар қонақтарға _____ көрсетіпті.

3. Модель бойынша жазыңыз.

Үлгі: Мен күзде Астанаға барып, «Шабьт» сарайын көрдім.

Меруерт Юлия Равшан Ерболат	биыл өткен жылы жазда екі ай бұрын	Астана	Бейбітшілік пен келісім сарай Президент мұражайы «Бәйтерек» монументі «Қазақ елі» монументі	көру тамашалау
--------------------------------------	---	--------	--	-------------------

VI МОДУЛЬ. ЕЛТАНЫМ

4-САБАҚ. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Стратегиялық серіктестік
Салықтық/қаржылық жүйе
Тұрғын үй-коммуналдық сала
Дінаралық келісімді сақтау
Тәуелсіздіктің жемісі
Мақтанышпен
Әл-ауқаттың артуы

Жіктелім
Таяу Шығыс
Бағытталған
Ынтымақтастық
Саяси тұрақтылық
Жетекші ұйым
Серіктес
Жылнама

Сақтау
Мәдениетті қолдау
Айтыс
Көшбасшы
Әлемдік рейтингке ену
Қайта салынды
Басымдық

! ГРАММАТИКА

Төл сөз және оның тыныс белгісі

- 1) «Еліміз қазір үлкен жетістіктерге жетті», - деді/деген/дейді/деп айтты Н.Назарбаев.
- 2) Н.Назарбаев былай деді/деген/дейді: «Еліміз қазір үлкен жетістіктерге жетті».

2. Кесте бойынша төл сөзге мысал жазыңыз.

1. _____
2. _____

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Бүгінгі таңда Қазақстан бес үлкен басымдыққа ие. Біріншіден, елімізде экономикалық жаңарулар бар. Екіншіден, әлемдік үздік тәжірибеден алынған салықтық, қаржылық және бюджеттік жүйелер. Үшіншіден, зейнетақы және тұрғын үй-коммуналдық салаларындағы реформалар. Төртіншіден, саяси тұрақтылықты, ұлтаралық және дінаралық келісімді сақтауға бағытталған ішкі саясат. Бесіншіден, шет мемлекеттермен және жетекші халықаралық ұйымдармен стратегиялық серіктестік және достық қарым-қатынастар орнату.

Дүниежүзілік банктің жіктелімі бойынша, Қазақстан табысы орта деңгейден жоғары елдердің тобына жатады. Соңғы бес жылда ең төменгі зейнетақы көлемі екі еседен артық өскен. Қазақстан – инвестиция үшін көшбасшы елдің бірі. Дүниежүзілік банк Қазақстанды инвестиция үшін қолайлы жиырма елдің қатарына қосып отыр.

Қазақстан өз сыртқы саясатында Ресей, Қытай, АҚШ, Еуроодақ, Азия және Таяу Шығыс елдерімен ынтымақтастықты тереңдетуді ең маңызды міндеттің бірі санайды. Елімізде саяси тұрақтылық сақталған. Халықтың әл-ауқаты артқан.

2. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
1. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет.		
2. Қазақстан үшін бес басымдық ерекше болып табылады.		
3. Қазақстанда бюджеттік салада үлкен реформа болды.		
4. Қазақстанның шетелмен қарым-қатынасы жақсы.		
5. Біздің елімізде қаржы саласында да реформа болды.		
6. Қазақстанда зейнеткерлердің табысы жоғары болады.		
7. Қазақстан үшін келісім, ынтымақ, тұрақтылық маңызды.		

3. Мәтіннің азатжолдарына тақырып қойыңыз.

- 1-азатжол. _____
2-азатжол. _____
3-азатжол. _____

4. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бірінші басымдыққа не жатады?
2. Екінші басымдыққа не жатады?
3. Үшінші басымдыққа не жатады?
4. Төртінші басымдыққа не жатады?
5. Бесінші басымдыққа не жатады?

5. Артығын алып тастаңыз.

1. экономика, әлем, бюджет, салық, қаржы
2. тұрақтылық, келісім, жүйе, серіктестік,
3. қолайлы, жетекші, жаңару, жоғары, саяси
4. ел, халық, ұлт, мемлекет, инвестиция
5. дос, серіктес, көшбасшы, келісім

6. Мәтін бойынша бос орынды толықтырыңыз.

Қазақстанда _____ сақталған. Елімізде мақтанышпен айтатын _____ бар. Біз _____ достық қарым-қатынасты сақтаймыз. Біздің еліміздің зейнетақы саласында _____ болды. Қазақстан _____ елдерімен ынтымақтастықты сақтайды.

7. Мәтін бойынша сөз тіркестерінің дұрысын белгілеңіз.

Сөз тіркесі	+	-	Сөз тіркесі	+	-
Экономикалық жаңару			Ынтымақтастық ұйымы		
Әлемдік тәжірибе			Көшбасшы ел		
Комуналдық ұйым			Дүниежүзілік мемлекет		
Стратегиялық қарым-қатынас			Маңызды міндет		

8. Мәтіннен біріккен сөздерді табыңыз.


Біріккен сөздер: _____



ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпаратты анықтаңыз.

1. Тәуелсіздіктің жетістігі: _____
2. Ғимаратты салу идеясының авторы: _____
3. Премьерасы болған опера: _____
4. Ғимарат туралы пікір айтқан адам: _____
5. Оның ойынша, ғимараттың ерекшелігі: _____
7. Ғимараттың ресми атауы: _____



2. Мәтінді тыңдаңыз. Дұрыс-бұрысын анықтаңыз.

Сөйлемдер	дұрыс	бұрыс
1. Қазақстанда ғылыммен бірге айтыс та дамыды		
2. Абай, Құрманғазы, Сәкен туралы кинофильм түсірілді.		
3. Мерейтойларға арнап фестивальдер өткізілді.		
4. ЮНЕСКО көлемінде қазақ ақынының меретойы аталып өтті.		
5. «Еуразия» халықаралық кинофестивалі әлемге танымал.		
6. Тәуелсіздік жылдары бірнеше кітапхана жөнделді		
7. «Көшпенділер» фильмі «Еуразия» кинофестиваліне қатысты.		

2. Мәтінді екінші рет тыңдаңыз. Қай жылы не болғанын анықтаңыз.

1995 жылы _____

2000 жылы _____

2003-2005 жылдары _____

СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

Тәуелсіздігіміздің басты белгісі

Тәуелсіздік алғаннан бері еліміз жеткен жетістіктер

Сыртқы саясатта жеткен жетістік

рәміздер, әнұран, ту, елтаңба, Президент, Астана, мемлекеттік тіл, теңге

экономика дамыды, зейнетақы мен еңбекақы өсті, кәсіпкерлік дамыды, білім саласында реформалар болды, мәдени орындар салынды

халықаралық ұйымдарға мүше болу, әлемге танымал болу т.б.

2. Пікіріңізбен бөлісіңіз.

Елімізде білім саласында көптеген реформалар болып жатыр.
Ол қандай реформалар? Сіздің пікіріңіз қандай?

3. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Тәуелсіздік сізге не берді?
2. Сіздің қалаңызда/жұмысыңызда қандай жетістіктер болды?
3. Сіз қазақ тілін жақсы үйрендіңіз бе? Әлі үйренбесеңіз не кедергі?

4. Пікіріңізбен бөлісіңіз. Оқылым мәтінінен мысалдар алыңыз.

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда біз ешқандай да әлемдік рейтингке енбейтінбіз.
Ал қазір Қазақстан...

ЖАЗЫЛЫМ

1. Мысалдармен толықтырыңыз.

1. Тәуелсіздіктің ең басты жемісі: _____
2. Еліміздің экономикадағы жетістігі: _____
3. Сыртқы саясаттағы жетістігі: _____
4. Білім саласындағы жетістігі: _____
5. Денсаулық сақтау саласындағы жетістігі: _____
6. Кәсіпкерлік саласындағы жетістік: _____

2. Ақпаратпен танысыңыз және сұрақтарға жауап жазыңыз.

Бүгінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша қазақстандықтар әлемнің 33 еліндегі үздік ЖОО-ларда оқиды. Болашақтықтар қазірдің өзінде 10 мың адамнан асып отыр. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) деректері бойынша, 2012 жылы 65 мың қазақстандық түрлі әлемдік университеттерде білім алды.

1. «Болашақ» қандай бағдарлама? _____
2. Бұл бағдарламаның талаптары қандай? _____
3. Үміткерлер қандай тест тапсырады? _____
4. «Болашақ» бойынша шетелге барған туыстарыңыз/таныстарыңыз бар ма? _____
5. «Болашақ» бізге қандай мүмкіндік береді? _____

VI МОДУЛЬ. ЕЛТАНЫМ

5-САБАҚ. ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ПРЕЗИДЕНТІ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Қанатты сөз	Жағдай жасау	Тағайындалу
Беделін арттыру	Қол жеткізу	Сайлау
Нығаю	Жаһандық мәселелер	Басшылығымен
Мойындау	Ойдағыдай	Терезесі тең
Жан-жақты даму	Қарқынды даму	Терең сезіну
Қолдану аясын кеңейту	Бой көтеру	Бірден-бір

! ГРАММАТИКА

Қос сөздер

Екі сөз қосарланып, бір мағына береді. Мысалы: азық-түлік, жан-жақты, әл-ауқат, ата-ана, төрт-бес, жоғары-төмен, қысы-жазы, бірден-бір т.б.

2. Кестенің ішіндегі қос сөздермен сөйлем құраңыз.

ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

1991 жылы 1 желтоқсанда республика халқы тұңғыш рет Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты Республикамыздың Президенті етіп сайлады. Н.Ә. Назарбаевты бүкіл әлем біледі, мойындайды және құрметтейді. Біздің республикамыздың тәуелсіздік алуы, Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы мен нығаю кезеңі оның есімімен байланысты.

Еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап Нұрсұлтан Әбішұлы үнемі қазақ тілінің статусы мен беделін арттыру, оның қолдану аясын кеңейту бойынша жағдай жасап келеді. Оның «Қазақ – қазақпен қазақша сөйлесу керек», «Қазақстан болашағы – қазақ тілінде» деген сөздері қанатты сөздерге айналды.

Егемендік алған жылдар ішінде біз көп нәрсеге қол жеткіздік. Біздің мемлекетіміз қазіргі таңда экономикалық реформа жүргізу бойынша көшбасшы болып табылады. Н.Ә. Назарбаев – халықаралық деңгейдегі саясаткер. ҚР тұңғыш президенті – экологиялық, энергетикалық, азық-түлік және т.б. ең маңызды жаһандық мәселелерді шешуге көп үлес қосты. Корея Республикасының Президенті Ким Дэ Чжун былай дейді:

«Ол демократиялық, саяси және экономикалық өзгерістерді ойдағыдай іске асырды. Президент Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан жан-жақты дамып келеді».

2. Мәтін бойынша ақпаратты анықтаңыз.

Елбасының әлемдегі беделі	Тілге қамқорлығы	Елбасының қанатты сөздері	Корей елі Президентінің пікірі

3. Елбасы Қазақстанның дамуы үшін не істеді? Мәтін бойынша жауап беріңіз.

Біріншіден, _____
Екіншіден, _____
Үшіншіден, _____
Төртіншіден, _____
Бесіншіден, _____

4. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

1. Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы мен нығаюы үшін _____

2. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап _____

5. Мәтін бойынша анықтаңыз.

Қазақстан жан-жақты дамып келеді. Атап айтқанда, _____



ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды толықтырыңыз.

1. Елбасының жас кезінде айналысқан спорт түрлері: _____
2. Елбасының 40-50 жастан бастап айналысқан спорт түрлері: _____
3. Елбасының басқа көшбасшылардан ерекшелігі: _____
4. Елбасының теннис ойнау тәсілі: _____
5. Шаңғы тебуге баратын жері: _____
6. «Құрметті президенті» болған спорт түрі: _____
7. Президенттің бастамасымен ашылған клуб: _____

2. Мәтінді екінші рет тыңдаңыз. Дұрыс-бұрысын анықтаңыз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
1. Елбасы салауатты өмір салтын ұстанады.		
2. Кейбір спорт түрімен жасы елуден асқанда ғана айналысты.		
3. Елбасы – Қазақстан Теннис Федерациясының президенті		
4. Украинада ол классикалық күреспен ғана айналысқан.		
5. Гольф спортын біздің елімізге Елбасы әкелді.		
6. Елбасы волейболмен қазіргі уақытқа дейін айналысады.		



СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Модель бойынша тақырыпқа сай сұқбаттасыңыздар.

Қазақстан Парламенті қабылдаған заңға сәйкес, 1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күні мемлекеттік мереке. Жалпыхалықтық деңгейде мерекеленеді.

- | | |
|---|---|
| 1. Сіз 1 желтоқсан қандай мереке екенін білесіз бе? | Әрине/білемін/неге білмеймін? |
| 2. Сіздің қалаңызда/мекемеңізде бұл мереке қалай тойланады? | Концерт /спорттық жарыстар / жәрмеңке / салтанатты шара т.б |
| 3. Ал сіз өзіңіз қалай тойлайсыз? | Көшеге шығу/концертке бару/ спорт жарыстарын көру/мекемеде салтанатты жиынға қатысу |

3. Топтық жұмыс. Сіз қалай ойлайсыз? Елбасы арманы орындалды ма?

Кезінде Н. Ә. Назарбаев: «Егер келешекте қолымнан іс келетін азамат болсам, қазақ деген халықты дүниежүзіне танытып, терезесін тең етер едім», - деп армандаған.

1. Тірек сөздердің көмегімен «Н.Назарбаев және жастар саясаты» тақырыбында өз ойыңызды айтыңыз.

Тірек сөздер: мемлекеттік жастар саясаты, басты басымдық, жастар саясаты туралы заң, «Қазақстан жастары» бағдарламасы, жастардың әлеуметтік құқықтары, «Дипломмен ауылға» жобасы, кадр мәселесі, жұмыспен қамту, білім беру, «Болашақ» бағдарламасы, Назарбаев зияткерлік мектебі, Назарбаев университеті

ЖАЗЫЛЫМ

1. Суреттер бойынша мәтін құраңыз.



Елбасы және спорт

2. Елбасының пікірімен танысыңыз. Әр қатарға жауабыңызды жазыңыз

«Бүгінде елімізде спорт саласы қарқынды дамып келеді. Әрбір облыстарда стадиондар жөндеуден өтіп, жаңа спорт кешендері бой көтеруде. Мен бұл мәселені өзім арнайы қадағалап отырмын», - дейді.

1. Астана қаласындағы жаңа спорт кешендері: _____
2. Біздің қаламыздағы жаңа спорт кешендері: _____
3. Маған ұнаған спорт кешені: _____

3. Ақпаратпен танысыңыз. Сіз не қосасыз? Мінездеме беріңіз.

Н. Назарбаев – өз міндетін, өз тағайындалуын терең сезінетін, үлесіне тиген міндетті жауапкершілікпен атқаратын адам. _____

4. Оқылым мәтініне сүйеніп, үлгі бойынша жазыңыз.

Үлгі: Елбасының басшылығымен үлкен реформалар жүзеге асырылды.

1. Елбасының басшылығымен _____
2. Елбасының басшылығымен _____
3. Елбасының басшылығымен _____

VI МОДУЛЬ. ЕЛТАНЫМ

6-САБАҚ. ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН ӨНІМ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Ұран	Артықшылық	Арнайы қатар, сөре
Сызба	Өнімді тұтыну	Назарын аудару
Хош иісті	Табиғи шикізат	Тауарды тұтыну
Әшекейлі	Табиғи өнім	Киім-кешек
Қолға алу	Мақта-мата комбинаты	Құрылыс бұйымдары
Үлес қосу	Отандық тұтынушы	Химиялық тыңайтқыш
Қолдау жасау	Көрпе-жастық	Гендік өзгертілген
Сауда желілері	Жастықтың тысы	Өз елінде шығарылған

! ГРАММАТИКА

Деп ойлаймын құрылымы сөйлеушінің ойын, көзқарасын білдіреді. Мысалы: Мен отандық тауардың сапасы жаман емес деп ойлаймын.

Деп ойламаймын. Мысалы: Отандық өнімдер жаман деп ойламаймын.

2. Берілген құрылымдармен сөйлем құраңыз.

Деп ойлаймын. _____

Де ойламаймын. _____

📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Елімізде «Қазақстанда жасалған» акциясы қолға алынды. Барлық сауда желілерінде отандық тауарлар секциясы пайда болу үшін «Қазақстанда жасалған» акциясы басталды.

Дегенмен, өз елінде шығарылған тауар мен өнімді тұтынуға шақыратын, оның сапасы мен артықшылықтарын жарнамалау жұмысы азырақ болып жатыр. Қазақстандықтар үшін әлі де шетелдің тауары сапалы сияқты көрінеді. Шетелдің кейбір арзан тауарын сатып аламыз. Оны өз елімізде табиғи шикізаттан жасалған тауардан артық көреміз. Ал табиғи өнім бәрінен жақсы. Мысалы, Алматы мақта-мата комбинаты көрпе, жастық, оның тыстары, басқа да киімдерді таза мақтадан тігеді. Басқа елден келетін осындай өнімдердің 70 пайызы синтетика, бірақ соны аламыз. Өйткені ол – шетелдік тауар. Міне, басты қателік – осы.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Нұртай Сабильянов: «Елбасының Қазақстанда шығарылған тауарларды, өнімдерді сатып алу идеясын бүкіл қазақстандықтар қолдайды. Өйткені, бұл – өзіміздің елге, қоғамға салынған инвестиция. Әрбір адам елімізде шығарылған тауарларды сатып алатын болса, онда бұл кәсіпкерлікке, өндіріске қолдау деп ойлаймын», - дейді.

Еліміздегі супермаркеттерде, дүкендерде отандық тауарлар «Қазақстанда жасалған» деген арнайы қатарға, арнайы сөрелерге қойылады. Мұндай жарнама, әрине, жұрттың назарын бірден аударады. «Өз еліңнің патриотысың ба, өз еліңнің тауарын сатып ал!». Осы ұранды түсінген әрбір қазақстандық акцияға өз үлесін қоса алады.

2. Не туралы айтылған? Сұраққа жауап беріңіз.

Бірінші азатжолда _____ туралы айтылған.

Екінші азатжолда _____ туралы айтылған.

Үшінші азатжолда _____ туралы айтылған.

Төртінші азатжолда _____ туралы айтылған.

3. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
1. Елімізде тауарлар туралы акция болып жатыр.		
2. Елімізде жасалған сапалы тауарларды жарнамалау керек.		
3. Алматы мақта-мата комбинаты тауарды табиғи өнімнен тігеді.		
4. Табиғи шикізаттан жасалған өнімдерді алған дұрыс.		
5. Депутат Н.Сабильянов осы акцияны қолдайтынын айтты.		
6. Қазақстанда жасалған тауарлардың бәрі сапалы.		
7. Синтетикалық тауарларды арнайы сөреге қоюға болмайды.		

4. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

Табиғи шикізаттан жасалған тауар
Енді супермаркеттерде
Отандық тауарға қолдау көрсету
Кәсіпкерлікті дамыту үшін
«Қазақстанда жасалған» акциясы

қазақстандық өнімдер сатылады.
отандық тауарға жарнама жасалады.
синтетикаға қарағанда сапалы болады.
біздің патриоттығымызды дәлелдейді.
еліміздің өндірісін дамытады.

5. Мәтінді оқыңыз.

Қарағанды кәмпиті – өтімді тауар.

Отандық тұтынушылардың барлығы Қарағанды кәмпиттерін біледі. Қораптары әдемі, әшекейлі, хош иісті мармеладтар мен бисквитті шоколадтар еліміздің сауда орындарын толтырып жатыр. Қарағанды кондитер фабрикасының «Азиатка» атты ассортименти «Азық-түлік Экспо – 2012» халықаралық көрмесінде ең таңдаулы өнім болды. Содан бері бұл өнімге тапсырыс көп. Фабрика вафли, торт, зефир, шығыс тәттілері, кәмпиттер пен шоколадтың әртүрін шығарады.



6. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

Қарағанды кәмпиті → _____ → кондитерлік өнімдер

ЖАЗЫЛЫМ

1. Суреттегі Қарағанды кәмпиттеріне жарнама жасаңыз.

Қарағанды кәмпиттері

2. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Сіз отандық тауарды тұтынасыз ба? _____
2. Өз елімізде шығарылған автокөлігіңіз бар ма? _____
3. Сіз отандық киім-кешектер аласыз ба? Қандай киімдерді? _____
4. Сіз өзіміздің азық-түліктерді аласыз ба? _____
5. Сіз отандық құрылыс бұйымдарын аласыз ба? _____
6. Сіз елімізде шығарылған жиһаздарды аласыз ба? Қандай жиһазды? _____

3. Үлгі бойынша жазыңыз.

Үлгі: Шетелдік тауарға қарағанда отандық өнім сапалы.

1. _____
2. _____
3. _____



ТЫҢДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпаратты анықтаңыз.

- Байқау жариялау себебі: _____
Байқауға қатысқандар саны: _____
Жеңімпаздың мекенжайы: _____
Жеңімпаздың жұмыс орны: _____
Жеңімпаздың мамандығы: _____



СӨЙЛЕСІМ

1. Жұптық жұмыс. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- | | |
|---------------------------------------|---|
| - Сіз отандық тауарды тұтынасыз ба? → | иә, жоқ, тұтынамын, тұтынбаймын |
| - Не үшін тұтынасыз? → | үнемі тұтынамын, сирек тұтынамын |
| - Не үшін тұтынбайсыз? → | сапалы, сапасы жаман емес, табиғи өнім, бағасы қымбат емес, маған ұнайды |
| - Отандық тауарға сұраныс бар ма? → | дизайні ұнамайды, сапасы онша емес, бағасы да арзан емес |
| - Отандық тауарға сұраныс бар ма? → | әрине, сұраныс бар деп ойлаймын, айта алмаймын, сұраныс көп, сұраныс артып келеді |
| - Отандық тауардың ерекшелігі неде? → | табиғи өнімнен жасалады, денсаулыққа зияны жоқ, сапасы жаман емес |

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қандай отандық өнімдер шығарылады?
2. Бұл өнімдердің сапасы сізге ұнай ма?
3. Қандай өнімге сұраныс жоғары?
4. Қандай өнімге сұраныс төмен?
5. Қандай өнімдер шығарылғанын қалайсыз?

3. Пікіріңізбен бөлісіңіз.

Қазақстандық ет, сүт өнімдері дүниежүзіне ұлттық бренд ретінде танымал бола ала ма?

4. Берілген ақпаратпен танысыңыз. Өз пікіріңізді айтыңыз. Сіз қандай өнімді пайдаланасыз? Қандай күріш аласыз?

Мамандардың пікірінше, күріш сатып алғанда, отандық немесе ресейлік өнімдерді таңдаған дұрыс. Өйткені шетелде күріштен жақсы өнім жинау үшін, химиялық тыңайтқыштар бірнеше есе көп қолданылады.

Соңғы жылдары күріштің гендік жағынан өзгертілген сорттары туралы ақпараттар пайда болды. Ондай күріштар адам ағзасына көп зиянын тигізеді.

VI МОДУЛЬ. ЕЛТАНЫМ

7-САБАҚ. ҚАЗАҚСТАН - ДОСТЫҚ МЕКЕНІ

1. Жаңа сөздерді тыңдаңыз, оқыңыз және есте сақтаңыз.

Тірлік	Ту етіп ұстау	Бір шаңырақ астында
Нағыз	Лайықты деңгейде	Тұрақтылықты сақтау
Қамту	Қазақстандық үлгі	Ұлыстардың бірлігі
Басын қосу	Мәртебелі мейман	Үкіметтік емес ұйым
Киелі бесік	Бейбітшілік пен келісім	Рухани келісім
Құшағы кең	Ұлтаралық келісімді сақтау	Дамудың сыры

! ГРАММАТИКА

Көру көмекші етістігі

Етістік+-ып/іп/п+көру+жіктік жалғауы. **Мысалы:** айтып көрдім, іздеп көрдім, ойланып көрейін, бағалап көрген. Фархад қазақша баяндаманы өзі жазып көрген.

1. Үлгі бойынша жазыңыз.

Тыңдап көру	Амандас _____	Қонақ шақыр _____
Таныс _____	Қоштас _____	Ас әзірле _____
Сұра _____	Кездес _____	Тілек айт _____

2. Берілген етістіктерді жіктеңіз.

Мен аударып көрдім	Біз _____	Мен оқып көрейін	Біз _____
Сен _____	Сендер _____	Сен _____	Сендер _____
Сіз _____	Сіздер _____	Сіз _____	Сіздер _____
Ол _____	Олар _____	Ол _____	Олар _____


📖 ОҚЫЛЫМ

1. Мәтінді оқыңыз.

Халық бірлігі – мемлекеттілік негізі. Бірліктің арқасында ғана біз болашағы күшті мемлекет құрамыз. Осы мақсатта елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Ассамблея еліміздегі барлық этнос өкілдерінің басын қосып отыр. Тұрақтылықты сақтау мен оның дамуына аса зор үлес қосып келеді. Бүгінде елді біріктіруде, этностар мен ұлттар арасындағы бейбітшілік пен келісімді, татулықты, рухани келісімді нығайтуда аса маңызды қызмет атқарады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің миссиясын лайықты деңгейде атқарып келеді. Қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін зерттеу үшін Қазақстан халқы Ассамблеясына әлемнің 15 мемлекетінен, атап айтқанда, Болгария, Ұлыбритания, Германия, Франция, Испания, Италия, Қытай, Малайзия, АҚШ, Ресей, Түркия, Украина және Армения елдерінен шетелдік сарапшылар мен ғалымдар, дипломаттар, журналистер мен үкіметтік емес ұйым өкілдері 60-тан астам өтініш білдіріпті. Елімізге келген мәртебелі меймандар қазақстандық үлгіні толеранттылықтың ең таңдаулы үлгісі ретінде зерттеген. Бүгінгі таңда Қазақстанда 820 этномәдени бірлестік жұмыс істесе, Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің активі 67 мыңнан астам адамды қамтиды.

2. Мәтін бойынша ақпаратты толықтырыңыз.

Ассамблеяны құрудағы мақсат  _____

3. Азатжолдарға тақырып қойыңыз.

Бірінші азатжол: _____
 Екінші азатжол: _____

4. Мәтін бойынша ақпаратты толықтырыңыз.

1. Мемлекеттің негізі: _____
2. Ассамблеяның негізгі миссиясы: _____
3. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамы: _____
4. Қазақстан халқы Ассамблеясын зерттеуші мемлекеттер: _____
5. Зерттеу қорытындысы: _____

5. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

этнос	үлгісі
бейбітшілікті	атқару
толеранттылық	өкілдері
миссиясын	нығайту
ұлттар арасындағы	біріктіру
этнос өкілдерін	мемлекет
болашағы күшті	сақтау
елдегі тұрақтылықты	келісім
сарапшылардың	зерттеуі
этномәдени	бірлестіктер



ТЫНДАЛЫМ

1. Мәтінді тыңдаңыз. Кездесуге қатысушы этномәдени бірлестіктерді анықтаңыз. Кездесу мақсатының артығын сызыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____

Бұл кездесудің басты мақсаты – облысымыздағы этномәдени бірлестіктер қызметімен таныстыру, қазақтың ұлттық салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға және жас ұрпақты ұлтаралық келісімді сақтауға тәрбиелеу.

2. Мәтінді екінші рет тыңдаңыз. Жоспар бойынша әр азатжолдың ретін көрсетіңіз.

Іс-шараның мақсаты № _____ Кездесуге қатысушылар № _____
 Өнер көрсетушілер № _____ Кітап көрмесі № _____
 Бірлестік мүшесінің ойы № _____

3. Мәтінді үшінші рет тыңдаңыз. Дұрыс-бұрысын анықтаңыз.

Сөйлем	дұрыс	бұрыс
1. Этнобірлестік өкілдері кітапханаға келді.		
2. Кездесу «Біздің байлығымыз — бірлікте» атауымен өтті.		
3. Кітапхана қызметкерлері жыл сайын кездесу өткізеді.		
4. «Видергебурт» би ансамблі қазақ биін биледі.		
5. «Казачья вольница» украин қоғамдық бірлестігі қатысты.		
6. Бұл кездесуде «Казачья Вольница» өкілі сөз сөйледі.		
7. Кездесу үшін кітапханашылар көрме ұйымдастырды.		

ЖАЗЫЛЫМ

1. Ақпаратпен танысып, пікіріңізбен бөлісіңіз. Ойыңызды жазыңыз.

БҰҰ-ның Бас хатшысы болған Кофи Аннан былай дейді: «Қазақстанның ТМД-ның басқа елдерінен айырмасы сонда – бұл елде бейбіт өмір мен тұрақтылық орнаған. Экономикалық өрлеу байқалады. Қазақстан түрлі ұлттар бейбіт қатар өмір сүріп жатқан, татулық нышанына айналған мемлекеттің үлгісі бола алады.

2. Ақпаратты толықтырып жазыңыз. Сөздікке, мәтінге сүйеніңіз.

Құшағы кең қазақ елін көптеген өзге ұлт өкілдері мекендейді. Олар: _____

Қазақстанда бір шаңырақ астында өмір сүріп жүрген түрлі ұлттар мен ұлыстардың _____ басқа мемлекеттерге үлгі. Елімізде соңғы уақытта _____ сөйлейтін _____ көбейгені де басты жетістігіміз. Бұл – нағыз _____ қазақ жеріне, _____ құрметі. Олар тек қазақ тілін ғана емес, _____ да құрметтейді.

3. Қазақстандықтарға не тілейсіз? Тілегіңізді жазыңыз.

Құрметті қазақстандықтар!

СӨЙЛЕСІМ

1. Модель бойынша сұқбаттасыңыздар.

- Сіз тұратын жерде/қалада/ауылда қандай ұлт өкілдері бар?
- Сіздің жұмысыңызда/ұжымда қай ұлттың өкілдері жұмыс істейді?
- Өзге ұлт өкілдерінен достарыңыз бар ма?
- Сіз ол ұлттың ұлттық тағамын білесіз бе?

орыс, неміс, украин, ұйғыр, татар, әзірбайжан, түрік, шешен, дүнген, поляк, башқұрт, еврей, кәріс т.б.

2. Жұптық жұмыс. Берілген ақпараттарға сүйеніп сұқбаттасып көріңіздер.

Қазақстанда 130-дан аса этнос өкілдері тұрады.
Парламент мәжілісіне Ассамблея өкілдерінен 9 депутат сайланады.
Қазақстанда 820-дан астам этнобірлестік бар.
Қазақстанда 80-нен астам мектеп этнос өкілдерінің тілін оқытады.
Елімізде этнос өкілдерінің 14 театры жұмыс істейді. Олар: ұйғыр, орыс, неміс, корей
Астана қаласында және 10 облыста Достық үйі жұмыс істейді.

3. Пікіріңізбен бөлісіңіз. Мақалды қалай түсінесіз? Төмендегі қыстырма сөздерді қолданыңыз.

Иә, шынында, келісемін, мақалда айтылғандай, Елбасы айтқандай, айтып көрейін

«Дамудың сыры - бірлікте, Табыстың сыры - тірлікте».

Сөздік

I МОДУЛЬ. ТАНЫСУ

1-сабақ. ТАНЫСУ

Есімі – имя
Неміс – немец
Өзбек – узбек
Кәріс – кореец
Әзірбайжан – азербайджан
Шешен – чечен
Ұйғыр – уйгур
Дүнген – дунган
Қытай – китаец
Түрік – турук
Бәрі жақсы болсын! – Пусть все будет хорошо!
Аман-сау бол! – Будь здоров!

2-сабақ. ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ

Бала-шаға – дети
Үй іші – семья
Ағалы-інілі, ағайынды – братья
Апалы-сіңлілі – сестры
Ағалы-қарындас – брат и сестра
Тұңғыш – первенец
Ортаншы – средний
Кенже – младший
Бөле – дети родных сестер
Тәте – тетя
Туған – родной
Немере аға (іні) – двоюродной брат
Немере апа (сіңлі) – двоюродная сестра

3-сабақ. МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ

Жұмысшы – рабочий
Балықшы – рыбак
Ғарышкер – космонавт
Зауыт – завод
Кеден – таможня
Білім саласы – сфера образования
Сараптама орталығы – аналитический центр
Сарапшы – эксперт
Құрылыс компаниясы – строительная компания
Медицина саласы – медицинская сфера
Қаржы саласы – финансовая сфера
Сауда саласы – сфера торговли
Байланыс саласы – сфера связи
Мәдениет саласы – сфера культуры
Ақпарат ұсыну – предложить информацию
Таңдау – выбирать
Атқару – исполнять, выполнять

Аяқтау – заканчивать
Алғыр – хваткий
Қабілетті – способный

4-сабақ. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІМ

Бағалау – оценивать
Бақылау – контроль, контролировать
Басқару – управление, управлять
Болып келеді – приходится ...
Болып саналады – считается ...
Болып есептеледі – считается ...
Ерекше – особый
Маңызды – важный
Ерекше маңызды – особо важный
Күрделі – сложный
Бірнеше – несколько
Мақтан ету – гордиться
Уақытында – вовремя
Орындау – исполнять

5-сабақ. МЕНІҢ ЖҰМЫС КҮНІМ

Жеке – личный
Алғашқы – первый
Соңғы – последний
Телефон анықтамасы – телефонный справочник
Жазба – запись
Факс жіберу – отправить факс
Қабылдау – принимать
Бекіту – утвердить
Белгілеу – отметить
Дамыту – развивать
Сақтау – хранить
Шығару – производить
Мекемені (аралау) – ходить по учреждениям
Кіріс құжаты – входящий документ
Шығыс құжаты – исходящий документ
Тапсырыс – заказ
Жедел ақпарат – срочная информация
Созылады – длится

6-сағат. УАҚЫТ

Өзгерту – изменить
Алмастыру – заменить
Өткізу – проводить
Тапсырыс беру – заказать
Сұрау, сұрату – спросить, просить
Шапшаң, жылдам, жедел – быстро
Уақытты тиімді пайдалану – провести время с пользой

Жоспарлау – планировать
Үлгеру – успеть
Қателік – ошибка
Үнемдеу – экономия
Ұйымдастыру – организовать
Кепіл – залог

7-сағат. САҒАТ

Қол сағаты – наручные часы
Қалта сағаты – карманные часы
Үстел сағаты – настольные часы
Қабырға сағаты – настенные часы
Есеп беру – отчитываться
Есеп тапсыру – сдать отчет
Есеп жолдау – отправить отчет
Нәтиже – результат
Жақында – скоро
Әдетте – обычно
Анда-санда – иногда
Тура – ровно
Жарым – половина
Қайту – возвращаться
Есеп жүргізу – вести учет

II модуль. ОҚУ-КӘСІБИ САЛА

1-сабақ. ӨТІНІШ

Өтініш – заявление
Сұраймын/өтінімін – прошу
Тест тапсыру – сдавать тест
Әңгімелесу – собеседование
Өтінішке қол қою – подписать заявление
Құжат тапсыру – сдавать документы
Жеке іспарағы – личный листок
Еңбек кітапшасы – трудовая книжка
Рәсімдеу – оформить
Талап ету – требовать
Жұмысқа кірісу – приступить к работе
Мекеме басшысының атына – на имя руководителя

2-сабақ. РЕСМИ ӨМІРБАЯН

Түйіндемеден ерекшелігі – особенности от резюме
Хронологиялық тәртіппен – по хронологическому порядку
Еркін түрде – в свободном порядке
Жетістік – достижение
Мәлімет – сведения
Қамтылады – охватывается
Баяндалу – докладывать
Шешім қабылдау – принимать решения
Дүниеге келу – родиться
Қызмет атқару – работать
Соңғы жұмыс орны – последнее место

работы
Отбасы құрамы – состав семьи
Жазылған күні, айы, жылы – дата заполнения
Қолы – роспись

3-сабақ. КЕҢЕСТЕ

Кеңес – совещание
Аппараттық кеңес – аппаратное совещание
Лездеме – пятиминутка
Отырыс – заседание
Жиын – сбор, собрание
Күн тәртібінде – в повестке дня
Мәселе – 1. вопрос, 2. проблема
Ақпарат – информация
Ақпарат ұсыну – предоставить информацию
Есеп – 1. отчет; 2. учет; 3. задача (математика)
Міндет – 1. обязанность; 2. задача
Тапсырма – 1. поручение; 2. задание
Ұсыныс – предложение
Хаттама – протокол
Шешім – решение
Іс-шара – мероприятие
Мерекелік шара – праздничное мероприятие
Талдау – анализировать
Талқылау – обсуждать
Қарастыру – рассматривать
Жіберу – отправлять
Жолдау – направлять

4-сабақ. ТОҚСАНДЫҚ ЖОСПАР

Апталық жоспар/есеп – недельный план/ отчет
Айлық жоспар/есеп – месячный план/отчет
Тоқсандық жоспар/есеп – квартальный план/отчет
Жартыжылдық жоспар/есеп – полугодовой план/отчет
Жылдық жоспар/есеп – годовой план/отчет
Жобаны дайындау – подготовить проект
Жоспармен танысу – знакомиться с планом
Жоспарды орындау – выполнять план
Стратегиялық жоспар – стратегический план
Алдағы жоспар – предстоящий план
Атқарылған жұмыс – проделанная работа
Жоба – проект
Кесте – график, таблица
Дайындау – готовить, подготовить
Жоспарлау – планировать
Толықтыру – дополнить
Тырысу – стараться
Көрсету – указать

Қосу – добавить
Бекіту – утверждать

5-сабақ. КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Кәсіби шеберлік – профессиональное мастерство
Кәсіби деңгей – профессиональный уровень
Кәсіби деңгейін көтеру/жоғарылату – повышение профессионального уровня/повышать
Кәсіби дағдыларды жетілдіру – усовершенствование профессиональных навыков
Біліктілігін арттыру – повышение квалификации
Қайта даярлау – переподготовка
Өзін-өзі дамыту – развивать себя
Республикалық/облыстық семинар – республиканский /областной семинар
Ғылыми конференция – научная конференция
Дөңгелек үстел – круглый стол

6-сабақ. БІЗДІҢ ҰЖЫМ

Ұжым – коллектив
Ұйым – организация
Әлеует – потенциал
Қоғамға пайдалы қызмет – полезная работа для общества
Ортақ мақсат – единая цель
Топтасқан адамдар – сгруппированные люди
Қызметтес адамдар – сослуживцы
Ұжымдағы орта жас – средний возраст в коллективе
Қарым-қатынас – взаимоотношение
Ұйымшыл – сплоченный, организованный
Кәсіби деңгейі жоғары – высокий профессиональный уровень
Білікті – квалифицированный
Сауатты – грамотный
Тәжірибелі – опытный
Тәлімгер – наставник

7-сабақ. КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕР. ҚҰТТЫҚТАУХАТ

Құттықтаухат – поздравительное письмо
Үкімет тарапынан марапатталу – правительственная награда
Маңызды мерекелер – важные праздники
Құрметті, қадірлі – уважаемый
Аса қадірлі – глубоко уважаемый
Қымбатты – дорогой

Құттықтау себебі – причина поздравления
Құттықтаушы – поздравитель
Қуаныш иесі – виновник торжества
Шынайы көңілден – от чистого сердца
Ұжымы атынан – от имени коллектива

III модуль. ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ 1-сабақ. АДАМ КЕЛБЕТІ

Адам келбеті – внешность человека
Сыртқы келбет – внешний вид
Сыртқы пішін – 1 .форма; 2. фигура
Мүсін – 1 .скульптура; 2. фигура
Көрікті – красивый
Келбетті – статный
Сымбатты – стройный
Симпатичный – сүйкімді
Көзілдірікті – в очках
Сақалды – бородатый
Мұртты – усатый
Ауызша баяндау – устное описание
Жазбаша сипаттау – письменное описание
Қысқаша суреттеу – краткое описание
Толық суреттеу – полное описание
Ұзын бойлы – высокого роста
Орта бойлы – среднего роста
Қысқа бойлы – низкого роста
Аласа бойлы – низкого роста
Ірі денелі – крупного телосложения
Кең иықты – широкоплечий
Кең жауырынды – с широкими плечами
Кең маңдайлы – широколобый
Тар маңдайлы – с узким лбом
Жазық маңдайлы – с открытым лбом
Бота көзді – большеглазая
Қой көзді – с карими глазами
Қысық көзді – с узкими глазами
Қыр мұрынды – с прямым носом
Пұшық мұрынды – курносый
Жалпақ мұрынды – с широким носом
Таңқы мұрынды – со вздернутым носом
Дөңес мұрынды – нос с горбинкой

2-сабақ. ӘРІПТЕСІМЕ МІНЕЗДЕМЕ

Сауатты сөйлеу – грамотная речь
Жетік білу – знать в совершенстве
Еңбек тәртібін сақтайды – соблюдает трудовую дисциплину
Мамандығының қыр-сырын меңгерген – знаток своего дела
Кәсіби деңгейі жоғары – высокий профессиональный уровень
Мінезі ашық – характер открытый
Қызметтік міндеттерін адал атқарады – свои служебные обязанности исполняет

добросовестно
Әріптестеріне көмектесуге әзір – готов
помочь коллегам
Әріптестерінің арасында беделді – среди
коллег авторитетный
Жауапкершілігі жоғары – очень
ответственный
Тәртіпті қатаң сақтайды – строго соблюдает
правила
Жоғары білімі бар – имеет высшее
образование
Кез келген өзгерістерді қиындықсыз
меңгереді – любые изменения усваивает
без затруднений
Компьютер бағдарламаларын жетік білу,
компьютерлік сауаттылығы жоғары – в
совершенстве владеет компьютерными
программами, компьютерная грамотность
высокая

3-сабақ. СПОРТ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Жүгіру – бегать
Жүзу – плавать
Секіру – прыгать
Ойнау – играть
Күресу – бороться
Бокстасу – боксировать
Лақтыру – кидать
Тартылу – подтягиваться
Жеңу, ұту – победить
Жеңілу – проиграть
Шынығу – закаляться
Жаттығу – 1. тренировка; 2. тренироваться
Жарыс – соревнование
Олимпиада ойындары – олимпийские игры
Спорт түрлері – виды спорта
Спорт кешені – спортивный комплекс
Спорт сарайы – дворец спорта
Мұз сарайы – ледовый дворец
Теннис орталығы – теннисный центр
Хоккей клубы – хоккейный клуб
Фитнес орталығы – фитнес-центр
Спорт алаңы – спортивное поле
(спортивная площадь)
Футбол алаңы – футбольное поле
Күрес – борьба
Ауыр атлетика – тяжелая атлетика
Мәнерлеп сырғанау – фигурное катание
Жақсы дамып келеді – хорошо развивается
Біздің мақтанышымыз – наша гордость

4-сабақ. ДЕНСАУЛЫҚ

Түрлі аурулар – разные болезни
Ауру – болезнь, заболевание

Ауру, науқас, сырқат – больной
Науқастану – болеть
Сырқаттану – недомогание
Сауығу, жазылу – выздоравливать
Жарақат – травма
Бас ауруы – головная боль
Қан қысымы – кровяное давление
Дене қызуы – температура тела
Жедел-жәрдем – скорая помощь
Нығайту – укрепить
Дәрумендер – витамины
Тәбет – аппетит
Пайдалану – употреблять
Созылмалы – хронический
Воспаление – қабыну
Әлсіреу – слабость
Шаншу – колики
Қадалу – вонзаться
Қызуы көтерілу – высокая температура
Жөтелу – кашель
Терлеу – потеть
Дем шығару – выдох
Дем алмау – вдох
Құсу – рвота
Бас айналу – головокружение
Жүрегі айну – тошнота
Ауа жетпеу, тұншығу – задыхаться
Ентігу – одышка

5-сабақ. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Саламатты өмір – здоровая жизнь
Сау адам – здоровый человек
Денсаулыққа зиянды – вредно для здоровья
Денсаулыққа пайдалы – полезно для
здоровья
Жаяу жүру – ходить пешком
Таза ауада демалу – отдыхать на свежем
воздухе
Ұзақ өмір сүру құпиясы – секрет
долголетия
Үнемі қозғалыста болу – постоянно быть в
движении
Пайдалы кеңестер – полезные советы
Ванна қабылдау – принимать ванну
Моншаға бару – ходить в баню
Денсаулықты шынықтыру – закалять
здоровье
Дұрыс тамақтану – правильное питание
Артық салмақ – избыточный вес
Күйзеліске ұшырау – депрессия

6-сабақ. БЕЛСЕНДІ ДЕМАЛЫС

Әуестіктің (хобби) бір түрі – разновидность
хобби

Белсенді өмір сүру салты – активный образ жизни
Отбасылық белсенді демалыс – семейный активный отдых
Бірлескен белсенді демалыс – корпоративный активный отдых
Белсенді демалыстың артықшылықтары – преимущества активного отдыха
Биік таулы шипажай – высокогорный курорт
Белсенді демалыс түрлері – виды активного отдыха
Шаңғы, коньки, ролик тебу – катание на лыжах, на коньках, на роликах
Атпен, велосипедпен серуендеу – конные велосипедные прогулки
Теннис, гольф ойнау – играть в теннисы, играть в гольф
Скейтбордпен, сноубордпен айналысу – заниматься скейтбордом, сноубордом
Парашютпен секіру – прыжки с парашютом
Шыңға өрмелеу – альпинизм
Құзға шығу/өрмелеу – скалолазание
Асықпай баяу жүгіру – бег трусцой
Балық аулау – рыбалка
Аңға шығу – охота
Су шаңғысы – водные лыжи
Автожарыс – автогонки
Мотожарыс – мотогонки
Салмен жүзу спорты – рафтинг

IV модуль. ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ САЛА

1-сабақ. МЕНІҢ ҚАЛАМ

Қоғамдық орындар – общественные места
Қонақ үй – гостиница
Дәмхана – кафе
Мейрамхана – ресторан
Пошта – почта
Монша – баня
Әуежай – аэропорт
Сұлулық салоны – салон красоты
Халыққа қызмет көрсету орталығы – центр обслуживания населения
Ескерткіш – памятник
Көпір – мост
Мешіт – мечеть
Шіркеу – церковь
Жер асты жолы – подземный переход
Аудан – район
Айналасында – вокруг
Сыртында – снаружи
Маңайында – рядом
Өндіріс – производство
Субұрқақ – фонтан

Гүлзар – аллея
Аялдама – остановка

2-сабақ. КІТАПХАНА

Әмбебап кітапхана – универсальная библиотека
Балалар кітапханасы – детская библиотека
Ғылыми-техникалық – научно-технический
Көрме – выставка
Оқырман – читатель
Оқу залы – читальный зал
Абонент бөлімі – абонентский отдел
Мерзімді баспасөз бөлімі – отдел периодической печати
Басылым – издание
Кітап қоры – книжный фонд
Ақын – поэт
Жазушы – писатель
Мақала – статья
Ғылыми басылым – научное издание
Көркем әдебиет – художественная литература
Үйлестіру – координация
Мүмкіндік – возможность
Сирек кездесетін – редковстречающиеся
Әуенді – мелодичный
Мәртебе – статус
Жазылым – подписка
Бірлестік – объединение
Орталықтандырылған – централизованная
Қолжазба – рукопись

3-сабақ. МҰРАЖАЙДА

Мұражай – музей
Тарихи-өлкетану мұражайы – Историко-краеведческий музей
Бейнелеу өнері мұражайы – Музей изобразительных искусств
Жәдігер – реликвия
Ұлттық киімдер – национальная одежда
Ұлттық аспаптар – народные инструменты
Қолөнер бұйымдары – ремесленные изделия
Зергерлік бұйымдар – ювелирные изделия
Тарих – история
Тарихи ескерткіш – исторический памятник
Бағалы – драгоценный
Құнды – ценный
Құндылық – ценность
Тас моншақ – каменные бусы
Қаулы – постановление
Әсер – действие
Алтын бұйым – золотые изделия
Тамашалау – любоваться

Сақтар – саки
Өзгерту – изменить

4-сабақ. ТЕАТРДА

Драма театры – драматический театр
Музыкалық комедия театры – театр музыкальной комедии
Қуыршақ театры – кукольный театр
Көрермен – зритель
Қойылым – спектакль
Сахна – сцена
Туынды – произведение
Негізін қалау – основывать
Әртіс – артист
Рөлде ойнау – играть роль
Ертегі – сказка
Шымылдық – занавес
Сыншы – критик
Сахна шеберлері – мастера сцены
Жұлделі – призовые
Жағымды – положительный
Алдыңғы қатарлы – передовые
Халықаралық – международный
Бүкіләлемдік – всемирный
Күрделі – сложный

5-сабақ. ҚАЗАҚ КИНОСЫ

Көркем фильм – художественный фильм
Деректі фильм – документальный фильм
Ғылыми-көпшілік фильм – научно-популярный фильм
Мультипликациялық фильм – мультипликационный фильм
Шытырман оқиғалы фильм – приключенческий фильм
Тұсаукесер – презентация
Түсірілім – съемки
Кино жұлдыздары – звезды кино
Тамашалау – смотреть
Үлес қосу – внести вклад
Жарнамалау – рекламировать
Шет ел – заграница
Кино қайраткерлері – деятели кино
Озық туынды – лучшее произведение
Жаңашыл – современный
Иегер – обладатель

6-сабақ. КОНЦЕРТТЕ

Концерттік бірлестік – концертное объединение
Концерт залы – концертный зал
Әнші – певец
Күйші – кюйши
Домбырашы – домбрист

Қобызшы – исполнитель на кобузе
Биші – танцор
Шығармашылық кеш – творческий вечер
Байқау – конкурс
Гастрольдік сапар – гастрольная поездка
Өнерпаз – артист
Жеке орындаушы – исполнитель
Қызығу – интересоваться
Озық үлгілер – передовые примеры
Қазақстанның еңбек сіңірген артисі/қайраткері – Заслуженный артист/деятель Казахстана
Бастама – начинание, инициатива

7-сабақ. МЕНІҢ СҮЙІКТІ ӘНШІМ

Елеулі – существенный
Театр құрамы – состав театра
Марапаттау – награждение
Арнайы сыйлық – специальный приз
Шеберлікпен – мастерски
Тележоба – телепроект
Талап – требование
Шарт – условие
Кезең – этап
Аймақтық іріктеу – региональный отбор
Үміткер – претендент
Бозбала – парень, юноша
Бойжеткен – девушка
Жолдама – направление
Шоу-бизнес өкілдері – представители шоу-бизнеса
Іріктеу өткізу – проведение отбора
Ренжу – обижаться
Ашулану – злиться

V модуль. АС. КИІМ. ТАЛҒАМ

1-сабақ. АСҮЙ БҰЙЫМДАРЫ

Ыдыс-аяқ – посуда
Дастарқан – скатерть
Асқасық – столовая ложка
Шайқасық – чайная ложка
Шыныаяқ – чашка
Табақ – глубокая тарелка
Таба – сковородка
Қазан – казан
Ожау – ковш
Оқтау – скалка
Елеуіш – сито
Араластыру – смешивать
Елеу – просеять
Кесу, турау – резать
Жазу, жаю – раскатать
Аққұман – заварник
Басытқы – закуска

Жиынтық – сборный
Кәкпір (кепсер) – шумовка
Сақтау – хранить
Шойын – чугуун
Жез – латунь
Бұқтыру – тушить
Шыны – стекло
Ыдыс-аяқ жиынтығы – сервиз
Жарамды – пригодный
Қақпақ – крышка
Салмақ – вес
Демдеу – заварить

2-сабақ. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ

Ұлттық дастарқан – национальный стол
Қазақша ет – мясо по казахский
Куырдақ – куырдак
Қымыз – кумыс
Шұбат – шубат
Айран – кефир
Құрт – курт
Ірімшік – сыр
Сүзбе – творог
Қатық – ряженка
Талқан – талкан
Жент – жент
Қазы-қарта – казы карта
Шұжық – колбаса
Қышқыл – кислый
Ащы – горький
Тұщы – пресный
Дәмді – вкусный
Құнарлы – питательный
Наурызкөже – наурыз коже
Уыз – молозиво
Өкпе-бауыр – легкие

3-сабақ. ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ

Қонақжайлық – гостеприимство
Үйдің төрі – почетное место дома
Салт – обычай
Дәстүр – традиция
Сыйлы ас – званый ужин
Сүрленген ет – копченое мясо
Сыйластық – уважение
Таңғалу – удивляться
Сарқыт – саркыт, гостинец
Сый-құрмет – уважение
Дастарқан мәдениеті – культура за столом
Қонақ шақыру – пригласить гостей
Ауыз тию – попробовать
Нығайтады – укрепляет
Ортақ дастарқан – общий стол

Ет асу – варить мясо
Іс жүзінде – на деле
Қонақ күту – принимать гостей
Дастарқанды әрлеу – оформление стола
Мәжбүрлеу – принуждать

4-сабақ. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ

Шапан – чапан
Тон – шуба
Бешпент – сюртук
Сәукеле – саукеле
Желетке – джилет
Кимешек – кимешек
Тымақ – ушанка
Ішік – дубленка
Бүрмелі көйлек – платье с воланом
Ұлттық киім үлгісі – национальная одежда
Тақия – такия
Саптама етік – сапоги
Әшекейлі – с украшениями
Оюлы – с орнаментом
Безендіру – украсить
Тапсырыспен тіккізу – шить на заказ
Қоғамдық іс-шара – общественное мероприятие
Иығына шапан жабу – закрыть на плечи чапан
Қатардағы киім – рядовая одежда
Көркем – художественная
Сый-сияпат – подарки
Салтанатты рәсім – торжественная церемония
Талғамға сай – со вкусом
Шүберек – тряпка
Жүн/жібек мата – шерстяная/шелковая ткань
Киіз – войлок
Аң терісі – шкура животного

5-сабақ. ҚАЗАҚ СӘНГЕРЛЕРІ

Сәнгер – модельер
Көненің құндылықтары – исторические ценности
Көрік беру – придать красоту
Замандас – современник
Мақта – хлопок
Жүн – шерсть
Ғажайып дүние – чудесная вещь
Бағалы тас – драгоценный камень
Ою-өрнек – орнамент
Негізін қалау – закладывать основу
Сауда белгілері – товарные знаки
Қайталанбас үлгі – неповторимая модель
Өкілдік – представительство

Лайықты – подходящий
Тартымды – привлекательный
Барқыт (шибарқыт) – бархат
Қолөнер – ремесло
Кеңінен қолдану – широкое применение
Жібек – шелк
Бет-бейне – лицо, вид
Етек-жең – рукава-подол

6-сабақ. СҰЛУЛЫҚ САЛОНЫНДА

Шаш сәні – прическа
Шашты қиғызу – стрижка
Шашты бұйралау – завивка волос
Шашты бояу – покраска волос
Шашты кептіру – сушка волос
Шаш және тырнақ күтімі – уход за волосами и ногтей
Шашты жатқызу – укладка волос
Шашты сәндеу – украсить волосы
Ұзындығын қию – стрижка длины
Қысқарту – укоротить
Сақалды алғызу – сбрить бороду
Шаш алдыру – стрижка волос
Ұтыс ойыны – розыгрыш
Ұсақ-түйек – мелочь
Тарақ/қайшы – расческа/ножницы
Мүмкіндік – шанс, возможность
Шаш бояуы – краска для волос
Сүлгі/жамылғы – полотенце/накидка
Әйелдер/ерлер шебері – мужской/женский мастер

VI модуль. ЕЛТАНЫМ

1-сабақ. МЕНІҢ ЕЛІМ – ҚАЗАҚСТАН

Шектесу –граничит
Құрлық –суша
Пайдалы қазбалар – полезные ископаемые
Шикізат қорлары – запасы сырья
Қорғасын – свинец
Мырыш – цинк
Мыс – медь
Мұнай – нефть
Алтын – золото
Қалайы – олово
Тасымалдау – перевозки
Қамқорлыққа алу – брать под опеку
Жер қойнауы – недры
Кен – руда
Астық – зерна
Өндіру – производить
Құрып кету – исчезновения

2-сабақ. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

Қолданушы – пользователь
Интернет кеңістігі – интернет пространство
Баспасөз хатшысы – пресс-секретарь
Көшу – переехать
Саяси іс-шара – политические мероприятия
Құрметтеу – уважать
Қадірлеу – дорожить
Жер аудару – депортация
Жұрт – люди, народ
Кең байтақ – широкая
Кеңпейілдік – широкодушный
Құдірет – величие, могущество
Шексіз – бесконечный
Ақкөңілдік – добродушный
Көркемдік – художественный
Армандау – мечтать
Қызғаныш – ревность
Қалыптасу – становления
Ыза-кек – гнев-месть
Өшпенділік – ненависть
Қарыздар – должен
Кейіпкер – персонаж

3-сабақ. АСТАНА – БЕЙБІТШІЛІК ҚАЛАСЫ

Мәдениеттің ошағы – центр культуры
Білімнің ордасы – центр знания
Отанымыздың жүрегі – сердце нашей Родины
Табалдырық – порог
Сарайдың қақпасы – ворота дворца
Салтанатты орда – зал торжеств
Көркею – процветание
Түрлену – преобразования
Бедерлену – быть украшенным
Елорда келбеті – облик столицы
Сәулеткерлік – шедевр-шедевр архитектуры
Сүйіспеншілік – любовь
Перзенттік сезім – младенческое чувство
Тілек тілеу – загадать желание
Қоғамдық бірлестік – общественное объединение
Шетелдік елшілік – иностранные посольства
Жағалау – берег
Жаңару – обновление
Тамыр – корень
Бұтақ – ветка
Мұрағат қоры – архивный фонд
Президент Жарлығы –Указ Президента

4-сабақ. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

Стратегиялық серіктестік – стратегическое партнерство
Салықтық/қаржылық жүйе – налоговая /

финансовая система
Тұрғын үй-коммуналдық сала – жилищно-коммунальное хозяйство
Дінаралық келісімді сақтау – соблюдать межконфессиональное согласие
Тәуелсіздіктің жемісі – результат независимости
Мақтанышпен – с гордостью
Әл-ауқаттың артуы – увеличение благосостояния
Жіктелім – классификация
Таяу Шығыс – Ближний Восток
Бағытталған – направленный
Ынтымақтастық – сотрудничество
Саяси тұрақтылық – политическая стабильность
Жетекші ұйым – ведущая организация
Серіктес – партнер
Жылнама – летопись
Сақтау – хранить
Мәдениетті қолдау – поддержать культуру
Айтыс – дебат
Көшбасшы – лидер
Әлемдік рейтингке ену – вступление в мировой рейтинг
Қайта салынды – реконструирован
Басымдық – приоритет

5-сабақ. ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ПРЕЗИДЕНТІ

Қанатты сөз – крылатые слова
Беделін арттыру – повышать престиж
Нығаю – укрепление
Мойындау – признавать
Жан-жақты даму – разностороннее развитие
Қолдану аясын кеңейту – расширить использование
Жағдай жасау – создать условия
Қол жеткізу – достигнуть
Жаһандық мәселелер – глобальные вопросы
Ойдағыдай – как положено
Қарқынды даму – быстрое развитие
Бой көтеру – построить
Тағайындалу – назначение
Сайлау – выборы
Басшылығымен – под руководством
Терезесі тең – равный
Терең сезіну – глубокие ощущения
Бірден-бір – единственный

6-сабақ. ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН ӨНІМ

Ұран – девиз
Сызба – чертеж
Хош иісті – душистый

Әшекейлі – декоративный
Қолға алу – взять в руки
Үлес қосу – добавить вклад
Қолдау жасау – поддерживать
Сауда желілері – торговые сети
Артықшылық – преимущество
Өнімді тұтыну – потребления продукции
Табиғи шикізат – природное сырье
Табиғи өнім – натуральный продукт
Мақта-мата комбинаты – хлопчатобумажный комбинат
Отандық тұтынушы – отечественный потребитель
Көрпе-жастық – одеяла и подушки
Жастықтың тысы – наволочки
Арнайы қатар, сөре – специальный ряд, полка
Назарын аудару – привлечь
Тауарды тұтыну – потребления товара
Киім-кешек – одежда
Құрылыс бұйымдары – изделия для строительства
Химиялық тыңайтқыш – химическое удобрение
Гендік өзгертілген – генные измененные
Өз елінде шығарылған – произведено в своей стране

7-сабақ. ҚАЗАҚСТАН – ДОСТЫҚ МЕКЕНІ

Тірлік – существование
Нағыз – настоящий
Қамту – обеспечить
Басын қосу – собрать вместе
Киелі бесік – святая колыбель
Құшағы кең – просторные объятия
Ту етіп ұстау – держать во главе
Лайықты деңгейде – на должном уровне
Қазақстандық үлгі – казахстанская модель
Мәртебелі мейман – почетный гость
Бейбітшілік пен келісім – мир и согласие
Ұлтаралық келісімді сақтау – сохранение межнационального согласия
Бір шаңырақ астында – под одной крышей
Тұрақтылықты сақтау – со хранить стабильность
Ұлыстардың бірлігі – единства народа
Үкіметтік емес ұйым – неправительская организация
Рухани келісім – духовное согласие
Дамудың сыры – секрет развития

Тыңдалым мәтіндері

I МОДУЛЬ

1-САБАҚ

2. Полилогты тыңдаңыздар. Бос орындарды толтырыңыздар. Тақырып қойыңыздар.

- Сәлеметсіздер ме?

- Сәлеметсіз бе!

- Қазақ тілі курсына қош келдіңіздер! Менің аты-жөнім – Жанар Жарқынқызы. Танысып қояйық! Сіздердің аты-жөндеріңіз кім болады?

- Менің атым – Руслан. Ұлым – шешен. Ал менің жанымдағы жігіттің аты - Равиль. Оның ұлты – татар. Біз екеуіміз әріптеспіз.

- Ал қыздар, сіздер кім боласыздар? Қай мекемеден келдіңіздер?

- Менің атым – Анна. Әріптесімнің аты – Ирина. Біз Қаржы басқармасынан келдік. Екеуіміздің де ұлтымыз – неміс. Тағы бір әріптесіміз бар, оның аты-Кристина, ұлты – кәріс. Ол бүгін келе алмады, ертең келеді.

2-САБАҚ. ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Сурет бойынша жауабын жазыңыз.

Бұл – Райхан. Ол екеуіміз бөле боламыз. Екеуіміздің аналарымыз – апалы-сіңлілі. Біздің аналарымыздың аты Айжан және Балжан. Мен Райханның анасын тәте деймін. Райхан – отбасының кенжесі, ал мен – тұңғышымын. Райханның екі ағасы бар. Олар – ағайынды жігіттер. Үлкенінің аты – Мұрат, кішісі – Болат. Менің туған інім бар. Оның аты – Марғұллан. Біз бөлелерімізді жақсы көреміз.

3. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орынды толтырыңыз.

Менің төрт балам бар. Тұңғышым – қыз бала. Оның аты – Гауһар. Одан кейінгі екеуі – ұл балалар. Олардың есімдері – Ержан және Ерлан. Ал кенжеміз – қыз. Оты Балауса болады.

3-САБАҚ. МЕНІҢ МАМАНДЫҒЫМ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Жауаптарын жазыңыз.

Нұрлан Әлімжан – белгілі актер, ақын, әнші әрі композитор. Қабілетті жігіт «Ағайындылар», «Жау жүрек мың бала», «Елбасы жолы», «Балалық шағымның аспаны» фильмдеріне түсті. Ол – Елбасының рөлінде ойнаған актер. Актердің еңбегі тек елімізде ғана емес, шет жерде де бағаланып жүр. Нұрлан Әлімжан – Қытай кинокартиналарында ойнаған алғашқы қазақ актері екен. Ол Ақтай Сері рөлінде ойнаған. Қазір бұл психологиялық мелодрама қазақ, араб, ағылшын, француз, қытай тілдеріне аударылды.

Нұрлан Әлімжанов жақсы актер ғана емес, жақсы композитор да. Жастарымыз әншінің «Бағынды бағала», «Ақ құсым», «Балапаным» атты әндерін жақсы көреді.

4-САБАҚ. ЛАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕРІМ

2. Мәтінді тыңдаңыз.

Оңтүстік Қазақстандық Баршагүл Жанатқызының Қостанай қаласына көшкеніне 20 жыл болды. Ол Шымкент қаласының Әл-Фараби атындағы мәдениет институтының кітапхана факультетін бітірген. Қазір Л. Толстой атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында қызмет атқарады. Оның мамандығы ерекше мамандық болып саналады. Себебі жақсы кітапханашы болу үшін үлкен тәжірибе, кәсіби шеберлік қажет.

Кітапханаға республикадан әртүрлі тақырыптағы кітаптар келеді. Баршагүл соларды облыстың кітапханаларына бөледі. Оның ішінде аудан, ауыл және қаладағы кітапханалар бар. Ол ерекше маңызды шараларды ұйымдастырады. Ол былай дейді: «Жұмыстың оңайы болмайды. Қуанышы, қиындығы да жетеді. Барлық табыстарға ұжыммен бірге жеттік. Баспалармен үнемі байланыстамын. Мен – мамандығымды мақтан етемін.

5-САБАҚ. МЕНІҢ ЖҰМЫС КҮНІМ

2. Мәтінді тыңдаңыз.

Мен – Ғалия Болатқызымын. Компанияның жаңа хатшысымын, жасым жиырма бірде. Бізде 20 адам жұмыс істейді, әріптестерім – білікті мамандар. Біз дүйсенбіден сенбіге дейін жұмыс істейміз. Жұмыс күні сағат 9.00-дан 18.00-ге дейін. Таңертең кеңсеге 08.45-ке дейін келеміз. Бастығымыз сағат 09.00-да келеді. Сағат 09.30-дан 10.30-ға дейін жиналыс болады. Жиналысқа бірнеше маман қатысады. Бастықтың орынбасары – екеу, бас маман үшеу, менеджерлер алтау. Бірінші орынбасар Алматыда, екіншісі Астанада тұрады. Сағат 10.30-дан кейін Астанадан факс қабылдаймыз. Сағат 13.00-ге дейін екінші орынбасар жаңа тапсырыс қабылдайды. Түскі үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін. Түстен кейін хаттарға жауап жазады, телефон арқылы сөйлеседі. Сағат 16.00-ден 17.00-ге дейін бастықтың қабылдау сағаты. Бір сағаттан кейін мен оған құжаттар дайындаймын.

6-САБАҚ. УАҚЫТ

2. Мәтінді тыңдап, статистикалық ақпаратты анықтаңыз.

Статистика бойынша орта есеппен 70 жыл өмір сүретін бір адамның уақыты былай жұмсалады екен: ұйықтауға - 23 жыл, жұмыс істеуге - 19 жыл, көңіл көтеруге - 9 жыл, ойлануға - 1 жыл, тамақтануға - 6 жыл, жол жүруге - 6 жыл, ауыруға - 4 жыл, әжетханаға - 2 жылын жібереді екен.

3. Мәтінді тыңдаңыз. Күнде орындайтын іс-әрекеттерді ретімен жазыңыз.

Күнде кешке өзіңізге есеп беріп, жасаған пайдалы істеріңізді есіңізге алыңыз. Мысалы: таңертең дене жаттығуын жасау, таза ауада серуендеу, қызметтік міндетіңізді орындау, пайдалы ақпарат беретін кітаптар оқу т.б. Осы аталған шаруалардың бәрі пайдалы. Біреуі денсаулығыңыз үшін пайдалы, екіншісі, өзіңіздің материалдық жағдайыңыз үшін пайдалы, үшіншісі интеллектуалдық деңгейіңізді көтереді.

7-САБАҚ. САҒАТ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орынға уақытты жазыңыз.

Мен – Қарағанды облысы бойынша Статистика департаменде жұмыс істеймін. Мекемеде бөлім бастығы лауазымын атқарамын. Біздің мекеменің жұмыс кестесі маған өте ұнайды. Бізде жұмыс уақыты күн сайын 9.00-ден бастап 18.00-ге дейін созылады. Түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін болады. Біз түсте бір жарым сағат демаламыз. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру 9.00-ден 17.30-ге дейін. Айдың соңғы жұмыс күнінде 9.00-12.00 аралығында аудан, қалалардағы бөлімдердің мамандары есеп тапсырады. Біз бес күн жұмыс істейміз. Сенбі, жексенбі ресми түрде демалыс күндері болып есептеледі.

II МОДУЛЬ. ОҚУ-КӘСІБИ САЛА

1-САБАҚ. ӨТІНІШ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

2. Мәтінді тыңдай отырып, бос орындарды толықтырыңыз.

Өтініш – жеке тұлғалардың мекеме, кәсіпорын басшысының атына жазатын ресми құжаты. Өтінішке бұрыштама қойылғаннан кейін, сол өтініштің негізінде бұйрық шығарылады.

Өтініштің қалыптасқан үлгісі бар. Басында кімге кімнен екені көрсетіледі, жол ортасына «өтініш» сөзі жазылады. Оның астына азат жолдан бастап өтініштің негізгі мазмұны беріледі. Соңында парақтың оң жағына жазылған күні көрсетіліп, жазған адамның қолы қойылады.

Өтініш жазылатын негізгі жағдайлар:

1. Жұмысқа қабылдау туралы өтініш.
2. Жұмыстан босату туралы өтініш.
3. Басқа жұмысқа ауысу туралы өтініш.
4. Кезекті демалыс сұрау туралы өтініш.
5. Кезектен тыс демалыс сұрау туралы өтініш.
6. Ақысыз демалыс алу туралы өтініш.

2-САБАҚ. РЕСМИ ӨМІРБАЯН

2. Тыңдаңыз, өмірбаян туралы мәліметті толықтырыңыз.

Өмірбаян

Жұмысқа қабылданар алдында өмірбаян жазу талап етіледі. Өмірбаян еркін түрде ақ қағазға қолмен жазылады. Түйіндемеден ерекшелігі мұнда фактілер хронологиялық тәртіппен кеңірек баяндалады. Жеке жетістіктері мен наградалары, тағы басқа мәліметтер жан-жақты қамтылады.

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіппен жазылған ресми құжат.

Өмірбаянның деректемесі:

- құжаттың аты ;
- автордың аты-жөні;
- туған күні, айы, жылы;
- туған жері;
- білімі және оқыған оқу орны ;
- атқарған қызмет түрлері;
- соңғы жұмыс орны мен лауазымы;
- отбасы жағдайы және құрамы;
- мекенжайы және телефоны;
- жазылған күні, айы, жылы;
- қолы;

3-САБАҚ. КЕҢЕСТЕ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Кезекті аппараттық кеңес

13 шілде күні аудан әкімдігінде кезекті аппараттық кеңес өткізілді. Кеңесті аудан әкімі жүргізді. Жиын-

да аудан басшысы алдымен, өткен аптада болған шараларға тоқталып өтті.

Кеңестің күн тәртібінде екі мәселе қаралды. «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі шаруашылығы» мемлекеттік мекемесінің атқарып отырған жұмыстары туралы осы мекеменің басшысы Т.Сәтбаев хабарлама жасады.

2017-2018 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық барысы туралы аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысының міндетін атқарушы Ж.Албан баяндады. Кеңес соңында туындаған мәселелер бойынша аудан басшысы мекеме басшыларына тиісті тапсырмалар берді.

4-САБАҚ. ТОҚСАНДЫҚ ЖОСПАР

2. Сұқбатты тыңдаңыз. Осы тақырыптың грамматикалық құрылымдарымен толықтырыңыз.

Бөлім басшысы: Аяулым Ришатқызы, тоқсандық жоспарда көрсетілгендей, өз салаңыз бойынша есеп беруге міндеттісіз.

Бас маман: Есепті қашанға дейін бітіруге тиіспін?

Бөлім басшысы: Келесі аптаның 5 мен 10 аралығында жиналыс өткізу жоспарланып отыр.

Бас маман: Сонда 5-іне дейін бітіруге тиіспін ғой.

Бөлім басшысы: Иә, осы аптаның аяғына дейін бітіруіңіз керек.

Бас маман: Жақсы, бітіремін.

Бөлім басшысы: Нақты әрі қысқа жазыңыз.

Бас маман: Есепте жоспардағы жұмыстардың барлығын әзірлейін бе?

Бөлім басшысы: Жоқ, атқарылған жұмыстар бойынша әзірлеңіз.

Бөлім басшысы: Рақмет!

5-САБАҚ. КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

2. Мәтінді тыңдап, тиісті етістіктерді қойыңыз.

Кәсіби шеберлік дегеніміз – алған білімді жұмыста пайдалану және біліктілікті арттыру. Біліктілікті арттыру – заман талабы. Мемлекеттік қызметшілерге кәсіби дағдыларын жетілдіру үшін «Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау» ММ-нен курстан өтулері керек. Мемлекеттік қызметшілердің оқу Стандарттарына сәйкес қосымша кәсіби білім алулары керек. Сонымен қатар, жаңа кәсіби қызметке және ұзақ мерзімді міндеттерге сәйкес кәсіби білімін жоғарылату қажет. Оқу бағдарламасы бойынша алған білімін тәжірибеде қолданулары керек.

6-САБАҚ. БІЗДІҢ ҰЖЫМ

2. Мәтінді тыңдап, дұрыс-бұрысын тексеріңіз.

Ұжым – ол қоғамға пайдалы қызметте ортақ мақсатқа жұмыла еңбек ететін және психологиялық тұрғыда топтасқан адамдар тобы. Әріптес дегеніміз – белгілі бір ұйымдарда бірігіп жұмыс жасайтын қызметтес адамдар. Әріптестер әртүрлі жас аралығын қамтиды. Әріптес болу белгілі бір мамандықтар бойынша бөлінеді. Мәселен: мұғалімдер, дәрігерлер, заңгерлер және тағы басқалары.

7-САБАҚ. КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕР

2. Мәтінді тыңдап, тиісті етістіктерді қойыңыз.

Құттықтау хат

Құттықтау хат мерейтойларда, үкімет тарапынан марапатталғанда, маңызды мерекелерде және тағы басқа жағдайларда жолданады.

Құттықтау хат құрметті, қадірлі, аса қадірлі, қымбатты деген сөздермен басталады. Содан кейін құттықтау себебі жазылады. Сосын құттықтаушы қуаныш иесінің жетістіктері туралы жазуы керек.

Осыдан кейін тілектер жазылады. Соңында құттықтаушының аты-жөні шын жүректен, игі тілекпен, құрметпен деген сөздермен аяқталады.

III МОДУЛЬ. ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

1-САБАҚ. АДАМ КЕЛБЕТІ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орындарды толтырыңыз.

Кез келген адамды бір көргенде-ақ оның беті, көзі-қасы, аузы-мұрыны, дене бітімі саған әр қилы әсер етеді. Онымен танысып, әңгімелесіп, араласып кетпей тұрып-ақ, оның қандай адам екендігі жөнінде өзіндік пікір де қалыптастырып үлгіресің. Бұл – адамды адамның сыртқы келбеті арқылы-ақ танып, білу қасиеті. Адамның сыртқы келбеті не сүйсіндіреді, не одан жиіркендіреді, кейде тіпті, таң-тамаша қалдырады.

Адамның сыртқы келбетіне бет-әлпеті, дене құрылысы, бойы, салмағы, киім киісі, мүсіні кіреді. Адамның бойындағының бәрі: келбеті де, киімі де, жан-дүниесі де, ойы да әдемі болуға тиіс. Қазіргі заманда қандай жұмыста болмасын адамнан сыртқы келбетінің тап-тұйнақтай, киімінің белгілі бір үлгіге сәйкес болуы талап етіледі. Сыртқы келбетіне мән беріп, талғамға сай киінген адам өз ортасында, әріпте-

стерінің арасында жүзі жарқын болып жүре алады.

Адам баласы өмірге келгенде, өз-өзіне келбет таңдамайды. Кейбір адамдар сырт келбетінің арқасында бақыт құсын қолына қондырса, кей адамдар келбетінің кесірінен армандарына жете алмауы мүмкін.

2-САБАҚ. ӘРІПТЕСІМЕ МІНЕЗДЕМЕ

2. Ақпаратты тыңдап, толықтырыңыз.

Адам табиғатын зерттеушілердің болжамы

1. Дөңгелек жүзді адам айналасына жайлы, төңірегіндегілерге қолайлы жағдай жасай алатын жан. Олар турашыл, еңбекқор, жақсы қасиеттері үнемі көбейе түсетіндер.

2. Маңдайы жалпақ, иегі сүйірленіп, үшбұрыштанып келген адамның есте сақтау қабілеті жақсы, бірақ мінезі құбылмалы. Өте сезімтал, содан қолға алған ісінен тез жалыға салатын кездері көп.

3. Ат жақты кісі жұртты бір іске бастауға икемді, зиялы, ұйымдастыру қабілеті мол. Қажыр-қайраты, ерік-жігері бір басына жеткілікті.

4. Қырынан қарағанда томпақ бет болып көрінетін адам қалжыңқой, ақжарқын.

3-САБАҚ. СПОРТ-ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

2. Мәтінді тыңдап, ақпаратты толтырыңыз.

Бекзат Саттарханов – қазақтың әуесқой боксшысы, Сидней олимпиадасының чемпионы, Қазақстанға еңбек сіңірген спорт шебері. 1980 жылы Түркістан қаласында дүниеге келген. 2000 жылдың 31 желтоқсанында, Шымкент қаласының жанында автокөлік апатынан қаза болды.

Бүгінде Түркістан қаласында Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешені бар. Алматы қаласында көше аты берілді. Спорт журналисі Қыдырбек Рысбекұлы «Бекзат» атты кітап жазды. Режиссер Сатыбалды Текеев «Бекзат» атты деректі фильм түсірді. Өнші композитор Гүлнұр Өмірбаева «Бекзат» әнін арнап жазды. Президент Нұрсұлтан Назарбаев Бекзат Саттархановқа «Барыс» орденін табыс етті.

3. Мәтінді тыңдаңыз. Дәулет Тұрлыханов туралы ақпараттарды анықтаңыз.

Дәулет Болатұлы Тұрлыханов 1963 жылы 18 қарашада Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданында дүниеге келген. Туризм және спорт академиясын, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. Палуан, грек-рим күресінен еңбек сіңірген спорт шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан және Қырғызстан Республикаларының еңбек сіңірген жаттықтырушысы.

Қазақстанның және халықаралық турнирлердің жеңімпазы, КСРО-ның жеті дүркін чемпионы, КСРО халықтары спартакиадасының күміс жүлдегері және жеңімпазы, Еуропа чемпионы, Әлем чемпионы және күміс жүлдегері, қола жүлдегері, Әлем кубогының екі мәрте жеңімпазы, 12-ші Азия ойындарының жеңімпазы, Азияның екі дүркін чемпионы, 24-25-ші Олимпиадалық ойындарының күміс, қола жүлдегері болған. 1995-1999 жылдары екі мәрте Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланған. 2000-2006 жылдары Туризм және спорт агенттігінің төрағасы, Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Спорт комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған.

Қырғызстан олимпиадалық қозғалысын дамытуға сіңірген еңбегі үшін Олимпиадалық орденмен, FILA, ҚР Ұлтық олимпиадалық комитетінің алтын медальдармен, I дәрежелі Ұлы Петр орденімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Дәулет Тұрлыханов – кәсіби спортшы, еліміздің мақтанышы.

4-САБАҚ. БІРІНШІ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ

2. Пайдалы кеңестерді тыңдап, жалғастырыңыз.

Денсаулыққа байланысты пайдалы кеңестер

1. Қан қысымы жиі көтерілсе, суға піскен картопты көбірек қолданған жөн.

2. Асқазанда жара болса, күнде таңертең бір қасық бал жұтып тұрған өте пайдалы.

3. Адамның жүйкесі қатты күй-зеліске ұшыраса, алақанын мұздай суға салған дұрыс.

4. Адам артрит пен буын ауруларына шалдықса, көк шәй ішкені жөн.

5. Аяқ жиі қақсап ауырса, жатар алдында пісте майын жағып, жылы шүберекпен орап жатқан жақсы.

6. Тырнақ сына берсе, оған бал мен пиязды араластырып жаққан дұрыс.

7. Қан қысымы қатты көтерілсе, сүлгіні мұздай суға малып, іштің төменгі жағына басқан пайдалы.

8. Егер сізді жөтел қатты қысса, ыстық сүтке бір шай қасық бал салып ішіңіз.

9. Ангина басталып келе жатса, жарты лимонды қабығымен қоса асықпай шайнау керек.

1. Денсаулық – байлықтан қымбат. Джон Рей

2. Денсаулығың мықты болуы үшін мәнді өз күшің болу қажет, оны еш нәрсемен ауыстыруға болмайды. академик Н.М.Амосов.

3. Дені сау кедей – ауру корольден бақытты. Артур Шопенгауэр

4. Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі. Томас Карлейль

5. Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты. Артур Шопенгауэр

6. Дені сау азаматтар – мемлекеттің ең бағалы капиталы. В.Комат

5-САБАҚ. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

2. Мәтінді тыңдап, мәтін бойынша сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз.

Көп ұйықтаудың денсаулыққа зияны бар

Адам өз өмірінің үштен бір бөлігін ұйқымен өткізеді. Ұйқының қанбауы адам ағзасына кері әсерін тигізеді. Алайда қажетті уақыттан көп ұйықтау да адам денсаулығына зиян. Америкалық медицина академиясының жаңа зерттеулері бойынша, шамадан тыс көп ұйқының әсерінен диабет, жүрек ауруларына шалдығу мен артық салмақ қосу қаупі бар. Сондай-ақ, ғалымдардың пікіріне сүйенсек, күніне 7 сағаттан артық ұйықтайтындар ерте қайтыс болатын адамдар қатарына жатады екен.

Сонымен қатар, көп ұйықтау адамның:

1. Жүрек жұмысын нашарлатады.
2. Ағзасын әлсіретеді.
3. Есте сақтау қабілетін төмендетеді.
4. Басын ауыртады.
5. Сергектігін азайтады.

Шамадан тыс ұйқы уақытты тиімді пайдалануға да мүмкіндік бермейді. Көп ұйықтаудың әсерінен адам бір күннің ішінде атқаруға тиіс жұмыстарын кейінге қалдырады немесе мүлде атқармайды. Сондықтан, көп ұйықтаудың кері әсерінің де бар екенін үнемі есте ұстаған жөн.

6-САБАҚ. БЕЛСЕНДІ ДЕМАЛЫС

2. Мәтінді тыңдап, бос орындарды толықтырыңыз.

Белсенді демалыс дегеніміз демалушының демалу барысында барлық дененің, бұлшық еттің, ағзаның белсенді физикалық жұмысын талап ететін белсенді қызмет түрлерімен айналысатын бос уақытты өткізу тәсілі, әуестіктің (хобби) бір түрі. Белсенді демалыс көбінесе спорттың кәсіби түріне жатпайтын қандай да бір спорт түрімен шұғылдануды көздейді.

Белсенді демалыстың түрлері:

- Спорттық туризм
- Шаңғы, коньки, ролик тебу
- Атпен, велосипедпен серуендеу
- Теннис, гольф ойнау
- Скейтбордпен, сноубордпен шұғылдану
- Парашютпен секіру
- Шыңға шығу/өрмелеу
- Құзға шығу/өрмелеу
- Асықпай баяу жүгіру
- Балық аулау
- Аңға шығу
- Су шаңғысы
- Автожарыс
- Мотожарыс
- Квадроциклдермен жүру
- Салменжүзуспорты
- басқа да белсенді демалыс түрлері

IV. ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ САЛА

1-САБАҚ. МЕНІҢ ҚАЛАМ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орындарды толтырыңыз.

Қарағанды – еліміздегі үлкен қалалардың бірі. Қалада жыл сайын жаңа ғимараттар салынады. Қазақ драма театры, сауда үйлері, мешіт пен шіркеу ғимараттары өте әдемі. Сұбұрқақтар мен қонақ үй, үлкен мейрамханалар қаланың сәнін келтіріп отыр.

2-САБАҚ. КІТАПХАНА

2. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды толықтырыңыз.

Британдық Кітапхана

Британдық Кітапхана – Ұлыбританияның ұлттық кітапханасы болып табылады. Кітапхана Лондонда орналасқан және әлемнің ең үлкен кітапханалары қатарында. Онда әлемнің ең танымал тілдеріндегі 150 миллионнан астам құнды ақпарат, кітаптар, газеттер, видеоақпараттар, әуенді жазбалар, карталар, суреттер жинақталған. Оған қоса 25 миллионға жуық сирек кездесетін қолжазба мен кітаптардың жинақтары бар. Ол көлемі жөнінен әлемде АҚШ-тағы кітапханадан кейінгі екінші орында тұр.

Сонымен қатар Google қолданушылары кітапхана ақпараттарын қарай алады және оларға керекті мәліметтерді көшіруге мүмкіндік берілген.

3-САБАҚ. МҰРАЖАЙДА

2. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтардың жауабын жазыңыз.

Теміртау қаласындағы Тұңғыш Президент музейінің қоры жыл сайын жаңа жәдігерлермен толығады. Оларды Қарағанды облысының тұрғындары тапсырып тұрады екен. Мәдени орынға Елбасының әріптестері де келіп тұрады. Олар мұражайда ұйымдастырылатын шараларға үнемі қатысып отырады.

1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне орай олар жаңа сыйлықтар жасады. Елбасының қызметтестері Тұңғыш Президент мұражайына жаңа кітаптар мен суреттерді табыстады. Олар: «Бұл фотосуреттер әрқайсымызға аса қымбат болғанымен, мұражайға қажеттірек», - дейді.

Алғашқы Президент мұражайындағы алты залда 3 мыңнан астам экспонат бар. Жыл сайын олардың саны өсіп келеді. Төрт жыл бұрын ашылған мұражайға 100 мыңға жуық адам келіп үлгеріпті.

Теміртаулықтар Елбасын өз халқына деген қамқорлығы үшін құрметтейді. Президенттің еңбек жолы Теміртау қаласында басталды.

3. Мұражайлар туралы мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

Әлемдегі белгілі мұражайлар

Әр мемлекеттің өз мәдениетін, салт-дәстүрін, тарихын жәдігерлер арқылы танытатын мұражайы болады. Сіздерге дүние жүзі елдерінің ішінен әйгілі мұражайлар тізбегін ұсынамыз.

Лувр – Париждегі 350 мың экспонаты бар үлкен мұражай. Жылына 8,5 млн адам мұражайды көруге келеді. Леонардо да Винчидің әйгілі «Джокондасы» осы мұражайда тұр. Луврды аралауға 3 апта уақыт керек екен.

Британдық мұражай Лондон қаласындағы орналасқан. 6га жер көлемін алып жатыр. Жылына 5,2 млн туристер мен жергілікті тұрғындар кіреді. 66 мың экспонат бар.

Прадо ұлттық мұражайы – Мадридте орналасқан. 8000 мыңнан аса экспонат бар. Мұражай әйгілі картиналармен белгілі. Мұнда Гойдидің «Маха», Бохсаның «Сад насладений» туындылары орналасқан.

4-САБАҚ. ТЕАТРДА

2. Мәтінді тыңдаңыз. Театр артисі туралы ақпаратты толықтырыңыз.

Жұмабеков Кеңес Нарымбайұлы 1948 жылы 29 қарашада Орал облысы, Чапаев ауданы, Майшұңқыр ауылында дүниеге келген. 1966-1968 жылдары М.Әуезов атындағы драма театрының жанындағы екіжылдық театр студиясын театр артисі мамандығы бойынша бітірді. 1985 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірді. Сәкен театрында 1968 жылдан бері актер болып қызмет етіп келеді. Ол 1983-1986 жылдары және 2004-2012 жылдар арасында театрдың директоры болып қызмет атқарды.

3. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпаратты толықтырыңыз.

Кеңес Нарымбайұлы мықты басшы, қабілетті ұйымдастырушы, тәлімгер аға ретінде жас актерлар мен әріптестеріне үнемі үлгі көрсетіп келеді.

Осы жылдар ішінде 120 дан астам рольдерді сомдады. Көне грек, әлем, орыс, қазақ классиктерінің драматургиялық шығармаларында күрделі образдар галереясын жасап, көрермендер мен сыншылардан жоғары баға алды.

Ол 1986 жылы С.Жүнісовтың «Әліара» қойылымындағы бас кейіпкер В.И.Лениннің бейнесін сомдағаны үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына, 1996 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген артисі атағына ие болды.

Кеңес Нарымбайұлы – қабілетті драматург. Оның қаламынын туындаған бірнеше шығармасы республикамыздың көптеген театрларында қойылды. Жұмабеков Кеңес Қарағанды қаласында 1999 жылдан өткізіліп келе жатқан «Театр балалар әлемінде» атты балаларға арналған аймақтық театрлар фестивалінің ұйымдастырушысы, авторы. 2010 жылы Кеңес Нарымбайұлы қазақ драма театрының жанынан қуыршақ театрының ашылуына басшылық жасады.

5-САБАҚ. ҚАЗАҚ КИНОСЫ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Асанәлі Әшімов туралы ақпараттарды анықтаңыз.

Асанәлі Әшімов 1937 жылы Жамбыл облысы Сарысу ауданы Саудақент ауылында туған. Қазақтың Мемлекеттік Құрманғазы атындағы консерваториясының театр факультетін актер мамандығы бойынша бітірген. М. Әуезов атындағы академиялық драма театрының актері.

Ол әртүрлі рөлдерде ойнады. Мысалы: Әуезовтің «Абайында» Керім, «Еңлік-Кебегінде» Кебек, Шекспирдің «Юлий Цезарінде» Юлий Цезарь, М. Фриштің «Дон Жуанның думанында» Дон Жуан тағы да басқалар. Сахна шебері қазақ кино өнерін дамытуға көп еңбек сіңірді. Көрнекті актер отыздан аса фильмге түсті.

Ол актерлікпен қатар режиссер ретінде де танылды. М. Әуезов театры сахнасында «Амангелді», «Ақбілек» «Ревизор» спектакльдері мен «Қазақфильм» киностудиясында түсірген «Шоқан Уәлиханов», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» және «Тұзды көл жағасындағы үй» фильмдерін қойды.

А.Әшімов – «Шәкен жұлдыздары» халықаралық кинофестивалін ұйымдастырушы. Алыс және жақын

шетелдерде өтетін кинофестивальдердің қазылар алқасының мүшесі. «Майраның әні», «С любовью Ваш Асанали Ашимов» (2008) кітаптарының авторы.

Көрнекті актер – КСРО Халық артисі, КСРО, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының, «Отан», «Құрмет» ордендерінің иегері.

3. Мәтінді тыңдаңыз. Сауалнаманы толтырыңыз.

Аты-жөні: Ақан САТАЙ, жаңашыл режиссер, «Алтын Жұлдыз» жүлдесінің бірнеше дүркін иегері
Туған күні: 23 желтоқсан, 1971 жыл.

Туған жері: Қарағанды

Кәсібі: Актер, режиссер, продюсер

Оның режиссерлік фильмдері:

«Рэкетир» – 2007, «Адасқандар» – 2009, «Ағайындылар» – 2009, «Ликвидатор» – 2011,

«Жаужүрек мың бала» – 2012

Сүйікті жанры: Тарихи, драма, боевик, триллер

Тұсаукесері жоғары деңгейде өткен, жақсы жарнамаланған фильмі: «Жаужүрек мың бала»

4. Мәтінді екінші рет тыңдаңыз. Фильмдердің түсірілген жылын анықтаңыз.

«Рэкетир» – 2007, «Адасқандар» – 2009, «Ағайындылар» – 2009, «Ликвидатор» – 2011,

«Жаужүрек мың бала» – 2012

6-САБАҚ. КОНЦЕРТТЕ

2. Ақпартты тыңдаңыз және кестені толтырыңыз.

2014 жылдан бері Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Мәдениет министрліктерінің бастамасымен «Ресей-Қазақстан – ХХІ ғасыр» атты өнер фестивалі дәстүрлі түрде өтуде. Былтырғы жылы өткен фестивалге еліміздің атынан «Астана Опера» балет театры барды. Биылғы жылы Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестігінің Тәттімбет атындағы Академиялық халық аспаптар оркестрі қатысты.

Оркестр белгілі күйші Тәттімбеттің 200 жылдық мерейтойына байланысты дайындаған концерттік бағдарламасының атауын «Сарыжайлау» деп атады. Олар осы бағдарламамен Санкт-Петербург қаласында өнер көрсетті. Бұл концерт Тәттімбеттің «Сарыжайлауы», Құрманғазының «Серпері», Түркештің «Көңілашары» және басқа да қазақ композиторларының шығармалары орындалды. Жеке орындаушылар да өз өнерін көрсетті. Концерттік бағдарлама залдағы көрермендерге өте ұнады.

Академиялық оркестрдің репертуары өте бай. «Абай» және «Қыз Жібек» операларының концерттік варианты, Бизенің «Кармен-сюитасы», Г.Свиридовтің «Курские песни» кантатасы, А.Хачатурянның «Маскарад» спектакліне вальсі, К.Күмісбековтің «Аманаты», И.Штраустің «Түрік маршы», Л.Бетховеннің «Эгмонт» т.б шығармалар бар.

3. Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

«Шалқыма» концерт залының акустикасы өте тамаша. Осы сахнада ән шырқаған артистердің барлығы да концерт залының акустикасына қызығады. Англиядағы байқауда өнер көрсеткен скрипкашы Юрий Башмет: «Ондай конкурстарды осында, «Шалқымада» өткізу керек қой», - дейді. «Шалқыма» концерт залында 414 орын бар.

7-САБАҚ. МЕНІҢ СҮЙІКТІ ӘНШІМ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Бос орынды тотырыңыз.

Игорь БОРКО, Украина халық әртісі, Т.Шевченко атындағы Ұлттық опера және балет театрының солисі:

Нұржамалмен осыдан 14-15 жыл бұрын Шаляпин фестивалінде таныстым. Ол Дж.Пуччинидің «Богема» операсындағы Мимидің партиясын орындады. Біздің арамызда шығармашылық байланыс бар. Голландия, Германия, Ресей сахналарында бірнеше рет бірге өнер көрсеттік. Оның ерекше тембріне қызығамын. Дауысын тыңдай бергің келеді. Нұржамалдың әні бұлбұлдың үніндей.

Филип БАНДЖАК, Париж Ұлттық театрының солисі:

–Нұржамалдың тыңдармандарды өзіне бірден баурап алады. Оның сахнадағы энергиясы ерекше. Оның былтыр Прага қаласында өткен концертте орындаған ариясы әлі күнге дейін есімде. «Астана Опера» сахнасында Нұржамалмен бірге ән шырқағаным өте қуаныштымын.

3. Нұржамал туралы пікірлерді екінші рет тыңдап, кестелерді толтырыңыз.

Игорь БОРКО, Украина халық әртісі, Т.Шевченко атындағы Ұлттық опера және балет театрының солисі:

Нұржамалмен осыдан 14-15 жыл бұрын Шаляпин фестивалінде таныстым. Ол Дж.Пуччинидің «Богема» операсындағы Мимидің партиясын орындады. Біздің арамызда шығармашылық байланыс бар. Голландия, Германия, Ресей сахналарында бірнеше рет бірге өнер көрсеттік. Оның ерекше тембріне қызығамын. Дауысын тыңдай бергің келеді. Нұржамалдың әні бұлбұлдың үніндей.

Филип БАНДЖАК, Париж Ұлттық театрының солисі:

–Нұржамалдың тыңдармандарды өзіне бірден баурап алады. Оның сахнадағы энергиясы ерекше. Оның былтыр Прага қаласында өткен концертте орындаған ариясы әлі күнге дейін есімде. «Астана Опера» сахнасында Нұржамалмен бірге ән шырқағанымға өте қуаныштымын.

4. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

Жақында «Қазақстан» арнасынан «Музарт» тобы жаңа жобасын ұсынады. Жобаның атауы – «Muzart lafe». Бұл жоба үш кезеңнен тұрады. Біріншісі – іріктеу кезеңі. Екінші кезеңде «Музарт» тобы бес аймақтық іріктеуге кіріседі. Аймақтық іріктеу Атырау, Семей, Астана, Шымкент және Алматы қалаларында өткізіледі. Екі кезеңнен өткен 60 үміткерге жобаға қатысу үшін жолдама беріледі.

«МузАРТ LIVE» музыкалық тележобасына 16-дан 25 жасқа дейінгі аралықтағы бозбалалар мен бойжеткендер қатысады. Үміткерлердің музыкалық білімінің болуы шарт емес. Ең басты талап – қатысушы мемлекеттік тілде ән айта білуге міндетті.

Тележоба жүргізушілері – белгілі актер Азамат Сатыбалды, тележүргізуші Нұрсұлтан Ес-жан және журналист Дина Төлепбергелі. Байқаудың продюсері – Ренат Гайсин.

V МОДУЛЬ. АС. КИІМ. ТАЛҒАМ

1-САБАҚ. АСУЙ БҰЙЫМДАРЫ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

Сіз табаны қалай таңдайсыз?

Таба әртүрлі материалдан жасалады. Алюминийден жасалғандар жылуды жақсы өткізеді. Ең ұзақ уақытқа жарамдысы шойыннан жасалған нұсқа. Оның басты кемшілігі – салмағының ауырлығы. Олар ұзақ уақыт қызмет етеді, бірақ бағасы басқаларға қарағанда қымбаттау.

Табаның бағасы жасалынған материалына, қақпақтың қалыңдығына, сапасына байланысты. Бренд компаниялардың бағасы қымбат ыдыстары қожайынын ұзақ уақыт бойы қуантады. Дәмді тағамдар жасау үшін жақсы көмекші болады. Сондықтан арзанға таба алудың қажеті жоқ. Жыл сайын ауыстырмайтын қымбат ыдыс алған дұрыс. Оны бірнеше жыл бойы пайдаланасыз. Мамандар құймақтарға арналған «Мега», қуыруға арналған «Prima», тереңдеу Amoret», «Zenit» табаларын алуға кеңес береді.

Таба алушыларға екінші кеңес. Табаның қақпағы да үлкен рөл атқарады. Қақпақсыз таба – бассыз адам секілді. Қазіргі кезде әйнек қақпақтар кең таралған.

2-САБАҚ. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

Фаст-фуд тез әзірленетін тамақ деген мағынаны береді. Мамандардың айтуы бойынша, фаст-фуд балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына зиян келтіреді. Фаст-фуд тағамдары: гамбургерлер, чипсілер және пицца. Өкінішке орай, олар біздің балаларымыздың сүйікті тағамдары болып отыр. Артық салмақ, гастрит және әлсіздік – осы тағамдардың жегеннен пайда болады.

Қазіргі уақытта бигмак, шаурма, сэндвичтер, чебуректер, пицца, чипсы, қуырылған картоп және түрлі газдалған сусындар көп. Бірақ, олардың сапасы мен құрамында не бар? Оны көпшілік біле бермейді. Бұл тағамдар да фаст-фуд қатарына жатады. Фаст-фуд тағамдарын біреулер күнде пайдаланса, кейбіреулер анда-санда ғана пайдаланады.

Сізге денсаулық керек болса, фаст-фудті пайдаланбаңыз.

3. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін бойынша ақпараттарды анықтаңыз.

Қазақтың ұлттық дастарханында болатын негізгі тамақтардың түрлері: ет тағамдары, сүт тағамдары және нан тағамдары. Ұлттық тағамның кейбір түрлеріне тоқталайық. Мысалы, айран – жеңіл және сусындық тағам. Ол денсаулыққа өте пайдалы. Ал қуырдақ еттен жасалады. Қуырдаққа еттен басқа өкпе-бауыр қосып жасайды. Қуырдақтың түрлері көп: соғым қуырдағы, өкпе-бауыр қуырдағы, қарын қуырдағы.

Бауырсақ – шай дастарханының басты асы. Бауырсақ ең жоғары сапалы ұннан май, су, тұз, ашытқы қосып жасалады. Қазақтың ұлттық бауырсағы әртүрлі пішінде болады. Бауырсақтың түрлері көп. Мысалы: бармақ бауырсақ, жол бауырсақ, ши бауырсақ, ақ бауырсақ, той бауырсағы т.б.

3-САБАҚ. ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

Әлем елдеріндегі қонақ күту дәстүрі

Жапондықтарда «Қонаққа қол сыйлық әкелу үшін берілген» деген салт бар. Олар сыйлық қандай болса да, «Аз да болса көптей көріңіз» деп береді. Үй иелері сізге де сыйлық дайындап қоюы мүмкін.

Ал Иранда үй иесі қонаққа үш рет тамақ ұсынуы керек. Ал қонақ үш рет бас тартуы тиіс. Содан кейін ғана тамақ алады.

Малайзияда қонаққа міндетті түрде кофе, шәй және тәттілер ұсынылады. Бірақ үй иесі арнайы

ұсынып айтпаса, дастарханға қол тигізу мәдениетсіздік болады.

Боливияда қонақ күту салты тіпті қызық. Қонақ болып барсаңыз, сіз жалғыз тамақ ішесіз. Ал ортақ дастарханға тек жақын адамдар ғана отырады екен. Бұл қонақты тіпті де ренжітпеуі тиіс, себебі бұл дәстүр қонаққа деген ерекше құрметті көрсетеді.

3. Мәтінді тыңдаңыз. Қонақ күту ережелерін анықтаңыз.

Сонымен, қонақтар шақырылды. Енді дастарқан жабдығын дайындайсыз. Қонақ күткенде үй иелері әдемі киініп, мерекелік көңіл-күйде жүруі тиіс. Келесі кезең – қонақтарды дастарханға жайғастыру. Қонақтарды жайғастырғанда үлкен адамдарды төрге шығарып, сонымен қатар көршілер бір-бірімен ортақ әңгіме таба алатынын ескеріп, ерлі-зайыптыларды бірге отырғызуды ойластыру керек. Қонақтарды толық жабдықталған, дайын үстелге отырғызу шарт. Дастархан мен майлық та таза, әдемі әрленген болуы қажет. Отырыс кезінде қонақтарға тамақ же деп ұсынуға болады, бірақ мәжбүрlemeу керек. Үй иелері қонақтарының жайлы отырып, тойымды тамақ ішіп, әдемі әңгіме айтып қайтуына бар жағдайды жасауы керек.

4. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырыңыз.

Жапон тарихшысы Окакура Какудзо: «Адамзаттың бір-бірімен дастарқан басында бір шыны шай ішу арқылы тіл табысқаны – таңғаларлық жағдай», – деп жазған еді. Әлемдік мәдениеттен үлкен орын алатын шай – қазақ халқы үшін ең сүйікті сусын. Қазақтардың шайды қалай ішетіні туралы XIX ғасырдың орта шенінде тағы бір жапондық зерттеуші М.Киттар былай деп жазған: «Қазақтар шай ішкенде уақыт та, орын да таңдамайды. Кез келген тамақтан бұрын да, кейін де шай іше береді». Қазіргі кезде қазақтың бір күнін сүт қосылған ыстық қызыл күрең шайсыз елестету қиын. Етпен бірге шай, шайдан кейін де шай іше беретін қазақ бір қонағын, тіпті кіріп-шыққан көршісін шай бермей жібермейді. Шай дастарқанына барлық тәтті тағамдарын қояды. Әлемде шайды көп ішетін елдер арасында жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, адам басына шаққанда әр қазақ жылына 1,2 келі шай ішеді екен.

4-САБАҚ. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ

2. Мәтінді оқыңыз. Дизайнердің өмірбаянын жазыңыз.

Ұлттық киімді жандандырып, бүгінгі заман талғамына сай киімдерімен танылған белгілі сәнгер Аида Қауменованы отандастарымыз ғана емес, шетелдіктер де жақсы таниды. 2010 жылы Аида Қауменова «Алтын сапа» президенттік сыйлығын алса, 2013 жылы «Люкс класының отандық дизайнері» аталымы бойынша «Luxury Lifestyle» халықаралық сыйлығының лауреаты атанды. Ұлттық, этникалық стильді жаңғыртып жүрген сәнгер «Kazakhstan Fashion Week» және басқа да шетелдік сән апталықтарына үнемі қатысып, көпшіліктің құрметіне бөленіп жүр. Ол өзі туралы былай дейді:

– Мен оқу бітіргенде Алматы технология университетінің тігін өнімдерін құрастыру-сәндеу факультетіне түстім. Университетте оқып жүргенде, Санкт-Петербург қаласында өткен «Адмиралтейская игла» атты халықаралық бәйгеге қатысып, Алматыдағы «Шығыс маусымы» фестивалінде де жүлделі орындарға ие болдым. 2001 жылы Алматы технология университеті мен Италия Сән мектебінің біріккен жобасының жеңімпазы атанып, Италияның Урбино қаласындағы «Schola di Carlo Vo» сән мектебінде білім алдым. Олардың өз киім үлгілеріне ұлттық ерекшелікті үйлестіретіні мені таңғалдырды. Сол жақта жүргенде «Мен неге ұлттық ерекшеліктеріміз сақталған киім үлгілерін тікпеймін?», деп ойлады. Оқу бітіріп, елге оралған соң Батыстық сән үлгілерінен кем түспейтін, ұлттық нақыш сақталған киім тігуді қолға алуды мақсат еттім. Мен киім үлгілері арқылы қазақ қызына тән инабаттылық, ұяңдық, ата дәстүрге деген құрметті көрсеткім келді.

5-САБАҚ. ҚАЗАҚ СӘНГЕРЛЕРІ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Рейтинг бойынша үздік елдерді анықтаңыз.

Boredpanda.com порталы әлем халықтарының үйлену киімдерін салыстырып, рейтинг жасады. Сол рейтинг бойынша қазақтың шапаны мен сәукелесі ең тартымды ұлттық киім ретінде үздік бестікке кіріп отыр. Төртінші орынға Гана халқының ұлттық киімі лайықты деп танылса, үшінші орынды – украиналық Карпат алған. Екінші орында – Нигерия халқының ұлттық костюмы тұр. Үндістанның ұлттық киімі бірінші орынға лайықты деп танылған. Осылайша, қазақтың үйлену тойына арналған ұлттық киімі халықаралық деңгейдегі мамандардың назарын аударып, көпшілікті қызықтырып отыр.

3. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

Ең көп сұранысқа ие қазақстандық брендтер

Бүгінде қазақтың ұлттық киімі мен зергерлік бұйымдары үлкен сұранысқа ие.

Назарларыңызға қазақстандық брендтер тізімін ұсынамыз.

Аида Қауменова сән үйінің киімдері сапасы жағынан үздік еуропалық брендтермен бәсекеге түсе алады. Елімізде өтетін Kazakhstan Fashion Week сән апталығында жылына 2 рет киім үлгілерін көре-

рмендеріне ұсынады. 2010 жылы Аида Қауменова Астанада өткен «Алтын Сапа» сапа саласындағы «Қазақстанның үздік тауары» Президент сыйлығының лауреаты атанды. Сән үйі 2008 жылғы Пекиндегі жазғы Олимпиадаға қатысушы спортшыларға киім үлгілерін дайындаған.

Динара Абдуллинаның «SAMIDEL» қазақстандық бренді еліміздің сән саласына жаңадан қосылды. Олар ұсынатын киімдерде этникалық өрнектерге назар аударылады. «Этногипноз» деп аталатын соңғы топтама 2015 жылғы Сән апталығында ерекше топтама ретінде танылды.

«AMINA JEWELS Kazakhstan» компаниясы Қазақстанның ең алғашқы балалар зергерлік бренді ретінде танымал. Оның басшы – шымкенттік тележүргізуші. Әмина Шоқпарова. Компания қазақтың небір керемет ұлттық әшекейлерін шығарады. Әмина Шоқпарова – қалалық «Кәсіпкерлік саладағы жетістігі үшін» байқауының жеңімпазы.

6-САБАҚ. СҰЛУЛЫҚ САЛОНЫНДА

2. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

«Баян сұлу» сән салоны – қаламыздағы ерекше сән орталықтарының бірі. Олар шашты сәндеу, креативті шаш үлгілерін жасау, қол-аяқ күтімдері, массаж бен татуаждың түрлері, косметологиялық қызмет түрлерін ұсынады. Бір жыл уақыт ішінде үлкен жетістікке жетті.

Өз тұтынушылары сән салонының мамандарына үнемі алғыс айтады.

Жақында клиенттер арасында 1 жылдық мерекеге орай ұтыс ойынын өткізді. Оған түрлі косметикалық құралдар, асханаға, шаш күтіміне қажетті заттар айналды. Көптеген қатысушылар ұтыс ойынына қатысып, әртүрлі заттарға ие болды. Бұл сән салоны әрқашан тұтынушыларын қуантуға асығады.

3. Хабарландыруды тыңдаңыз. Бос орынды толтырыңыз.

Қарағанды технология колледжі оқуға шақырады

Мамандық атауы: Шаштараз-модельер:

Оқу мерзімі: 9 сынып бітірушілерге - 2 жыл 10 ай; 11 сынып бітірушілерге - 10 ай

Арнайы оқытылатын негізгі пәндер:

-Шаш үлгілерінің тарихы;

-Күнделікті қызмет көрсетудің кәсіби этикасы мен мәдениеті;

-Шаш үлгілерін көркем безендіру және модельдеу;

-Шаштараз жұмысының технологиясы;

-Постиж (табиғи және жасанды шаштардан париктер жасау)

Оқу ақысы: 9 сынып бітірушілерге – жылына 110 мың теңге; 11 сынып бітірушілерге – 140 мың теңге.

Мүмкіндіктері: колледжді жақсы бітірген студенттерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігі бар.

VI МОДУЛЬ ЕЛТАНЫМ

1-САБАҚ. МЕНІҢ ЕЛІМ – ҚАЗАҚСТАН

2. Мәтінді тыңдаңыз. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

1. Қазақстан – тюльпан мен алманың отаны.

2. Медеу – әлемдегі ең биік орналасқан мұз айдыны.

3. Қазақстан – табиғат қорларымен бай мемлекет.

4. Қазақстан мұнай өндіруден 8 орын алады.

5. Астық экспортынан Қазақстан алдыңғы орында.

6. Қазақстан жылына 40 елге астық экспорттайды.

7. Қазақстандағы Байқоңыр космодромы – әлемдегі ең үлкен космодром.

3. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін бойынша бос орынды толықтырыңыз.

Қызғалдақ – көпжылдық өсімдік. «Тюльпан» негізінен түрік сөзі, бас киім деген ұғымды білдіреді. Түріктерде «Тюрбан» деп аталатын қызғалдаққа ұқсас бас киім бар екен. Осы уақытқа дейін қызғалдақтың отаны – Голландия болып саналатын. 2001 жылы Алматы қаласында «Қызғалдақ және адам» атты халықаралық фестиваль өткізілді. Осы фестивальда қызғалдақтың бірінші отаны – Қазақстан, ал екінші отаны – Голландия деп хабарлады. Нидерланд елінің ханшайымы Беатрис Елбасымызбен кездесуде: «Ұлы Жібек жолы Еуропа мен Азияны жалғастырса, қызғалдақ Қазақстан мен Голландияны және басқа да елдерді жалғастырды. Қызғалдақтың Сіздің елде кездеспейтін жері жоқ екеніне көзіміз жетті. Қызғалдақ әлем елдеріне Қазақстаннан таралғаны дәлелденіп отыр. Сондықтан қызғалдақтың отаны – Қазақстан», – дейді.

2-САБАҚ. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ-МЕНІҢ ТІЛІМ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

Қазақтың Герағасы

Мені Солтүстік Қазақстан облысындағы Ленин ауылының қазақтары өсірді, тәрбиеледі. Өзім Поволжья жерінің Энгельс қаласында тудым. Отбасымыз Қазақстанға Саратовтан жер аударылып келді. Өкем

ауылда дәрігер болды. 1941 жылы қазақ ауылына келіп түскен жалғыз неміс отбасы едік. Көшіп келгеннің ертеңінде аулаға шықтым. Қазақ балаларының айтқан сөзін түсінген жоқпын, бірақ бірінші күні үйге шамамен 20 сөз үйреніп қайттым. 5-сыныпта қазақ тілін өте жақсы білдім. Мектептің қазақ-орыс тіліндегі қабырға газетін шығардым. Мектепте оқығанда «жазушы боламын» деп армандадым. Қазақ тілін меңгеріп, Алматыдағы педагогикалық институттың филология факультетіне түстім. Аспирантура бітіріп, «Жұлдыз» журналында жұмыс істедім.

Қазақ тілінің құдіретін, байлығын, көркемдігін жақсы түсінемін әрі оны қашанда айтып жүремін. Басқа жұртқа түсіндіремін, мақала жазамын. Қазақ тілі үшін барымды беруге дайынмын. Қазақ тілі кең байтақ даласы сияқты шексіз, 2 млн-нан астам сөздік қоры бар.

Қазақ халқының бойынан жақсы қасиеттердің барлығы табылады. Қонақжайлылығы, кеңпейілділігі, ақкөңілділігі т.б. Қазақ ауылында өскенімді бәрі біледі. Мені қазақтар ешқашан ренжіткен емес. Бәрі Герольд демей, «Гера, Геражан» деп атайтын, ауылдың сүйіктісі болдым. Менің жақсы адам болып қалыптасуыма қазақтар көп еңбек сіңірді. Той-томалақтан қалмадым. Шалдар тәттінің дәмдісін маған беретін. Менің жүрегімді мейірімділікке толтырған, ыза-кек, қызғаныш, өшпенділік дегеннен аулақ сақтап қалған осы «қазақ ауылы» болды деп ойлаймын. Мен қазақтың алдында осы үшін де қарыздармын!

3-САБАҚ, ТУҒАН ЖЕРДІҢ ЖЕРІ ДЕ КӨРІКТІ, ЕЛІ ДЕ КӨРІКТІ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды анықтаңыз.

Астананың көрнекті орындарының бірі – «Бәйтерек» монументі. «Бәйтерек» асқақ әрі әсемдігімен жұртты қызықтырады. Монумент идеясының авторы – Н.Назарбаев. Халық ұғымында бәйтерек – жай ағаш емес, өмір ағашы, мәңгілік символы. Оның тамырлары тереңде, бұтақтары биікте болады. Аңыз бойынша бәйтерек ағашы дүниенің үш деңгейін көрсетеді: жер асты, жер үсті және аспан әлемі.

«Бәйтерек» монументінің жалпы биіктігі – 105 метр. Монументтің жер астындағы бөлігінде дәмхана, аквариумдар және шағын галерея орнатылған. «Бәйтерек» ағашының діңімен шотлу лифтілері арқылы көтерілгенде алып шарға келесіз. Бұл – монументтің көктегі деңгейі. Мұнда панорама залы орнатылған. Осы жерден елорда келбетін анық көре аласыз. Панорамалық зал ортасында «Аялы алақан», «Бата» композициялары тұр. «Аялы алақанда» Елбасының оң алақаны берленген. Келушілер «Аялы алақанға» қолын қойып, тілек тілейді.

3. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпаратты толықтырыңыз.

Астана қонақтары міндетті түрде тамашалайтын орын – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің музейі. Бұл музей — Қазақстанның жаңа тарихының музейі. Ол Президенттің 2004 жылғы 28 тамыздағы Жарлығымен құрылды. Қазіргі күні музей қорын, кітапхана және мұрағат қорын қосқанда, музейдегі жәдігерлер, кітаптар мен құжаттар саны 114 140-ге жеткен.

Музейде барлық деңгейдегі білім беретін оқу орындарымен, қоғамдық бірлестіктермен, шет елдер елшіліктерімен бірлесіп әртүрлі шаралар өткізіледі. Атап айтқанда, дәріс-экскурсиялар, дәрістер, көрмелер, дәстүрлі емес кездесулер, пікірталас клубтары отырыстары, тұсаукесерлер, басқа да шаралар.

4-САБАҚ. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпаратты анықтаңыз.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері үлкен жетістіктерге қолын жеткізді. Соның бірі –

Елбасының бастамасымен Астана қаласында «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры салынды. «Астана Опера» – орталық Азиядағы теңдессіз мәдени ғимараттардың бірі. Елбасы мемлекеттік опера және балет театрында болып, «Біржан-Сара» операсының премьерасын тамашалаған сәтте:

– Ең алдымен, мен сәулетшілер мен құрылысшыларға алғыс айтамын. Жаңа театр – Орталық Азиядағы ең үлкен өнер шаңырағы. Бұл – бүкіл еуразиялық кеңістіктегі соңғы жылдары салынған бірден-бір классикалық театр. Бұл – әлемдегі техникалық жағынан ең жетілдірілген театрлардың бірі. Осы тарихи сәт әлемдік опера өнерінің жылнамасына енеді.

3. Мәтінді тыңдаңыз. Дұрыс-бұрысын белгілеңіз.

Мәдениеттегі жетістіктер

Тәуелсіздік жылдары айтыс өнері дамыды. Мәдениет пен ғылымда, өнер мен әдебиетте орны бар Абай Құнанбаев, Құрманғазы Сағырбайұлы, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Жамбыл Жабаев, Мағжан Жұмабаев және басқа да тұлғалардың мерейтойларына арналған фестивальдар өтті.

1995 жылы қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті. 2000 жыл – мәдениетті қолдау жылдары болып жарияланды. Елбасының тікелей бастамасымен мәдениетті қолдау жылы аясында ескірген кітапханалар мен мәдени орындар қайта салынды.

Мәдениет туралы сөз еткенде кино өнеріне тоқталмай өтуге болмайды. Көп жылдан бері Алматы қаласында дәстүрлі түрде «Еуразия» халықаралық кинофестивалі өткізіледі. Film Guide» - «Халықаралық Киногид» басылымы «Еуразияны» әлемнің 35 көшбасшы кинофестивалі қатарына қосты.

2003-2005 жылдарда қазақ-американ кинематографистері (Голливуд, Қазақфильм) «Көшпенділер» кинофильмін түсірді. Бұл алғашқы маңызды халықаралық жоба еді.

5-САБАҚ. ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ПРЕЗИДЕНТІ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпараттарды толықтырыңыз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев – әлем көшбасшыларының арасында спорттың бірнеше түрімен айналысатын бірден-бір президент. Мемлекет басшысы ел спортына қамқорлық жасайды және өзі де салауатты өмір салтын ұстанады.

Оның спортқа деген қызығушылығы балалық шағында басталған. Украинада оқып жүргенде клас-сикалық және еркін күреспен қатар айналысқан.

Қазіргі кезде үлкен теннис аса қызығушылық танытады. Қазақстан Теннис Федерациясының президенті Болат Өтемұратов: «Нұрсұлтан Әбішұлымен үнемі теннис ойнаймыз. Ол кісі әсіресе оң қолмен тамаша ойнайды. Оң қолмен ұрған добын қабылдау өте қиын». – деген болатын. Елбасы өзі теннис ойнауды 40 жастан асқаннан кейін бастағанын айтады. Президент шаңғы спортын да жақсы көреді. Әсіресе, тау шаңғысына қатты қызығады. Шымбұлаққа жиі барып тұрады. Елбасы тауда шаңғыны алғаш рет 55 жасында тепкенін айтады. Бірақ тез үйреніп алған.

Гольф – еліміз үшін танымал спорт түрі емес. Дегенмен Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында Қазақстанда қызығушылықтың артып келе жатқаны рас. Елбасының басшылығымен гольф-клуб салынды.

Елбасы бала кезден атқа мінгенді жақсы көреді. Президенттің бұл спорт түріне деген қамқорлығының арқасында Қазақстан ат спортынан бірнеше халықаралық жарыстарға қатысты.

Волейболды Нұрсұлтан Назарбаев жас кезінде ойнаған. Қазір әлемдегі №1 спорт түріне, футболға, үнемі қамқорлығын көрсетіп отырады. Қазақстан футбол федерациясының құрметті президенті.

6-САБАҚ. ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН ӨНІМ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Ақпаратты анықтаңыз.

ҚР Инвестициялар және даму министрлігі агенттігінің тапсырмасы бойынша елімізде жасалған өнімдердің логотипін жасауға байқау жарияланған болатын. Конкурса Республика бойынша 200-ден аса сызба келіп түскен. «Қазақстанда жасалған» ең үздік логотипі конкурсында қарағандылық дизайнер жеңімпаз атанды. Ол – «Аврора» жарнамалық агенттігі» ЖШС графикалық дизайнері Екатерина Рукшенен.

7-САБАҚ ҚАЗАҚСТАН ДОСТЫҚ МЕКЕНІ

2. Мәтінді тыңдаңыз. Кездесуге қатысушы этномәдени бірлестіктерді анықтаңыз.

Кездесу мақсатының артығын сызыңыз.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында Н.В. Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында «Қазақстан-достықтың киелі бесігі» атты кездесу болды. Бұл кездесудің басты мақсаты – облысымыздағы этномәдени бірлестіктер қызметімен таныстыру, олардың ұлттық салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға және жас ұрпақты ұлтаралық келісімді сақтауға тәрбиелеу.

Кездесуге «Дакия» румын мәдени қоғамы және «Казачья вольница» қоғамдық бірлестіктері, «Видергербурт» неміс орталығы, «Полония» поляк қоғамы, «Идел» татар және татар-башқұрт қоғамдық бірлестігі, Т.Шевченко атындағы «Рідне слово» украин тілі серіктестігі қатысты.

Осы кездесуде этномәдени бірлестіктер өкілдері өз өнерлерін көрсетті. Концерттік бағдарламаны «Видергербурт» неміс орталығының би ансамблі ашты. Музыкалық сәлемдемені «Казачья Вольница» халықтық ансамблі жалғастырды. Румын мәдени қоғамының әншісі ән шырқады. Ал Т.Шевченко атындағы «Рідне слово» украин тілі серіктестігінің мүшелері қазақ тілінде ән айтты.

Біздің басты қызметіміз бірлікті, этносаралық келісімді, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мен дамытуға бағытталған. Бастамаларымыз қолдау тауып, еңбегіміз осылай бағаланып жатыр, - дейді «Казачья Вольница» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Семен Раков.

Кеш соңында кітапхана қызметкерлері келушілерді «Біздің байлығымыз - бірлікте» атты кітап көрмесімен таныстырды.

Пайдаланған оқулықтар мен әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. – Астана: 2010. – 37 б.
2. ҚР СТ 1928-2009 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру. – Астана
3. Қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама. – Астана, 2012. – 52 б.
4. Қазақ тілін базалық деңгейде меңгерудің деңгейлік-тақырыптық лексикалық минимумы. Базалық деңгей. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 54 б.
5. Қазақ тілі. Базалық деңгей: Оқулық. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012. – 210 б.
6. Қазақ тілінің грамматикалық анықтағышы. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012. – 308 б.
7. Тіл-құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін. Базалық деңгей. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011. – 270 б.
8. Сыздықов М.Ж., Нұрғалиева Т.Н., Жақанова Ж.Р., Жұмагелдина Д.М., Қызалғышева А.А. «Сарыарқа». Қазақ тілі: Мемлекеттік қызметшілерге арналған оқу құралы. – Қарағанды: «Черемухина Н.И.» ЖК, – 2010. – 220 б.
9. Күзекова З. Қазақ тілі. Тілді оқып-үйренудің бастапқы кезеңіне арналған жаттығулар жинағы. – Алматы: 2005. – 159 б.
10. Күзекова З. Қазақша сөйлейміз. Оқу құралы. – Алматы: 2010. – 228 б.

11. Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері, – Астана: 2008. – 160 б.
12. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мұрагер, 2005. – 173 б.
13. Ерназарова З.Ш., Тілешов Е.Е., Тұрлыбекова Ж.А., Каюпова Ұ.К. Мемлекеттік қызметшілерге арналған үш деңгейлік оқу құралы. – Алматы: 2010. – 352 б.
14. Жұманова С.С., Мұтанова Қ.Ғ. Қазақ тілі. Тілдарын: әдістемелік нұсқау (А1) – Астана: 2012. – 104 б.
15. Түймебаев Ж.Қ., Қадашева Қ., Асанова У.О. «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің Негізгі оқулығы (қарапайым деңгей) – Алматы: 2013. – 180 б.
16. Әлімбек Г. Орыстілділерге арналған қазақ тілі. – Астана: 2010. – 172 б.
17. Мадиева Т. Бастауыш топқа арналған жаттығулар жинағы. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. – 256 б.
18. Бектурова А.Ш., Бектуров Ш.К. Казахский язык для всех. Алматы: 2004 – 720 б.
19. Интернет ресурстары (Alashainasy.kz, Baq.kz, inform.kz, massaget.kz)

